



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**



**М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**«Jastar jylyna» арналған
«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ – 2019»
атты VI халықаралық студенттік
ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**



МАТЕРИАЛЫ

**VI международной студенческой
научно-практической конференции
«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА-2019»,
посвященной «Jastar jyly»**

III

Петропавл, 2019 ж.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

«Jastar jylyna» арналған
«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ – 2019»
атты VI халықаралық студенттік
ғылыми-тәжірибелік конференцияның


МАТЕРИАЛДАРЫ

(12 сәуір)

МАТЕРИАЛЫ

VI международной студенческой
научно-практической конференции
«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА-2019»,
посвященной «Jastar jyly»

(12 апреля)



Петропавл, 2019 ж.

УДК 378 (063)

ББК 74.58

М 75

*Издается по решению Научно-технического совета
Северо-Казахстанского государственного университета
им. М. Козыбаева (протокол №8 от 24.04.2019 г.)*

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

Омирбаев С.М., ректор СКГУ им. М.Козыбаева - председатель.

Ибраева А.Г., проректор по науке и инновациям - заместитель председателя.

Сабиева Е.В., к.ф.н., доцент, директор Института языка и литературы.

Иманов А.К., к.п.н, доцент, декан педагогического факультета.

Пашков С.В., к.г.н., доцент, декан факультета математики и естественных наук.

Валиева М.М., к.э.н., доцент, декан факультета истории, экономики и права.

Шаяхметова А.С., к.с/х.н., доцент, декан агротехнологического факультета.

Курмашев И.Г., к.т.н., доцент, декан факультета инженерии и цифровых технологий.

Добровольская Л.В., к.п.н., заместитель декана педагогического факультета по научной работе и менеджменту качества.

Гертнер Е.Г., м.п.н., заместитель директора Института языка и литературы по научной работе и менеджменту качества.

Мирошникова О.В., м.ю.н., заместитель декана факультета истории, экономики и права по научной работе и менеджменту качества.

Доскенова Б.Б., к.г.н., доцент, заместитель декана факультета математики и естественных наук по научной работе и менеджменту качества.

Савенкова И.В., к.с/х.н., доцент агротехнологического факультета по научной работе и менеджменту качества.

Хайруллин Б.М., к.т.н., заместитель декана факультета инженерии и цифровых технологий по научной работе и менеджменту качества.

Кадыров Ж.Т., к.ф.н., профессор, заведующий кафедрой «Казахский язык и литература».

Кошеков К.Т., д.т.н., профессор, заведующий кафедрой «Энергетика и радиоэлектроника».

Мисяченко С.В., к.ф.н., доцент, заведующая кафедрой «Русский язык и литература».

Шайкенова А.Ж., к.ф.н., доцент, заведующая кафедрой «Журналистика».

М 75 «Молодежь и наука - 2019»: Материалы VI международной студенческой научно-практической конференции «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА-2019», посвященной «Jastar jyly»: в 5-х томах. - Т. 3. - Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева, 2019. - 293 с.

ISBN 978-601-223-095-6

Т.3-2019.-293 с.

ISBN 978-601-223-111-3

В сборнике опубликованы материалы докладов VI Международной студенческой научно-практической конференции «Молодежь и наука - 2019», посвященной «Jastar jyly».

В статьях отражены основные результаты исследований, приведен анализ аналогов литературы, раскрыты основные вопросы теоретического и практического характера, отмечены актуальность, элементы новизны и практической значимости.

Основные направления научных работ, представленных во 3-м томе: «Актуальные вопросы истории, экономики и права»

УДК 378 (063)

ББК 74.58

ISBN 978-601-223-111-3 т. 3

ISBN 978-601-223-108-3 общ.

© СКГУ им. М.Козыбаева, 2019

ӘОЖ: 94 (574)

МӘНГІЛК ЕЛ БОЛАШАҒЫ - ЖАСТАР

Айтқұлова А., Дүкенбаева З.О., Талғатбек М.О.
(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!» деп,

Мағжан Жұмабаев өзі армандаған бостандық таңына қажырлы жастардың қолы жететініне сенім білдірген сұңғыла ойдың хас шебері келешек жас буынға ел тізгінін бере отырып, олардың рухтарын жігерлендіре түседі. Бүкіл Алаш жұртына, өз ұлтына ұран салған ақын қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, қоғамдық өміріне өз қолтаңбасын қалдырған, сұлу сөзден, өткір ойдан шаһар салдырған өлең өлкесінің ірі өкілі. Осындай теңдесіз таланттың таңдайына татып, жырына арқау болып, сеніміне ие болған біздер бақыттымыз-ау, сірә!

Тәуелсіздік алғалы міне – 28 жылдан аса уақыт болды. Егемен ел болған Қазақстанның алғашқы ұрпағы ат жалын тартқан азамат, елдің тізгінін ұстайтын халге жетті. Өткенге сәл шегініс жасап көретін болсақ, тәуелсіздіктің бірінші күні яғни 1991 жылдың 17 желтоқсанында Елбасының «Кең – байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік. Әсіресе, жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе дептілейік» - дегенінің өзінде елбасының көрегенділігімен Қазақстанның жарқын болашағына деген үлкен сенімі мен серпіліс берер салиқалы ойы ұштасып жатқаны бүгінде ақиқатқа айналды.[1,1] Елбасының бұдан кейінгі «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сөзі де әлі ықпалын жоғалтқан жоқ. Тіпті бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатын дана сөз болып қалары анық. Жастар – кез келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші. Бұл оймен дауласудың өзі артық. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында кездесетін «бәсекелестік», «білім», «ғылым», «тұтастық», «ұлттық код» сынды сөздердің жастар үшін маңызы зор. Себебі білімдінің мыңды жығар заманы келе жатыр. Сандық Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында. Себебі ХХІ ғасырдың ұрпағы сандық әлемге етене енбесе, Кеңестік кезеңнің дәмін татқан буынның икемі бірден келе бермейді. Басты талап меңгеру. Қай жағынан келсе де кез-келген саланы жіті меңгере отырып, жұмыс жасау. Мақалада көрсетілген орындалу керек міндеттердің бәрі дерлік жастар алдында тұрған міндеттер. Тіл үйрену, қабілетті болу, ел үшін тер төгу. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі - жастар секторы.

Жастар секторына Қазақстанда айрықша назар аударылады. Үлкен мүмкіндіктер, биік армандар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және Үкімет қазіргі толқынға, жастарға үлкен үміт артады. Осы тұста жақсы нәтиже беретін жүйелі тәсіл өте маңызды. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша қызметпен қамтамасыз ету Жас қазақстандықтар қазіргі таңда «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алуда, елімізде жоғары білім алу үшін білім гранттары бөлінуде. Жастарды түрлі саладағы қызметтермен қамту мәселесі бойынша бағдарламалар жүзеге асырылуда. Мысал ретінде, «Дипломмен ауылға», келісімшарттық негіздегі әскери қызмет (бүгінгі таңда Қазақстан Қарулы күштерінің жеке құрамының 70 пайыздан астамы келісімшарт негізіндегі әскери қызметте) және т.б. атап өтуге болады. Жыл өткен сайын жастар арасындағы жұмыссыздық қысқарып келеді. Ресми көрсеткіштерге сүйенсек, еліміздің 120 мыңға жуық жас тұрғындары бұл бағдарламаға қатысып, жұмыспен қамтамасыз етілген. Ескере кететін жәйт, бұл көрсеткіштің жартысынан көбі ауыл тұрғындары. Мемлекеттік бағдарламалар жастарды жұмыспен қамтып қана қоймайды, сонымен қатар біліктілігін арттыруға, мамандығын ауыстыруға, жаңа мамандықтарды игеруіне де көп көңіл бөледі. Елбасының тапсырмасы бойынша, осы жылдан бастап, мамандығы бойынша қызмет еткісі келетін адамға мемлекет барлық жағдайды тегін ұсынады. Бірінші кезекте, бұл шара жұмыссыз және өздігінше жұмыспен қамтылған жастарды қолдауға бағытталған. «Жастар практикасы», «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел» секілді бағдарламалар жастарды тұрақты және уақытша жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Жастардың билікке келуі, олардың сауаттылығы мен ел басқарудағы әрбір міндеттері маңызды рөл атқарады.

Әрбір қазақстандық жастар осы мақаладағы көрсетілген міндеттер мен тапсырмалар негізінде жұмыс жасауы керек. Қоғамдық сана жаңғыруының қозғаушы күшіне айналуға жоғары оқу орындарының ғылым, білім беру және жас ұрпақты тәрбиелеуде орны ерекше. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт», - делінген Елбасы мақаласында. Ұлт Лидері қойған негізгі міндет, осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында негізгі рөлде - жастарды бөліп қарастыру. Бүгінде, 3D-принтинг секілді жаңа технологиялар мен салалар, онлайн сатылымдар, мобильді банкинг, сандық қызметтер прогрессивті жастардың арқасында кең ауқымдағы даму үстінде. Себебі, жастар жаңашылдыққа ұмтылады, өзіндік бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тырысады. Мемлекеттік жастар саясатының жетістігінің өзіндік көрсеткіші ретінде республикамыз жеткен жетістіктерді айтуға болады. Мысалы, TIMSS рейтингі қорытындысында Қазақстан 2016 жылы мектептегі оқыту сапасы бойынша әлемдегі 15 үздік мемлекеттер қатарына енген. Біздің жастар академиялық білім деңгейі бойынша АҚШ, Англия, Германия, Австралия, Израиль, Швеция, Польша, Малайзия, Түркия, Италия және тағы басқа елдердегі замандастарынан озық. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыруы туралы айтады. Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы осы ойды ары қарай жалғастыра отырып, негізгі назарды қазақстандықтардың рухани саласы мен санасын үздіксіз үдерістер арқылы жаңғыртуға аударады. Біз бүгінде 18 миллион қазақстандықпыз. Тәуелсіз, әлем мойындаған мемлекетіміз бар. 18 миллион азаматтың әрқайсысы «бұл – менің елім» деп айтып, жай айтып қана қоймай, мақтанып, мақтанып қоймай, оны жан-тәнімен қорғайтындай жағдай жасауымыз керек. Біз кіміз? Ежелден келе жатқан тарихымыз, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз бар халықпыз. Соның барлығын тәуелсіз еліміздің игілігіне, құндылыққа айналдыруымыз шарт. Өйткені, Мәңгілік елге айналуымыздың бірден-бір жолы осы.[2,1]

Бүгінгі ұрпақ үшін рухани жаңғыру ұлттық қасиеттеріне ие болу және мәдениеттілікті, еңбек пен білімді иеленіп, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өміржолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу, сол арқылы мемлекетінің мүддесіне, ұлтының болмысына күш беру. Елбасы айтқандай, «Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады». Рухани жаңғыру ұлт пен оның өкілі жеке адамның кісілік табиғатына тәуелді. Ұлттық санада шынайылық, туралық, ұқыптылық орын алмаса әлеуметтік ортаның даму күші әлсірейді. Осы себептен тарихтың тәжірибесінен, уақыттың елегінен өткен құндылықтар сақталып, адамның қоғамдық ортадағы іс-әрекеті, қоғамдық психология сонымен реттеліп, кез-келген ел мүддесіне қажет нәрсе прагматикалық және реалистік принципте зерделенуі тиіс. Ұлттық код ұлттық болмыстың рухани көзі, тарихи негізі. Ұлттық код болмаса тарихи ақпараттар, мәдени құндылықтар ұрпақ санасында бірікпейді. Ұлттың игілігіне негізделген барлық тарихи және заманауи ақпараттар ұлттық код арқылы ұлттың зердесінде жинақталып, таратылып, өңделіп жүзеге асып отырады.[3,1] Қазақ хандарының заманында мемлекетті қалыптастырып нығайту, оны үнемі ел болып қорғап отыру ұрпақ міндетіне жүктелді. Сол кездегі ата-бабаларымыз өздеріне жүктелген міндетті ұлттық парыз деңгейінде түсініп қабілетті, білікті, есті, кемеңгер, ерік жігері мол жауынгер болуға ұмтылды. Жауынгерлікті адам мал мен пұлға сатып ала алмайды, ол ұлттық тәрбиемен, діни сауаттылықпен, баланың жастайынан ел тұрмысымен араласып ширығып өсуімен келеді. Осы себептен ата-бабаларымыздың батыр, би, шешен және тума талант өнер иесі болуында қазақ ұлтының тарихи өмір мен уақыт талабына ілесе білген қабілеті жатыр. Уақыт бір орында тұрмайды, заман алға жылжиды. Уақыт өрісіндегі заман болмысының ерекшеліктері мен белгілері ұрпаққа жүктелетін міндетіне тәуелді. Өз дәуірінің ел болашағымен біріктіретін міндетін дұрыс орындай білген ұрпақ қана мемлекетінің мүддесін сақтап, өзінен кейінгі буынға табыстап кетеді. Ұлттық қасиеттер болмаса ұрпақтың бірегейлікте өмір сүру ұстанымы қалыптаспайды.[4,1]

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын әрі қарай жалғастыру, жаңаша бағыттармен толықтыру менің ойымша жастарға тиесілі. Ол үшін жастар қауымының барлық бастамалары мен атқарған қызметтеріне қолдау керектігін ашық қарастыратын ауқымды іс-әрекет қажет. «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Биылғы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынамын», деді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті.

Қорытып айтқанда, Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында жазылғандай [5,1] егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде Мемлекет басшысының сарабал саясатының арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылды, соның ішінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының қалыптасу барысында жастарды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеудің тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, іске қосылды.[6,1]

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылғандай, біз өз отанымыз – Қазақ елі мен оның байырғы халқы – қазақ халқын, басқа өркениетті елдермен салыстыра отырып, тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан өркениет ретінде қарастыруымыз керек. Елбасының мақаласы отандық тарихты дамытудың жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсетеді. Бұл туынды Президентіміз айтып

кеткендей, оның «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының тікелей жалғасы болып табылады. Сондықтан біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақ болып, ұлттық өркениетті рухта тәрбиеленуіміз қажет. Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қоя біліп, еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасайды деп білемін! Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында!

Әдебиет:

1. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» 1999 жыл. 499 бет.
2. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы
3. «Қазақстан - 2050 стратегиясы» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
4. «2019 жыл – Жастар жылы» Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы жолдау
5. Н.Ә. Назарбаев «Тәуелсіздік дәуірі» Астана, 2017 жыл.
6. Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың 7 қыры» мақаласы
7. Сілтемелер: https://e-history.kz/kz/publications/view/2019_zhil_zhastar_zhili_4808

ӘОЖ 691.33

ҰЛТТАР ТАТУЛЫҒЫ - ҚАЗАҚСТАН БОЛАШАҒЫ

Абиялмажинова Г.Б.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

«Біз қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, Жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз. Асқақтаған жау болса, ордасын таптай білген елміз».

Қазыбек би.

Әлемде мыңнан астам халық тұрады. Олардың халық болып қалыптасуының өзіндік тарихи жолдары бар. Халық болып қалыптасу – бір ғасырдың ғана емес, бірнеше мыңдаған жылдарды қамтиды. Басынан көп қиындағын кешіріп осындай ұзақ қалыптасу кезеңдерін қазақ халқы да бастан кешірді.

Тіл қайда болса да қастерлі, құдіретті. Ол – қоғамның жемісі, болашақтың кілті, достықпен ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды. Ана сүтімен адамға еніп қалыптасады. Атадан балаға берілетін құнды, баға жетпес асыл мұра.[1].

Қазіргі таңда қазақ елінің кең-байтақ жері бар, көп ұлтты мемлекет. Қазақстан алуан түрлі ұлт өкілдерінің басын бір шаңырақ астында біріктіріп қана қоймай олардың болашағына нық сеніммен бастай білген дана да дара тұлға Нұрсұлтан атамыздай Елбасы басқарған кең байтақ даламызды бүгін де егемендіктің көк байрағы желбіреп тұр. Тәуелсіз Қазақстан елінің азаматтары еркіндіктің самал желімен тыныстап, бақытты да баянды өмір кешуде. Ұлы да, ұлағатты хандардың тізбегін жалғастырып, елін басқарып отырған Елбасымыздың мықты саясатының арқасында бүкіл дүниежүзі елдері Қазақстан деген біртұтас, беріктігі мызғымас қайсар халықтың бар екенін тани түсуде. [2].

1 наурыз – Алғыс айту күні. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1

наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойған болатын. «Былтыр Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясында айтылған менің ұсынысым жұртшылықтан кеңінен қолдау тапты. Сол іс-шарада елдегі түрлі этнос өкілдері бір-біріне және қазақ халқына алғыс тақырыбын қозғады. Биылғы қаңтарда мен тиісті жарлыққа қол қойдым. Алғыс айту күні - енді ұлттық күнтізбедегі Еңбек күні, Отбасы күні сияқты өзге де мерекелердің қатарындағы жаңа дата. Мен бұл мереке қазіргі уақытта аса қажет біздің қоғамдағы сенімді, келісім мен достықты бұрынғыдан да нығайта түсетініне сенімдімін», - деді Мемлекет басшысы.

Алғыс айту күні туралы Елбасымыздың тағы да бір асыл сөздерінен түсінуге болады: «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір-біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді», – деген болатын. Осы жерде өзімнің туған жерім ақиық ақын, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаевтың кіндік қаны тамған жерді айтқым келеді. 1989 жылы Көжекпаев Ерік Қаскейұлының қолдауымен Сарытомар орта мектебінің бір бөлмесінен Мағжан Жұмабаевқа арнап музей ашылды. Ол қазіргі күнде үлкен мұражай болып мектебіміздің жанында орналасқан. Сарытомар ауылында 200 адам тұрады. Кішкентай ғана ауылда қазақ, өзбек, қытай, орыс, татар халықтарының адамдары тұрады. Мен өз ауылымда 18 жыл тұрып ешқашан ұлтқа бөлінгенді көрмеппін, осының бәрі Нұр ағамыздың ерең еңбегінің арқасы. [3].

«Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы», - деп бекер айтылмаған, елімізде мемлекеттік тілі – қазақ тілімен қатар ресми тіл – орыс тілі еркін қолданылады. Осы туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа Жолдауында: «Көп ұлттылық пен көп тілділік еліміздің басты артықшылығы болып табылады. Қазақ тілі, біздің Конституциямызға сәйкес, мемлекеттік тіл болып табылады. Онымен бірдей мемлекеттік органдарда орыс тілі пайдаланылады.» Тарихтан белгілі саясаттың үрей дауылы соққанда 130-дан астам тілі, діні, ұлты басқа жат елден жаутаңдап келген жандарды құшағына сыйғызды. [4].

XV ғ. II жартысында қазақтардың басын біріктірген Керей мен Жәнібек бастаған қазақтар Батыс-Жетісудағы Қозыбасы деген жерде қазақ елінің туын желбіретіп, мәңгі іргесін қалады. 550 жылдан бері қазақ халқы басынан жүгі ауыр тауқыметті замандарды басынан кешірді. Басы ащы болса, аяғы тәтті болады демекші халқымыз, мемлекеттік дәрежеге жеткенше туған жерін тастап басқа жаққа асып кетпеді. Керісінше, жерімізді, халқымызды, ұлтымызды, жоғалтпаудың амалын жасап, дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы, іргелі ел санатына қосылды. Міне, осындай дәуірлеу, өркендеу, халық болып қалыптасу жолында қазақ халқын бірлікке, жұдырық болып жұмылуға шақырған, қазақ елінің керегесін кеңейтіп, біртұтас егеменді ел болуда аянбай еңбек еткен, есімдері қазақ халқында алтын әріппен жазылған азуы алты қарыс арыстандай айбарлы, әділдігі қара жерді қақ жарар данышпан хандарымыз, жүрегін түк басқан, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елін қорғаған батырларымыз, от ауызды, орақ тілді би-шешендеріміз, даңқты тұлғаларымыз қаншама. Мәселен, Керей мен Жәнібекті қазақ хандығының іргесін қалаған батыл да ержүрек тұлғалар ретінде танысақ, Керейдің ұлы Қасым ханды қазақ хандығының қуаты мен беделін алыс елдерге танытуын «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын заңдар жинағымен белгілі. Қасым хан тұсында да қазақ хандығының өрлеуін сол кездегі атақты Бабырдың мына сөздерінен аңғарғандаймын. «...жұрттың айтуына қарағанда, қазақ сұлтандары мен хандарының бір де біреуі бұл халықты дәл Қасым сияқты бағындыра алмаған.» Ал,

тарихшы Мұхаммел Хайдар Дулати: «Жошыдан кейін бұл жұртта одан ұлы хан болған емес,» - деген. Бұдан Қасым ханның халық арасындағы беделін және қазақтарды бір шаңырақ астына топтастырудағы еңбегін ұшан-теңіз екенін аңғаруға болады. Қасым ханнан соң көптеген хандар таққа отырып, қазақ елінің керегесінің кеңеюіне, халықаралық қатынасының нығаюына елдің қорғаныс қабілетінің нығаюына, елдің қорғаныс қабілетінің жоғарылатуда өз үлесін қосты. Солардың ішінен тілге тиек етіп отырғаны - Тәуке хан. Ол ішкі талас-тартысты, саяси бытыраңқылықты жою мақсатында және мал-мүлікке, жерге, адамдар арасында туындайтын дау-жанжалдарға байланысты «Жеті жарғы» заңдар жинағы жарыққа шықты. Тарихшы ғалымдар Тәуке хан билік құрған кезеңді қазақ хандығының «алтын ғасыры» деген. Осы орайда атақты орыс ғалымы А.И.Левшиннің осы билеуші туралы пікірінен сабақтай түссем, «ал, оларды өліспей беріспейтін алауыздықтан арылтты... ол өзгелердің бәрін де асқан ақыл-парасатымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, өзіне бағындыра білді.»-деген. Біз осыдан кейін асқар таудай нар тұлғалы хандардың, батырлардың арқасында осы күнге жетіп отырғанымызды ешқашан ұмытпауымыз керек.[5],[6].

Қорыта келгенде айтарым, Еліміздің еңсесін тік ұстап, туымызды биік көтеріп өшпес асыл мұрамызбен тарихымызды жоғалтпауымыз керек. «Мақсат – жетістіктің желкені. Орынды мақсаттар ғана табысқа жетелейді.» - деп, Елбасымыз айтпақшы ертеңгі күнге мақсат қою арқылы, биік-биік белестерді бағындырып тек алда болуымыз қажет. Шеті жоқ, шегі жоқ мына дүниенің, жұмыр ғаламшардың бір бұрышынан өзіндік орын алып тұрған Қазақстанның абыройы асқақтай берсін!

Бейбіт күнде күнәсіз сәбидің ұйқысы бұзылмай тәуелсіздігіміз тұғырлы, татулықтың тамыры тереңге жайылып бұзылмай, халық жүрегінен орын алып ұжданды ұл, инабатты қыз өсіріп Қазақстан Республикасының болашақ ұлтқа тұтқа болар ұландарын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіре береміз еліміз аман жұртымыз тыныш болсын! Қазақ елінің мерейін үстем етер, әлем таң қалар талай-талай жаңалық ашар жалынды жастарымыз көп болсын. Сан ғасырлар ата-бабамызға арман болған Тәуелсіздік тұғыры биік болсын, бір шаңырақ астында топталған жанұядай ләйім тату болайық!

«Тіл – ұлтымның тірегі, Таңдатпай тағдыр жолдаған. Тіл – ұлтымның жүрегі, Лүпілін Алла қолдаған. Тіл – Қорқыттың арманы, Асан Қайғы өрлеткен. Тіл – Абай сөз орманы, Бұталы тармақ ер жеткен. Жүдесе жүрек хал бітер, Жабылар озар жүйріктен. Тілің тозса, әл кетер, Сеп болмай қолда биліктен. Мән берсең әрбір сөзіме, Жан айқайын жазамын, Өз қолың жетсе өзіңе, Тіліңді қорға, қазағым...» [7].

Әдебиет:

1. С. Торайғыров Грамматика теориясының негіздері. Павлодар, 2010. - 284б.
2. Әбілқасов А. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері. Алматы, 2008. - 155б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы Алматы., 1992
4. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі Алматы., 2011. - 122б.
5. М.Қозыбаев Тарих Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001
6. <http://petropavltv.kz/ru/news/culture/muzei-mzhumabaeva-v-ssarytomar>
7. Кәкімбек Салықов «Тіліңді қорға қазағым» Алматы жазушы Алматы ж.

ҚАЗАҚСТАНДА ІШКІ АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАР

Алпыспаева С.Б., Касымова Н.К.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Бүкіл әлемдегі көптеген компаниялар адам, қаржы, материалдық және тағы басқа ресурстардың тиімсіз пайдалануларынан, дұрыс басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін қажетті ақпараттың жетіспеушілігінен, заңнаманы бұзу, есеп берудің бұрмалауы салдарынан, жұмысшылар мен менеджменттің жағынан әдейі жасалмаған қателер мен әдейі асыра пайдаланғандықтарынан зардап шегеді. Сол себепті, ішкі аудиттің тиімді қызмет ету міндеттерін қалыптастыру барлық компаниялардың өзекті мәселесі болып табылады.

2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының дамуы стратегиялық жоспарын іске асырылуы, нәтижеге бағытталған бюджет жасаудың енгізілуі, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес тиімді қызметтердің жоғарылауын, қаржылық және басқа тәртіптердің күшейюін талап етеді.

Осы сауалдардың шешімінде басқарудың ажыратылмайтын бөлігі сияқты ішкі аудиттің рөлі жоғарылайды. Ішкі аудитте қолданылып жүрген жүйе тұтастық пен жүйеліктің жоқтығымен сипатталады. Отандық ұйымдарда қолданылып жүрген ішкі аудит тиімділіктің, нәтижеліктің, үнемділіктің жоғарылауын қамтамасыз етпейді. Ол іс жүзінде бұзушылықтар мен кемшіліктерді алдын алуға бағытталмаған.

Өз жағынан озық халықаралық тәжірибе ішкі аудитті оқиға мен фактілерді «озуға» бағыттау керек екенін көрсетеді. Ішкі аудит барлығын көріп қамтитын, ұйымдардың бизнес-процестеріне тік және көлбеу жағынан кіретіндей болу керек. Ішкі аудиттің қызметінде ішкі аудит ұстанымдарының бұзылуына, теріс нәтижелерге әкеп-соғатын мүдделер мен шектеулер қақтығыстарына жол беруге болмайды. Ішкі аудитор тек тексерілген құжаттар, фактілер және оқиғалар негізінде толыққанды өз пікірін білдіреді. Оның дәлелдері толық, даусыз болу керек.

Басқа мамандықтарға қарағанда, ішкі аудитор мамандығы жас. Ішкі аудиторлардың The Institute of Internal Auditors алғашқы кәсіби ұйымы 1941 жылы құрылған және белсенді қатысушылардың саны 200 мыңнан асады. 1974 жылы ішкі аудитордың біліктіліктерін растайтын Certified Internal Auditor бірыңғай халықаралық кәсіби сертификаттау ұйымы құрылған.

120-ға жуық әлем елдерінде ішкі аудиторлардың ұлттық институттары құрылып, жұмыс істейді. Осы мемлекеттердің қатарында Қазақстан да бар: 2013 жылы «Аудиторлар алқасы» кәсіби аудиторлық ұйымының бастамасымен Ішкі аудиторлар институты құрылды. Ішкі аудиторлар жүйесінің қалыптасуы халықаралық тенденцияға жауап береді және ішкі басқару үрдістерін жоғары бақылау керектігі шарттасылған. Ішкі аудиторлар институты ішкі аудиторлардың халықаралық институтымен бірлесе жұмыс істеп, Қазақстандағы Ішкі Аудиторлардың халықаралық Институтының аффилиді мүше ретінде ұлттық институтты қабылдау бойынша жұмыс жүргізеді. Ресейлік Ішкі аудиторлар институты да қазақстандық әріптестерін қостайды.

Қазақстандағы Ішкі аудиторлар институты Қазақстанда халықаралық деңгейде танылған жалғыз қоғамдық ұйым болып табылады. Оның Ішкі аудиторлардың халықаралық институтының әдістемелік материалдарына рұқсаты бар, мүшелері түрлі

меншік формалар ұйымдарында ішкі аудит қызметтерінде жұмыс істейді. Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі аудит жүйесінің даму кезеңінде Қазақстанда Ішкі аудиторлар институтының құрылуы аса көкейкесті.

Өкінішке орай, сондай жаңалықтармен және реформалармен мақтанатын сала аз. Осы өзгертулер ең бірінші аудит пен қаржы есептерінің халықаралық стандартқа көшуіне байланысты енгізілген.

Халықаралық стандарттарына сәйкес ішкі аудит ұйымның ішкі бақылау жүйесінің жұмысқа жарамдылығын қолдап, жәрдем беріп, оның тиімділігі мен нәтижелігін бағалап, жетілуіне көмек көрсету керек. Солардың бірі қаржы есептерін дайындаған кездегі бақылау болып саналады. Осы кездері сыртқы аудитке қарағанда, ішкі аудит тиімдірек болады, себебі ішкі аудитор бизнесті жақсы білуіне байланысты тиімді ұсыныстар бере алады.

Қазіргі кезде ішкі аудит әкімшілік мүддесіндегі шаруашылық қызмет ұйымының нәтижелерін тексеру мен бағалау бойынша тәуелсіз қызметке жатады. Ішкі аудит әлем тәжірибесінде өндірістік орта және кіші кәсіпорындарында, құрылыстарда, көліктерде, байланыс пен басқа күрделі басқару құрылымы бар салаларда кең тараған. Ішкі аудит қызметінің болуы сыртқы аудиторлар жағынан клиент есебіне сенімділігін арттырады.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 61 бабына сәйкес қоғам жарлығымен 3 адамнан кем емес ішкі аудит қызметінің құрылуы көзделеді, акционерлік қоғамдарда ішкі аудит қызметінің болуы міндетті болып саналады. Ішкі аудит рөлінің маңыздылығы қоғамның директорлар кеңесіне тікелей бағыну мен есеп беруімен ерекшеленеді, сонымен қатар қоғамның ішкі аудит қызметінің талабы бойынша директорлар кеңесі шақырылады.

Қазіргі ішкі аудит түрлі және ауқымды міндеттерді орындай алу керек. Ішкі аудит қызметінің нәтижесі ішкі аудиттің құзіреттілігіне жататын есеп, тексеріс актілері, аналитикалық есептер формасында берілген сауалдар бойынша объективті және тәуелсіз бағалау (аудитордың пікірі) болу керек, атап айтқанда:

- Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі, корпоративтік басқару, ақпарат пен коммуникация, тәуекелмен басқару туралы;
- Қойылған міндеттерге жету тұрғысынан компанияның бөлімшесі қызметінің тиімділігі туралы;
- жүзеге асырылатын жобаларға ілесетін тәуекелдің дәрежесі мен сипаты туралы;
- мүлік пен басқа активтерді сақтау және жою туралы;
- берілген есептің нақтылығы туралы;
- бизнестің тиімділігі мен компания имиджінің жағдайы туралы;

Ішкі аудиторлардың халықаралық институтының анықтамасына сәйкес:

«Ішкі аудит ұйымның жұмысын жетілдіруіне бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдік пен кеңестерді беру бойынша қызмет болып табылады». Ішкі аудит ұйымға, бағалауда жүйелі және дәйекті тәсілдерді қолданып, мақсаттарына жетуге көмектеседі.

Біздің көзқарасымыз бойынша, «ішкі аудит мағынасына ішкі құжаттармен ұйымдастырылған, регламенті белгіленген қызмет үрдістерін бағалау мен жетілдіру, ішкі бақылау жүйесі, корпоративтік басқару, ақпараттық жүйелер мен ақпараттық қауіпсіздік, сонымен қатар компания қызметінің жетілдіруіне бағытталған ішкі кеңестер жатады».

Қазақстанда ішкі аудиттің дамуы қолжетімді ақпараттың, иелердің ішкі аудитке деген қызулығының жоқтығынан шындап қиындатылған.

Ішкі аудиттің келесі маңызды мәселесі ішкі аудиттің барлық жүйесінде кадрлардың кәсіби теориялық және тәжірибелік дайындықтың жеткіліксіз деңгейі болып табылады.

Нәтижесінде ішкі аудит мүшелерінің біліктіліктері төмен жұмысшыларымен өткізілетін сапасыз ішкі аудиттің жүзеге асырылуымен байланысты көптеген проблемалар туындайды. Тәжірибе Ішкі аудит мүшелеріне ішкі аудиторлардың біліктілігін үнемі жетілдіру керектігін дәлелдейді.

Талап бойынша Ішкі аудиторда міндетті түрде Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңына сәйкес алған «аудитор» деген біліктілік куәлігі немесе ішкі аудит саласындағы CIA (Certified Internal Auditor) сертификаты, немесе АССА машықтанған бухгалтер сертификаты, немесе DipIFR дипломы, немесе CIPA халықаралық кәсіби бухгалтер сертификаты, немесе Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңына сәйкес алған кәсіби бухгалтер сертификаты болу керек. Бірақ көптеген қазақстандық аудиторларға олар қол жетімсіз, өйткені оқыту негізінде ағылшын тілінде өткізіледі.

Тиімді және пәрменді ішкі аудиттің іске асырылуы бизнес-үрдістерін стандарттаусыз мүмкін емес. Ішкі аудиторларға ішкі аудиттің қазақстандық стандарттарын қабылдауы не береді? Біріншіден, стандарттар аудит үрдістерін жүйелейді, екіншіден, стандарттар аудитті жүзеге асыру және ресімдеу бойынша бірыңғай талаптарды орнатады, үшіншіден, стандарттар аудиттің сапасына бағалау критерийлерін, аудиторларды дайындау және біліктілігін бағалау ретін анықтайды.

Ішкі аудит басқарудың ішкі бақылау жүйесінің бір бөлігі болып табылады және ішкі бақылаудың басқа құрамдастарын тиісінше анықтау үшін жұмысты жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен қатар, ішкі аудит жұмысы жағдайларды басқару арқылы ішкі бақылау жүйесін нығайтуға бағытталған.

Ішкі аудит тәуелсіз болуға тиіс, яғни ішкі аудиттің міндеттерін объективті түрде орындау қабілетіне қауіп төндіруі мүмкін жағдайлардан бөлек, сондай-ақ объективті болу керек. Объективтілік - бұл аудиторлық тексерудің басқа тұлғалардың пікірі бойынша объективті түрде бағалануы үшін аудиторларға ішкі аудитті әділ түрде жүргізуге мүмкіндік беретін қондырғы.

Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру барысында ішкі аудит принциптерін қатаң сақтауға тиіс. Сонымен қатар, ішкі аудиттің негізгі принциптері тәуелсіздік, объективтілік, бейтараптық, құзыреттілік болып табылады.

Ішкі аудитордың тәуелсіздігі - өзіне жүктелген міндеттерді еркін және объективті түрде алға жылжыту және өз пікірін еркін білдіру мүмкіндігі. Тәуелсіздік ішкі аудит бөлімінің тиісті ұйымдастырушылық мәртебесі арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге, ішкі аудит қызметінің директоры аудиторлардың іс-әрекеттерінің тәуелсіздігін қамтамасыз ете алатын (кез келген ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда) және аудиторлық ұсыныстарды орындау үшін барабар шараларды қабылдайтын тұлғаға тікелей хабарлауы тиіс. Объективтілік - аудитордың өз пікірін білдіруге және қорғауға мүмкіндік беруін, жоғары басшылардың пікірі бойынша түзетпестен, аудитордың адалдығы мен бейтарапты болу қабілетін білдіреді.

Аудиторлар қажетті білім мен дағдыға ие болуы тиіс, сондай-ақ олардың көзқарасын қорғауға, проблеманың мәнін анықтауға, өз қабілеттеріне сенімді болуға тиіс. Осындай сапа болмаған жағдайда, аудиторлар аудиттің пікірлері мен қорытындыларын басшылыққа алады және олардың объективтілігін сақтай алмайды.

Тәуекелге бағдарланған ішкі аудиттің ұсынылған әдістерін және модельдерін пайдалану кәсіпорында жүргізілетін іс-әрекеттің тиімділігін арттыруға, сыртқы аудиттің шығындарын азайтуға және кәсіпорынның ішінде процестер мен операциялық

жүйелердің сенімділігі мен тиімділігін дәрежесін тәуелсіз бағалаумен қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қазақстанда ішкі аудит әлі де бақылау-аудиторлық жұмыс ретінде қабылданады. Сондықтан бүгінгі таңда ішкі аудит қиындықтарға тап болады. «Ішкі аудит» функциясы халықаралық үлгілерге сәйкес дамыған компанияларда да, аудиторлық жобаның елеулі тәуекелдерінің бірі ішкі аудиторлардың жұмысын біржақты қабылдау болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстанда толық және жүйелі шешім жоқ, өйткені ішкі аудитті реттеу мәселесі шешілмеген. Осы саладағы реформа процесі соншалықты тез емес. Ішкі аудиттің нақты әдіснамалық әзірлемесі жоқ, оларды шешудің проблемалары мен әдістерін сирек талдау және олардың негізгі шешімдеріне егжей-тегжейлі ұсыныстар бар.

Сондықтан Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі мәселелерді шешу үшін ішкі аудиттің терминологиялық-теориялық және әдістемелік аппаратын объективті түрде жақсарту қажет.

Әдебиет:

1. 1998 жылғы 20 қарашадағы «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1.01.19 жылдағы өзгертулер және толықтырулармен)
2. Халықаралық аудит стандарттары жинағы, Сенімділік пен этиканы білідіру-Алматы, 2007.-1260 б.
3. Абленов Д.О. Аудит: теория мен тәжірибе: оқулық.- Алматы: Экономика, 2005.-420 б.
4. Шеремет А.Д. Аудит: оқулық/А.Д.Шеремет-5 басылым, өзгертулер және толықтырулар-ИНФРА-М,- 448 б. (Жоғары білім)
5. О. Крышкин. Ішкі аудит бойынша үстел үсті ойыны: тәуекел мен бизнес-үрдістер-М.:2013-477 б.
6. Акционерлік қоғамдар туралы. 2013 ж. 13 мамырдағы №415- II ҚР Заңы (1.01.19 жылдағы өзгертулер және толықтырулармен)

ӘОЖ 336.71


КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БОЛЖАМДАУ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Амержан А.У.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қаржы секторының тұрақты жұмыс жасауы елдің экономикалық дамуының негізгі қағидаты болып табылады. Әлемдік қаржы дағдарысы Қазақстанның қаржы жүйесінің осалдығының бірнеше факторларын анықтады және оның жұмыс істеуі тәуекелін едәуір арттырды. Осы жағдайда тәуекелдің негізгі көздерін зерттеу, жалпы алғанда банктік сектордың қаржылық жағдайын зерттеу қаржы институттарының және елдің тұтастай алғанда қаржы жүйесінің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті ең елеулі факторларды айқындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда қаржылық секторға, соның ішінде банктік секторға қаржылық талдау жасау экономиканың тұрақты дамуында алатын орны зор.

Қаржылық талдаудың коммерциялық банктерді басқарудағы ролі мен мәні келесі 1 суретте көрсетілген:



1 сурет. Қаржылық талдаудың коммерциялық банктерді басқарудағы ролінің структурасы

Қаржылық талдау ғылым ретінде қаржылар және қаржылық көрсеткіштер категориясында көрсетілген қаржылық қатынасымен сипатталады. Сәйкесінше коммерциялық банктерді басқарудағы қаржылық талдаудағы рөлі, басқару функциясы, басқару инструменті мен оны бағалау әдісі болып табылатындығымен сипатталады. Қаржылық талдаудың мәні оның объектілерімен анықталады.

Банктегі қаржылық талдаудың объектісі болып қаржылық нәтижелер мен банктің қаржылық жағдайының көрсеткіштері, қаржылық басқару жүйесінің тиімділік көрсеткіштері, банктің қызмет көрсетулерінің, операцияларының, технологияларының тиімділігі және т.б.

Банктегі қаржылық талдаудың негізгі міндетерін жүзеге асыру оларды тиімді ұйымдастыру деңгейінсіз мүмкін емес. Қаржылық талдауды дұрыс ұйымдастыру банк қызметін талдаудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Талдаудың негізгі принциптері: ғылымдылық, жүйелілік, жинақтылық, объективтілік, нақтылық, жоспарлылық, оперативтілік.

Қаржылық талдаудың әтүрлі түрлері оларды жүзеге асыруды сәйкес ұйымдастыруды талап етеді. Талдаудың барлық түрлерін ұйымдастыру келесідей жағдайлардан тұрады.

- 1) талдау объектілері мен субъектілері;
- 2) талдау жүргізудің ұйымдық формаларын таңдау;
- 3) аналитикалық жұмыстарды жоспарлау;
- 4) міндеттерді талдауды жеке субъектілер арасында бөлу;
- 5) аналитикалық жұмыстың әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі;
- 6) шаруашылық бірліктің қасиеті туралы мәліметтерді аналитикалық өңдеу және рәсімдеу;
- 7) талдау нәтижелері бойынша ұсыныстарды қамтамасыз ету;

Банк қызметін қаржылық талдауды ұйымдастыруға әртүрлі факторлар әсер етеді. Қаржылық және экономикалық талдау банк құрылымында маңызды орын алады. Коммерциялық банк қызметінің экономикалық талдауы банк қызметінің қаржылық экономикалық көрсеткіштерін зерттеу мен әсер етуші факторларды айқындаумен және банктің даму бағыттарымен негіздеумен байланысты арнайы зерттеу жүйесі. Мұнда да талдау объектісі болып банк қызметі табылса, ал субъектісі коммерциялық банк, орталық банк, несиелік мекемелер, салық комитеті, аудиторлық формалар және т.б. заңды және жеке тұлғалар.

Банк ресурстары – бұл банктің пассивті операциялары негізінде қалыптасқан және барлық активтік операциялар бойынша банк өтімділігін қамтамасыз ету және пайда табу мақсатында орналастырылуға бағытталған банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығы.

Қаржылық талдау банк қызметін практикалық басқарудың негізгі түрлерінің бірі болғандықтан қаржылық басқаруда ақпараттар жүйесінің маңызы зор. Себебі ақпарат қаржылық басқарудың маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Банк қызметіндегі жалпы ақпараттар көзі ішкі және сыртқы ақпараттар қайнар көздерінен қалыптасады.

Коммерциялық банктерде қаржылық талдауды жүргізу кезінде қолданылатын сыртқы ақпараттар қайнар көздерінің қалыптасуы келесідей:

- 1) мемлекеттік үкімет және басқарудың жоғарғы органдарының мәліметтері;
- 2) Қазақстан Республикасының орталық банкінің мәліметтері;
- 3) Банктер мен басқа да қаржылық институттардың мәліметтері;
- 4) Халықаралық қаржылық институттардың мәліметтері;
- 5) Шетелдік инвесторлар мен кредиторлардың мәліметтері;
- 6) Қарыз алушылардың қаржылық есеп берулері және олардың қызметтері туралы басқа да мәліметтер;
- 7) Елдің немесе мекеменің экономикалық жағдайы туралы қор нарығы мен валюталық нарық жағдайы және банктік жүйе жағдайлары туралы стратегиялық материалдар мен ғылыми басылымдар.

Кредиторлық берешектердің айналымдылығын бағалау үшін келесідей көрсеткіштер қолданылады:

$$Kоб = \frac{ДО}{ОКЗ}, \quad (1)$$

мұндағы:

ДО- талдау мерзіміндегі дебеттік айналым;

ОКЗ- келесі 2 формула бойынша анықталатын кредиторлық берешектің орташа қалдығы:

$$ОКЗ = \frac{ОКЗ_n + ОКЗ_k}{2}, \quad (2)$$

мұндағы:

ОКЗ_н- және ОКЗ_к- жыл басындағы және жыл соңындағы кредиторлық берешек қалдығы.

Егер талдау жылы ағымында ОКЗ мөлшері айтарлықтай өзгерсе, онда келесі 3 формула қолданылады:

$$ОКЗ = \frac{ОКЗ_{1/2} + ЛКЗ_2 + \dots + ОКЗ_{и} + \dots + ОКЗ_{n-1} + ОКЗ_n/2}{n-1}; \quad (3)$$

2. Банктегі қысқа мерзімді депозиттер мен займдардың орташа периоды келесі 4 формула бойынша есептеледі:

$$T = \frac{OKЗ * Д}{ДО} = \frac{Д}{Коб}, \quad (4)$$

мұндағы: Д- периодтағы күндер саны

Дебиторлық берешекті талдау үшін аналитикалық есеп мәліметтері қолданылады. Дебиторлық берешек жағдайын талдау нәтижелерін жалпылау үшін дебиорлық берешектерді қалыптасу мерзімдері бойынша жіктей отырып, ай сайын жиынтық кесте құрастырып отыру керек.

Дебиторлық берешекті бағалау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

$$Коб = \frac{КО}{ОДЗ}, \quad (5)$$

мұндағы:

ОДЗн и ОДЗк-жыл басындағы және жыл соңындағы дебиорлық берешек қалдығы.

Егер талдау жылы ағымында ОДЗ ай сайын айтарлықтай өзгерсе, онда келесі 6 формула қолданылады:

$$ОДЗ = \frac{ОДЗ1/2 + ОДЗ2 + \dots + \dots ОДЗи + \dots + ОДЗн-1 + ОДЗ н/2}{н-1}; \quad (6)$$

мұндағы:

ОДЗи -дебиторлық берешектердің айлық қалдықтары.

Дебиторлық берешекті өтеу ериоды келесі 7 формула есептеледі:

$$T = \frac{ОДЗ * Д}{ДО} = \frac{Д}{Коб}; \quad (7)$$

Банктің дебиторлық берешегін талдау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

- дебиторлық берешектердің ағымдық активтердің жалпы көлемі мен банк табысына қатынасы;

- күмәнді дебиторлық берешектің және дебиторлық берешектің жалпы сомасының қатынасы (берілген көрсеткіш дебиторлық берешектің «сапасын» сипаттайды).

Есеп айырысу қызметі бойынша клиенттер алдындағы міндеттемелердің орындалуын талдау.

Есеп айырысу операциялары келесідей критерилері бойынша жіктеледі:

1. Қатысулар құрамы бойынша:
 - банкішілік;
 - клиенттік;
 - банкаралық.
2. Төлем құралдары бойынша:
 - қолма қол;
 - қолма қолсыз (төлем тапсырмалары, төлем талаптары, чектер, векселдер, карточкалар).
3. Операциялардың функционалдық белгілері бойынша:
 - шоттар енгізу;
 - кассалық;
 - акцептік;

- авальдық.
- 4. Есеп айырысу нысандары бойынша:
 - аккредитивтік;
 - аудармалық;
 - инкассалық;
 - клирингтік.

Есеп айырысу операцияларын талдау кезінде әрбір есеп айырысу нысанының үлес салмағы есептеледі.

Соңғы жылда банк операциялық қызмет көрсеткіштерін талдау сапасын арттырған, ал ол болса клиенттер мен тиімділік жағынан Банк жұмысын бағалаудың барынша айқын түсінігін береді. Call-центр бір айда 250 000 қоңырау шалуларды өңдейді, сонымен қатар өңделмеген қоңырау шалулар жыл слғында 27–30%-дан 9%-ға дейін азайған; бұл көрсеткішті 5%-дан төмендету жоспарлануда.

Сонымен бірге қандай жүйелер несиелік өтінімдерді қарастыруды баяулатуы мүмкін (ішкі және сыртқы) екендігі талданады. Банк өтеулер тиімділігін бағалайды: қайтарымдар саны, қателіктер көздері. Сондай-ақ, жаңа технологияларды енгізуде тиімділіктері бағаланады банкоматтар, төлем жасау терминалдары, электронды кассирлер рециркуляторлар және т.б. Бұл статистикалық көрсеткіштерсіз қандай учаскелер өңдеулерді қажет ететіндігін анықтап, басшылық пен жалпы қызметкерлерге бара бар мақсаттар қою мүмкін емес.

Сонымен, банктік бизнестегі сәттілік жақсы операциялық қызмет пен тәуекел-менеджментке тәуелді. Бұрынғыдай, басқарушы буындарын дұрыс қызметкерлері мен жалпы персоналға инвестиция жасай отырып, заманауи жүйелер, инфрақұрылым мен оқыту осы сәттілік драйверлерінің басым рөлін ойнайды. Осының барлығы акционерлерге табыстың жақсы көрсеткіштері мен қызметкерлерге мотивациялық сыйақыларды қамтамасыз ететін шығындарды тұрақты түрде бақылауда жүзеге асады. Ақыр соңында, тәуекелдерді басқару компоненті ретінде ұзақ мерзімді жоспарлауға сүйенбей күтпеген жағдайларға әрдайым біз дайынбыз.

Әдебиет:

1. Қаржылық жауапкершілік орталықтары. Бюджеттеу алғашқы қадам (А. Миславский, «Двойная запись»).
2. Балабанов Н.Т. Талдау және қаржылық жоспарлау-экономикалық ұйым. – М.: Финансы и статистика, 2012 ж.
3. Масалимова С.Ж., Есенгельдинова С.Ж. Коммерциялық банктегі қаржылық талдау. - Семей, 2012 ж.
4. Рыжакина Т. Стратегиялық жоспарлау үшін негіз ретінде Бюджеттеу // «Финансовая газета», 2013 ж.
5. Сейітқасымов Г.С. Ақша, несие және банктер: Оқу құралы. –Алматы: «Экономика», 2011 ж.
6. Шелекбай Ә. Д., Әлмерекөв Н. А. Банк ісіндегі тәуекел – менеджмент: теориясы, әлемдік практика, Қазақстан тәжірибесі. Оқу құралы – Алматы: Экономика, 2009 ж.
7. www.nationalbank.kz

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ СОБСТВЕННОСТЬ В МЕЖДУНАРОДНОМ ЧАСТНОМ ПРАВЕ

Андагулов М.С.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

Географическое положение Казахстана, обретение государственного суверенитета, влияние соседних стран, ослабленный контроль за преступностью в первые годы становления и развития рыночных отношений, интеграционные процессы оказали в определенной степени негативное воздействие на состояние преступности. Резко возросли экономические преступления, преступления против собственности, преступления против личности, здоровья и нравственности. Не обошло стороной и состояние преступности в сфере нарушений прав интеллектуальной собственности.

Об этом утверждает профессор Абдиров Н.М.: «Казахстан, имеющий множество границ и занимающий особое геополитическое положение в Центрально-азиатском регионе, граничит с Узбекистаном, Кыргызстаном, Туркменистаном, Россией, Китаем, Монголией и является самым крупным государством с территорией более 2,5 млн. квадратных километров. Сравнительно недавно эта территория стала превращаться в своеобразный транзитный «коридор», через который незаконно перевозится огромное количество наркотиков из Азии в Европу и Америку».

К нашему всеобщему сожалению, через это транзитный «коридор» незаконно перевозится не только наркотические средства растительного и синтетического происхождения, но и различные контрафактные товары, предметы, содержащие элементы прав интеллектуальной собственности.

Глобализация экономики и товарных рынков подталкивает к более активному сотрудничеству государств в области охраны интеллектуальной собственности. Под интеллектуальной собственностью понимается совокупность исключительных прав на результаты интеллектуальной деятельности. Содержание интеллектуальных прав составляют имущественные и личные неимущественные права.

Вопросы по ИС были и будут актуальны так как, ИС имеет отношение ко всему, что создано умом человека: изобретения, литературные и драматические произведения, также знаки, названия и образцы, используемые в коммерческих целях.

В содержание интеллектуальной собственности входит три самостоятельных блока: объекты авторского права, объекты смежных прав и промышленная собственность.

Одной из особенностей прав на интеллектуальную собственность, имеющей существенное значения для международного частного права, является их территориальный характер. Это означает, что права авторов признаются и охраняются только на территории того государства, где о них было надлежащим образом заявлено, т.е. получение таких прав в одном государстве не влечет их признания в другом. Преодолеть территориальный характер прав на интеллектуальную собственность можно с помощью международных договоров, которые направлены на решение данного вопроса.

Международно-правовое регулирование авторских прав претерпело определенную эволюцию. Начало международной системе охраны авторского права положили в Бернской конвенции об охране литературных и художественных

произведений 1886 г. и в Гаванская конвенция об охране литературной и художественной собственности 1928 г.

Бернская конвенция 1886 г. является своего рода образцом «монументальности» действия международных норм. На сегодняшний день участниками Бернской конвенции, в число которых входит РК, практически все бывшие союзные республики (за исключением Узбекистана и Туркмении), США, Китай, являются более 150 государств.

Казахстан присоединился к Бернской конвенции 10 ноября 1998 года.

В соответствии с Бернской конвенцией был создан Бернский союз для охраны прав авторов государств - участников.

Наряду с совершенствованием системы охраны авторских прав, осуществляемым в рамках европейских государств, развивалась система защиты прав авторов и на американском континенте. Первым шагом стало принятие в 1889 г. на конференции в Монтевидео Конвенции о создании союза американских государств в области литературной и художественной собственности. Основным принципом Конвенции стал принцип национального режима. В последующих американских конвенциях этот принцип был закреплён как основополагающий в системе защиты авторских прав (Конвенция об охране литературной и художественной собственности 1902 г.; Конвенция об охране патентов на изобретения, промышленных рисунков и образцов, товарных знаков и торговых марок, литературной и художественной собственности 1906 г.; Конвенция об охране литературной и художественной собственности 1910 г.).

Гаванская конвенция 1928 г. явилась своего рода итогом развития правового регулирования отношений в сфере авторского права на американском континенте. В Гаванской конвенции была предусмотрена не только защита литературных и художественных произведений, но и кинематографических работ, произведений прикладного искусства.

В рамках национального законодательства разных государств в отношении порядка, условий и объема охраны интеллектуальной собственности зачастую на иностранцев распространяется национальный режим, не является исключением и Казахстан.

В свою очередь Принцип национального режима следует отнести к одному из основных начал международного частного права. Под национальным режимом понимается приравнивание иностранных граждан, лиц без гражданства и иностранных юридических лиц в том, что касается их прав и обязанностей, к отечественным гражданам и юридическим лицам. Поскольку на иностранных физических и юридических лиц распространяются те же права и преимущества, которыми в данной стране пользуются местные физические и юридические лица, все они ставятся в равное положение.

Еще одной особенностью правового регулирования интеллектуальной собственности в законодательствах разных государств является то, что в национальном праве, как правило, отсутствуют коллизионные нормы, посвященные регулированию данных отношений.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болып табылады. Елбасының мақаласында жаһандық тарихтағы Ұлы даланың орнын анықтауда мүмкіндіктер беретін ұлы есімдер руханиятына да үлкен мән берілгендігін байқауымызға болады. Елбасының «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүниежүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр. Ұлы дала әл-Фараби мен Яссауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан, біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек», – деп жазды [1,1]. Осы орайда, тарихтағы ұлы тұлғалар – өздерінің саяси немесе рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар. Сондықтан, кез - келген мемлекет тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы анағұрлым айқын, әрі әсерлі көрінетіні тегін емес. Оның үстіне, тарихтың өзі де кейде осы тұлғалармен сәйкестендіріледі.

Қазіргі тәуелсіз ел болуымыздың себепкері де – осы ұлы тұлғалар. Бір кездегі Платонның мемлекет жайындағы ілімдегі мемлекетті басқарушы адам қандай болуы керек деген қағидасы бойынша оларды топтарға бөліп, бірінші топтағы басқарушылар (философтар) олардың негізгі қызметі мемлекетті дұрыс басқару, ал екінші топқа әскери қорғаушыларды жатқызады. Мемлекетті қорғаушылар ішкі – сыртқы жаулардан қорғап қана қоймай, соғыс өнерімен қоса, поэзия, музыкамен де айналысса деген екен. Платонның осы мемлекетті басқарушының бойынан іздеген қасиеттері сайын даламыздың ұлы есімдерінің қатарындағы нар тұлғамыз Абылай ханнан табылары анық еді [2,29].

XVII-XVIII ғасырдың ұзына бойында жоңғар қалмақтары қазақ жеріне үздіксіз көз алартып, тынымсыз қанды жорықтар жасап, бейбіт елдің берекесін кетірген. Халық әдебиетінде ең мейірімсіз тілсіз жау ретінде қалмақтар аталатыны да осыдан. Қалмақтар қастандығы арылмас дерттей ұзаққа созылғандығы соншалық ерте заманда арпалысқан өзге жаулардың аттары ұмыт болып, тыюсыз тажал бейнесінде озбыр ойраттар ғана қалған. Зорлыққа, астамдыққа еті үйренген, бұрын ешкімнен беті қайтпаған ата жау Абылай заманында жеңіліс тауып, елдің көптен күткен бейбітшілік дәуірге қолы жеткені шынында да тарихымыздағы аса нұрлы, мәртебелі кезең еді. Бұл жөнінде аса белелді ғалымдар өздерінің әділ бағасын берген. Орыстың атақты ғұламасы академик В.Бартольд «XVIII ғасырдағы ең күшті хан Абылай болды» деп жазған. [3,3]

Абылайдың саяси және дипломатиялық қызметінде Қытай мемлекетімен қарым-қатынастары ерекше орын алады. Оның Цин империясымен қарым-қатынастары, дипломатиялық тактикалары мен ұстанған саясаты соңғы жылдары біршама зерттелу үстінде. Көрші Қытай мемлекетімен қазіргі таңда да тығыз саяси-дипломатиялық және сауда қарым-қатынастарын орнатқан Қазақстан елі үшін де сонау XVIII ғ. негізі қалана бастаған екі ел арасындағы байланыстарды зерттеп, талдау бүгінгі күнде де маңызын жойған жоқ. Екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстардың жолға қойылуы Абылай заманында орын алып, оның бастауында осы аталған билеуші тұрған еді.

1755 жылы Цин империясының Жоңғар хандығын жоюына байланысты Абылай Қытаймен дипломатиялық байланыс орнатып, өмірінің соңына дейін олармен қарым-қатынаста болды. Әрине, Абылай солтүстіктегі Ресей империясымен де, оңтүстіктегі ортаазиялық хандықтармен де күрделі байланыстар жасады. Дегенмен, оның саяси қызметінің айтарлықтай бөлігі шығыстағы Қытай мемлекетімен қарым-қатынастарға арналған болатын.

Абылай билікке келісімен қазақтардың бастапқы жер аумағын қалпына келтіруге тырысқан еді. 1745 жылы Жоңғарияда Галдан Церен өліп, ойрат билеушілері өз іштерінен бөлініп, бір-бірімен билікке таласа бастаған кезде ол жоңғардың өзара жауласқан топтарын кезек-кезек қолдап, оларды әлсірету арқылы кезінде жау қолында қалып кеткен қазақтың біраз жерін қайтаруға әрекет жасайды. Бұл саясаттың кейіннен Цин империясының жоңғарларды толықтай жер бетінен жойып, Абылай және басқа билеушілер бастаған қазақтармен саяси-дипломатиялық байланыстар орнатуымен аяқталғаны белгілі. Бұл байланыстар әлбетте бірден бейбіт жолмен келген жоқ, екі ел арасындағы қарым-қатынастар алдымен біраз қақтығыстар, саяси оқиғалар арқылы орнады. Абылайға қатысуымен орын алған екі ел арасындағы біраз оқиғалар алдыңғы тараушада атап өтілді. Цин патшалығы 1755 жылы ақпан айында жоңғарларға қарсы 200 мың әскерін аттандыра отырып, өздерінің қазақтар жөнінде қабылдаған саясаттық принциптерін де жариялаған болатын. Онда: «Бан Ди мен Әмірсанаға айтылсын, ұлы іс орындалған соң, қазақтар өздері келіп бізге ел боламыз десе, олардың басшыларын лайығымен астанаға ертіп келіп, патшамен кездестіріп, оларға шен беру керек. Ал олардың қол астындағы халық сол бұрынғы орындарында отыра берулері керек. Оларды көшірудің қажеті жоқ. Егер олардың бізге ел болғылары келмесе, оларды әскери күшпен бағындыруға болмайды...». Ал, Цин империясы Жоңғарияны жойған соң, 1755 жылы 17 маусымда Абылай сұлтанға хат жолдап: «Жоңғарлар ежелден қазақтарға өш еді, патша оларды тыныштандырған соң, оларға жарлық түсіріп, жоңғарлардың өз бетімен қазақтарды барымталауына тиым салды. Ал сен қазақтардың бізге ел болу-болмау еріктерің өздеріңде, бірақ шекараны тыныш сақтауларың керек. Өз беттеріңмен шекарадан өтіп жоңғарларды тонауларыңа болмайды. Егер осы жарлыққа бой ұсынбасандар, сендерге сөзсіз қалың қол аттандырып шабуыл жасаймыз, сонда өкініп жүрмендер», – делінген [4, 33]. Бірақ, сәл кейіннен Қытай тарапы қазақтармен тым қатандыққа бармауды ойластырып, Абылайға тағы бір хат жолдаған. Онда жоңғарлардың тыныштандырылғаны, егер ел болуды қаласа қазақтардың еселенген сый-құрметтерге бөленетіндігі, шекараны тыныш ұстау, шабуыл жасап оларды әуре-сарсаңға салмау туралы айтылған болатын. Осы хаттардан Цин үкіметінің қазақтарға бірде сес көрсетіп, бірде майда саясат ұстау арқылы тыныштықты сақтауға міндеттеу мақсаттарын іске асырмақ болғандықтары байқалады. Абылай олардың іс-әрекетін, ниеттерін байқау үшін бірден жауаптар бермеген, үнсіздік әдісін қолданған.

Қытай империясы Абылайға Шуньдэна бастаған алғашқы елшілігін 1755 жылы маусым айында жібергені жоғарыда аталды. Өз кезегінде Абылай да өз елшілерін цин тарапына аттандырған еді. Бұл елшілік цин сарайында ілтипатпен қарсы алынып, император қабылдауында болады. Цин билеушісі Цяньлун Абылай бастаған қазақтарға

ойраттардың сөзіне толық сенуге болмайтындығын, Әмірсананы ұстауға бұйрық берілгенін, егер ол қазақтар жеріне қашып барса, оны ұстап әкеліп берулерін, бұлай болған жағдайда олардың мол сыйлықпен жарылқанатындықтарын мәлімдеген. Осымен қатар Абылайға күміс тиындардан сыйлық та жолданған. Бұл сыйлықты қазақ жеріне ала келген цин елшісі Шуньдэна Абылайдың оларға риза екендігін айтқан. Бірақ Абылай Әмірсананы ұстап беруге асықпаған еді. Ол тек Әмірсанаға бұрынғыдай ашық көмектеспейді, осы арқылы екі жаққа да бірдей мәмілегерлік саясат ұстанады. Абылайдың Цин патшалығымен тікелей қарым-қатынастары төмендегідей жағдайда басталған еді. 1757 жылы жазында ол қытай-маньчжур әскерінен жеңіліс тауып шегінеді. Қытай әскербасы Фу Дэ оған бірнеше адамын жібереді. 22 шілде күні олар Абылаймен кездеседі. Сұлтан қытайлық елшілермен бүкіл Орта жүз атынан сөйлесуден бас тартып, бұл мәселені талқылау үшін билер кеңесін шақыру қажеттігін алға тартады. Бұл оның келіссөздерді созу, кейінге қалдыру тіпті болдырмау мақсаттарынан туындаған болатын. Абылайдың келіссөздерді созбауы үшін маньчжур-қытай әскері оның көштеріне жақындайды. Абылай болса әлі де цин әскерінің ордасына өзі барудан жалтарып, қытайлықтарға сыйға беруге төрт атты қосып өзінің адамдарын жібереді. Қазақ сұлтанының бұл әрекеті Фу Дэнің ашу-ызасын туғызғаны алдыңғы тараушада айтылды. Туындаған мәселені түсіне білген генерал Чжао Хой болса оны тыныштандырып, келген қазақтарды Орта жүздің ресми елшілері ретінде Пекинге император сарайына аттандырады. Сонымен қатар Чжао Хой Абылайға сыйлықтармен қоса өзінің Нусан және Эркешала тайшы бастаған елшілерін жіберген еді [5, 47]. Абылай ордасына тамыздың ортасында жіберілген Нусан мен Эркешала сұлтанның ауыл-аймағына жетіп, 5 қыркүйекте олардың алғашқы кездесуі болады. Кездесулер бір айға жуық уақытқа созылады. Келіссөздер күрделі жағдайларда өтеді, ол көбіне Абылай тарапынан созыла түседі. Нусан одан Цин тарапынан лауазымдар мен сыйлықтар алуға ниет ететін билер мен белгілі адамдардың тізімін жасауды ұсынады. Абылай өзінің науқастанып тұрғанын желеу етіп келіссөздерді келесі күнге қалдырады. Одан соң да ол әртүрлі себептермен уақытты соза түседі, алайда цин елшілері қорқыту, арандату әдістерімен оны келіссөздерді жалғастыруға мәжбүр етеді.

Келіссөздердің екінші кезеңі 31 қыркүйекте басталып он шақты күнге созылады. Осы кездесулерде Абылай Орта және Кіші жүздердің Ресей бодандығында екенін хабарлағанға ұқсайды. Ол қазақтардың бас ханы ретінде Кіші жүздің ханы Нұралыны атайды, оның Ресей үкіметі бекіткен билеуші екенін жеткізеді. Абылай Нұралы ханмен кеңеспей сыртқы саяси мәселелерді шеше алмайтынын айтады. Бұл да оның дипломатиялық тәсілі болып табылатын, себебі іс жүзінде Абылай Нұралыға бағынбайтын. Қытай елшілері кетісімен Абылай Ресей тарапына өзінің қытайлықтармен келісімге келгенін хабарлап, Ресейге өз елшілерін жіберу ниетін білдіреді. Ол Цин патшалығының өзін қаншалықты өздеріне тартуға тырысса да ресейліктерге адалдығынан айнымайтынын жазған еді. Дегенмен, Цин әскерімен соғыстың салдарын түсінген Абылай қытай әскербасыларымен кездесіп, империя ордасына хат жолдайды. Бұл хатта ол өзінің Цин империясына сырттай тәуелді болатындығын білдіреді. Абылай бұдан былай шығыстағы империямен қарым-қатынас орнатпай сыртқы саясат жүргізе алмайтынын түсінген. Оларға сөз жүзінде тәуелді бола отырып, өзінің дербес хандығын жалғастыра беруді көздеген. Осылайша, Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының Цин патшалығымен қарым-қатынастары 1757-1758 жылдары орнатылады. Қазақ елшілері Пекинге император қабылдауына барғанда, Цин билеушісі қазақ хандарын мойындап, оларды хандыққа тағайындаған жарлық хаттарын жібереді. Бұл хаттарда өздерінің қазақтар жөніндегі саясаттарын ашық аңғартады. Хаттарда: «Патша сендердің жайлы тіршілік етулеріңе тілектес. Сендер бұрынғы салттарыңда бола беріңдер. Алым-салық беру-бермеу еркі өздеріңде. Тыныштық сақтасандар

болғаны. Егер елші жіберіп жатсаңдар, патшаның ерекше ықыласына бөленесіңдер», – деген сыңайлы түсініктер болған [4, 77; 6, 8]. Аталған 1757 жылы Абылай өзінің Шағыр, Өміртай бастаған құрамында 11 адам бар елшілер делегациясын Пекинге жіберіп, Цин патшалығына өзінің сәлемін жолдап, тарту-таралғылар ұсынған болатын. Абылайдың Цин империясымен тікелей байланыс орнатуы патшалық Ресей үкіметін қатты алаңдатады. Қытай тарапына жіберілген ресми хаттарда Ресей жағы Орта жүздің өздерінің қол астында екендігін білдіреді. Цин үкіметі өздерінің жауап хатында жоңғарларды тыныштандырғандарын, қазақтардың өз еріктерімен өздеріне арқа сүйегендерін, өздерінің оларға қару жұмсап, қысым жасап, алым-салық төлеуді міндеттемей отырғандарын жазған. Қытай билеушілері қазақтарды басқа мемлекеттерге бағынышты болудан шектемейтіндерін, Ресеймен де қарым-қатынас жасауға тиым салмайтындарын білдірген еді. Цин үкіметі өздерінің осы саясатын табанды ұстанып, қазақ-орыс қарым-қатынастарына баса назар аударған жоқ. Іс жүзінде олар қазақтардан шекараны тыныш сақтау талабымен шектеліп, сол тұста қазақтардың басқа ішкі-сыртқы істеріне араласқан жоқ. Нәтижесінде, Абылай қазақ халқының ұлттық қоғамдық дәстүріндегі хандық жүйенің сақталуын қамтамасыз ету негізінде Цин империясымен тікелей дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

Қорыта келгенде, Абылай заманында біздің мемлекетіміздің үлгі тұтарлық дипломатиясы қалыптасты. Сол кездегі көрші елдерге, оның ішіндегі Ресей, Қытай мемлекеттеріне деген тұрақты байсалды көзқарас, саясат, сан сарапқа салып шешілген ұлысаралық бейбіт өмір үлгісі өз маңызын бұл күнде де жойған жоқ.

Қазақ халқының біздің заманымызға жетуіне, талай тар жол, тайғақ кешуден өтуіне, оның мәдениеті мен әдебиеті, парасаты мен имандылығының дамуына зор үлес қосқан Көмекей әулие - Бұқар бабамен бүгінгі, келешек ұрпақтар мақтануы – тарихи заңды құбылыс. Абылай XVIII ғасырдың екінші жартысында Цин империясымен саяси-дипломатиялық тығыз қарым-қатынастар жүргізді, осы арқылы шығыстағы алып көрші мемлекетпен ғасырларға созылған байланыстардың негізін қалады. Қазақ-қытай қарым-қатынастары тиімді жолға қойылып, елдің тыныштығы мен тұтастығын сақтауда маңызды істер атқарылды. 1755-1758 жылдары Цин империясымен арадағы қатынастар соғыс қимылдары арқылы да іске асырылған еді. Абылай елдің бірігуі мен сыртқы жауларға қарсы күресті шеберлікпен ұйымдастыра білген саясаткер, шебер дипломат, қолбасшы бола алды. Ол елдің ішкі жағдайын реттеу мен сыртқы саясатта нәтижелі табыстарға қол жеткізді. Ресей мен Қытай империяларының белгілі бір қысымында болған Абылай екі жақты бодандықтан тиімді пайда тауып, күштердің саяси тепе-теңдігін сақтай алды, қазақ мемлекетінің мүддесімен оңтайлы геосаясат жүргізді.

Төңкеріске дейінгі және кеңестік тарихнамада Абылайдың Қытай боданы болғандығы туралы пікірлер басым болды. Қытай деректеріне жасалған мұқият талдаулар мұндай пікірлерді жоққа шығарады. Цин үкіметінің жолдаған хаттары арнайы саясатты ұстанса, Абылай да өзінің жауап хаттарында дипломатиялық сыпайылықты сақтап, оларға оң көзбен қарайтынын білдірді. Бірақ іс жүзінде Абылай өзінің ішкі және сыртқы саясатында тәуелсіз еді.

Абылайдың Цин орласымен белсенді елшілік және сауда қатынастары, қазақ мемлекеттілігінің бекітілуі Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін де арттырды. Дипломатия саласында оның алыстан болжайтын саясаткер ретіндегі қабілеттері айқын көрінді. Қазақ сұлтанымен Орталық Азия елдері де санасатын болды. Шығыс Түркістан, Қоқан иеліктерінің билеушілері Абылаймен байланыс жасауға ұмтылды. Көрші мемлекеттер Қазақ хандығымен елшілік және сауда-экономикалық байланыстарға түсе отырып, қазақ сұлтанын өз қарсыластарымен күресте одақтасуға да

ұмтылды. Абылай сол тұста қазақ елінің халықаралық беделінің беки түсуінде маңызды роль атқарды.

Азаттық үшін күрес кезеңі ретінде тарихта қалған XVIII ғасыр ортасындағы қазақ елінің сыртқы саясаттағы қуатты Цин патшалығына қарсы дипломатиялық әскери әрекеттері арқылы Абылай өз есімін қазақ тарихында алтын әріптермен жазды. Оның бірнеше рет күші басым қытай әскеріне тойтарыс беруі ел ішінде және көрші халықтар, тіпті жаулары тарапынан Қазақ хандығының қуаттылығын, Абылайдың елі таныған мемлекеттік қайраткер, дарынды әрі ержүрек әскери қолбасшы ретіндегі орнын айқындады. Оның осындай беделі қазақ елін қоршай жатқан қос империя арасында өсе түсті. Ресей де, Қытай да Абылайды өз жақтарына тартуға шаралар жасады. Нәтижесінде екі империя арасындағы қазақ елінде халықтың бірлігі, жердің тұтастығы, сонымен қатар далалық басқару жүйесі сақталып келді.

Әдебиет:

1. Н.Ә.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» Астана 2018
2. Н.Назарбаев «Тарих толқынында». А., 2005. 29-б
3. Ж.Тілепов. Тарих және әдебиет. А., 2001,3-б.
4. Мұқаметханұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2010.
5. Хафизова К.Ш. Казахская стратегия Цинской империи. – Алматы, 2007
6. Мұқаметханұлы Н. Орталық Азия елдері мен Қытай Чиң патшалығы ортасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар (XVIII-XIX ғғ.) // «Отан тарихы», 1999. № 1.

ӘОЖ 94 (574)

МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЙҰЛЫ - КӨРНЕКТІ САЯСИ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Бекет Ж., Дүкенбаева З.О.
(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін жариялаған күннен бастап отандық тарихты зерттеудің жаңа арнасы басталды. Кеңестік дәуірдің кереғар саясатынан теріс ой туындаған тарихи фактілер, тарихи тұлғалардың отан тарихындағы орнын айқындау бүгінгі таңның басты міндеттерінің бірі. Төл тарихымыздағы тарихи тұлғаларды шындық тұрғыда зерттеуге мүмкіндік алғаннан кейін отандық ғалымдар біршама жұмыстар атқарып, тарихи тұлғаларымыз лайықты бағасына ие болуда.

Қазақ тарихында өзінің әділ бағасына ие болмаған, ашылмаған, ақиқаты бұрмаланған немесе екі жақты пікір қалыптасқан мәселелер көптеп кездеседі. Отандық тарихтың күрделі, сонымен бірге маңызды кезеңдерінің бірі XX ғасырдың 20-30 жылдары екені белгілі. Қазақ халқының болашағы үшін күресте қазақ зиялыларының еңбегі зор. Қазақ халқы санасының оянуына ықпал еткен алаштың көшбасшылары қатарында Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мұхамеджандар болса, кейіннен олардың ісін жалғастырып, отанға қызмет еткен Сәкен, Тұрар, Смағұл, Жақыптар биік абыроймен жалғастырды. ҚР Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» еңбегінде ұлттық сипаттық барлық көріністер үшін тоталитаризм саясаты әсіресе апатты болғанын айтып өтіп, жүздеген, мыңдаған жылдар бойында қалыптасқан ұлттық тарихы, оның небір нәзік, небір айшықтары қоса соншалық өрескел озбырлықтың әсерінен душар болған еді дей келе, «Небір кемеңгер басшылары, небір ғажайып өнерпаздары өмір сүрген қазақ даласының нақты бір тарихы барлық дүниені түгелдей қайта құру жаңа

доктринасының шеңберінде дым құны жоқ қайдағы «жабайы тағылық» деп есептеліп, қайта жазылды. Ұлттық санамызды қорлап, жермен жексен қылған осындай содырлы нұсқаудан біз әлі де арыла алмай келудеміз», - деп өткен тарихты танып-білуде кеңестік кездегі таптық саясат әдісінің тигізген зардабы жайында жазып [1,2], осы кезеңде қазақтың ішінен шыққан ұлтжанды азаматтардың әрбірі ағартушылық, саяси-қоғамдық жұмысымен қазақтың мәдениетті елдер қатарына көтеру үшін бар күш-жігері мен өмірін арнады деп топшылайды.

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақтың ұлтжанды азаматтары қазақ өлкесінің тұрмыс жағдайын, оның әлеуметтік жағдайы мен экономикасын, ауылдағы қазақтың жағдайын жақсарту мақсатында көптеген ұсыныстар жасады. Бірақ қазақтың ұлтжанды азаматтары ойлары кеңестік билік тарапынан қабылданбай, олар саяси репрессияға ұшырады. Кеңестік билік Сталиннің өлімінен соң, яғни кеңестік коммунистік партиясының XX съезінен соң қазақ қайраткерінің көбі ақталғанменен, олардың қызметі жайлы толықтай зерттеуге сол кездегі орнаған билік мүмкіндік берген жоқ.

Аталған кезеңдегі қазақ өлкесін нығайту мақсатында еңбек еткен қазақ зиялыларының бірі емес, бірегейі Мұхамеджан Тынышбайұлы болған. Сталиндік тоталитарлық кезең уақытында, кеңестік идеология сәйкес қазақтың қайраткеріне біржақты баға берілді. Еліміздің тәуелсіздік жариялап, ой еркіндігіне қол жеткізгеннен соң қазақ халқы, ұлты үшін күрескен қайраткерлердің есімдері, олардың өмірлері мен қызметі тың жақтары қайта, басқа қырынан зерттеліп, ғалымдардың ғылыми-зерттеу нысандарына айналып бара жатыр.

Қазіргі жаһандану заманында әрбір ұлттың өзінің ұлттық рухани болмысын іздеуі – заңдылық. Ұлттық сана сілкінісін тудырап Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы тұлғатану мазмұнының негізгі өзегі де осыны меңзейді.

Қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, тұңғыш темір жол инженері Мұхамеджан Тынышбайұлы 1879 жылы 12 мамырда Жетісу (қазіргі Алматы) облысы, Лепсі уезі Мақаншы-Садыр болысының Ешкіөлмес тауының маңайында (қазіргі Қабанбай ауданы) дүниеге келген.

Мұхамеджанның әкесі - Тынышбай кісілікті, ел-жұртына беделді отағасы екен. Көнекөз қарттардың айтуынша, Патша үкіметі зорлықпен шұрайлы жерлерді казак-орыстарға тартып алып бере бастағанда, намысқа шыдамай, соның соңынан дау айтып, ояз бастықтарының есігін тоздырып, қуынғандардың алдыңғы легінде Тынышбай да жүрген-ді. Анасы - Шаһизадабану (Шәпен) келбетті, ақжарқын жан болған. Тынышбай мен Шаһизадабанудан екі ұл, үш қыз туған, олар: Ахмеджан (Айнолда), Мұхамеджан, Салмақты, Қадидша, Қампаш. Мұхаң әулетінің атақонысы - Ешкіөлмес, жайлауы - Суық, қыстауы - Сарқарын (Лепсінің батыс жақ жағасы), Басқан. Заманның құйындай соққан зауалы мен зұлматында бүгежектеп, бұқпантайлауды білмеген, бар ғұмырын халқының болашағы үшін арнаған, сол жолда өмірдің бұралаң-бұлтарысына табаны таймай, алдына қойған мұрат-мақсатынан әсте танбаған, адал жүрек, нар тұлғаның балалық жас дәурені - осындай шөбі шүйгін, суы шәрбат, әсем табиғаттың аясында өтті. Бірде Тынышбай үйіне қыдырып келген Лепсидегі медіресеге дәріс беретін Хамитмағзұм молдаға бес жасар Мұхамеджан көргеннен ұнап қалады. Бұл сырын ол отағасына бүкпесіз білдіріп, ұлын медресеге жіберуін қолқалап, көндіреді. Қабілетті бала, сөйтіп, жылға жетпей арабша хат танып шығады [2, 4].

Мұхамеджан Тынышбайұлы 1889–1900 жылдары Верный ерлер гимназиясында оқып, оны үздік бітіріп шығады. 1900–1906 жылдары Санкт-Петербургтегі І Александр атындағы жол қатына сын жөнерлерін даярлайтын институтта оқып, бітіреді. Патшаүкіметі 1905–1907 жылдардағы бірінші орыс революциясын (төңкерісін) басып-

жаншып, өзінеұнамаған І Мемлекеттік думаны таратты да, ІІ Дума ғасайлау жүргізуді тағайындады.

Мұхамеджан Тынышбаев Ә.Бөкейхановтың төңірегінде топтасқан қазақтың ұлттық- демократиялық көз қарастағы интеллигенциясы серкелерінің біріретінде 1907 жылдан 1917 жылдың жазына дейін қазақтың тұңғыш Алаш аталған партиясын құруға белсене араласты. Бірінші Жалпы қазақ съезіне қатысып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Түркістан өлкесінде Жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің билікті өз қолына алу жолындағы әрекетіне қарсылықтанытты. Түркістан өлкесі мұсылмандарының Төртінші съезіне қатысып, онда құрылған Түркістан («Қоқан») автономиясының Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып сайланды. Көп ұзамай ол бұл қызметтерінен бас тартты. Оның орнына Мұстафа Шоқай тағайындалды [3, 61].

Алаш партиясының ұйымдастыруымен 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда өткен Екінші Жалпы қазақ съезінде ол ерекше белсенділік көрсетіп, сол съезде жарияланған Алаш автономиясының (Қазақ мемлекеттігінің) бастау кезінде тұрған қайраткерлердің бірі болды. Ол съезде сайланған Алаш орда үкіметінің қатарына енді.

1919 жылдың соңы–1920 жылдың басына дейін М.Тынышбаев Кеңес үкіметінің озбырлық, зорлау саясаты мен іс-әрекеттеріне қарсы күреске қатысты: Жетісу облысында Алаш автономиясының қарулы күштері ретінде анықталған және «халықтық милиция» аталған жас ақтардық алыптастыруға, оларды мінісаттарымен, қару-жарақпен, киім-кешектермен қамтама сызету істерімен айналысты. Басқа алашшыл қайраткерлер мен бірлесе отырып, Алаш орда үкіметінің жеті сулық бөлімшесін басқарды.

1919 жылдың көктемінде Қазақстандағы азамат соғысы майданындағы күштердің ара салмағы «қызылдардың» (Кеңес үкіметінің) пайдасына қарай ауыса бастады. Осындай жағдай ең алдымен өлкенің солтүстік өңірінде орындалды. Осындай хал-ахуал барысында Алашорданың Ахмет Байтұрсынов бастаған торғайлық тобы амалсыздан Кеңес үкіметін мойындап, В.И. Ленин басқарған Ресей Кеңестік Социалистік Республикасының Үкіметі - Халық комиссарлар кеңесімен келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Кеңес үкіметінің басшысы, егер Алаш орда жаңа билікті (пролетариат диктатурасы аталған жаңа саяси билікті) мойындайтын болса, Алаш орда қозғалысына қатын асқандарға кешірім жасалады деп мәлім деді.

Бұл кезде Жетісу майданындағы күштердің ара салмағы да шешуші түрде Кеңестік күштердің жағына ауысқан еді. Осындай жағдайда шетелдік эмиграцияға кетуден бас тартқан М.Тынышбаев 1919 жылдың соңына қарай өзінің жетісулық пікірлестері мен серіктестері Садық Аманжолов, Жұмахан Күдерин, Базарбай Мәметов, Мырзахан Төлебаев, Алдаберген Үмбетов, Біләл Сүлеев, тағы басқалар мен бірге Ахмет Байтұрсынов басқарған Алаш орданың торғайлық тобы сияқты Кеңес үкіметін амалсыздан мойындады [4,8].

1920 жылдан бастап М.Тынышбайұлы Кеңес үкіметінің жағына шығып, «буржуазиялық маман» ретінде Шымкентте, Қызылордада, Алматыда әр деңгейдегі шаруашылық мекемелерінде еңбек етті.

Өмірлерін ұлттық мүдде үшін қиған Мұхаметжан Тынышбаев сынды тұлғалардың саяси қоғамдық көз қарастары мен тарих изерттеулері жаңа көзқарастар тұрғысында жаңадан бағалана басталды. Қазақ халқының 20-30 жылдардағы тарих ғылымында Мұхаметжан Тынышбаев зор роль атқарды. Сол жылдары Орынборда А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтардың редакторлығымен жарық көріп тұрған «Қазақ» газетінде былай делінді: «М.Тынышбаев ІІ-Мемлекеттік Думаның ағзасы, инженер. Саясат ісіне жетік халыққа таза жолымен қашаннан қызмет етіп жүрген алдыңғы қатарлы зиялы азамат. Жетісуда бүліншілік болғаннан бері Мұхаметжан көзге көрінерлік көп пайда келтіріп

жүр.Былыр Түркістан уалаятында Куропаткинге генералгубернатор болғандығын, мәселенің бәрі Жетісу қазаққырғызында емес, жергілікті хәкімдердің жауыздығынан болғандығын Куропаткинге жете түсіндіруші Мұхаметжан Түркістан уалаятындағы қазаққырғыздардың жерін Жетісу переселендік мекемесінің зиянды саясаты бойынша мұжыққа алынғандығын жергілікті халықтардың тау мен тасқа қамалып қалғандығын һәм мұнан былай да жер алынатын болса, қазақ пен қырғыз аса таршылықта қалатындығын дәлелдеп доклад жазған Мұхаметжан» [5,7]. Бұл тұрғыда зерттеуші-ғалым М.Қойгелдиев: «Біз бұрын қырғынға ұшыраған жалғыз қырғыз деуші едік, Мұхаметжанның айтуынша Жаркент уезіндегі албандардың (ұлы жүз) опат болған босқындар саны қырғыздардан кем емес» екендігін айта келіп, осы мәселені анықтаудағы М.Тынышбаевтың саяси-қоғамдық және зерттеушілік қызметіне жоғары баға береді [6,77].

Бүгінгі тәуелсіз ел болуымыз, ол батыр бабаларымыз, қайраткерлеріміздің күресі мен осы жолда қиған жандарының нәтижесі. Біз олардың қазақ ұлтына сіңірген, еліміздің қалыптасуындағы еңбектерін ұмытпау, жадымызда сақтауымыз қажет. Оларды еске алып, түрлі іс-шараларды өткізіп, ерліктерін насихаттай, жас ұрпақ бойына сіңдіруіміз керек.

Әдебиет:

1. Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы: Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияның материалдары. - Алматы, 1999. 221б.
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым.Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2009 жыл. 240 б.
3. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008 жыл. 430 бет.
4. Нұрпеісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы, 1995. 64бет.
5. Қазақ газеті. – 1917. - №237.
6. М.Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 313 б.

УДК 336.764

МОДУЛЬ «1С ЭКСПРЕСС-ПРОВЕРКА ВЕДЕНИЯ УЧЕТА» КАК ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ

Бапанова С.А., Протасова О.В.
(*СКГУ им. М. Козыбаева*)

Реформирование экономики Казахстана поставило перед предприятиями ряд новых задач, характерных для рыночных хозяйственных отношений: поиск источников финансирования и надежных контрагентов, обеспечение прибыльности функционирования и т.п. Решение таких задач невозможно без адекватной информации о деятельности предприятия, которую должна обеспечивать система бухгалтерского учета и отчетности.

Целью бухгалтерского учета и финансовой отчетности является обеспечение заинтересованных лиц полной и достоверной информацией о финансовом положении, результатах деятельности и изменениях в финансовом положении предпринимателей и организаций.

Одной из основных задач бухгалтерского учета является обеспечение информацией, необходимой внутренним и внешним пользователям финансовой отчетности для контроля за соблюдением законодательства Республики Казахстан при

осуществлении организацией хозяйственных операций и за их целесообразностью. Бухгалтерский учет и отчетность необходимо развивать по следующим основным направлениям:

- повышение качества информации, формируемой в бухгалтерском учете и отчетности;
- усиление контроля качества финансовой отчетности;
- существенное повышение квалификации специалистов, занятых организацией и ведением бухгалтерского учета и отчетности, аудитом бухгалтерской отчетности, а также пользователей бухгалтерской отчетности.

Как показывает отечественная и мировая практика, важнейшим элементом обеспечения качества бухгалтерской отчетности является повышение качества информации.

При ведении учета и подготовке финансовой отчетности с помощью учетной программы пользователям важно быть уверенными в том, что ими не были допущены ошибки и неточности.

В настоящее время разработаны десятки программ, позволяющих автоматизировать бухгалтерский учет на предприятиях с помощью персональных компьютеров. Все программы предлагают стандартный набор инструментов, позволяющих облегчить и автоматизировать работу бухгалтера. Большинство программ универсальны и дают возможность автоматизировать бухгалтерский учет любого вида сложности. К наиболее популярным программам ведения автоматизированного бухгалтерского учета относится и 1С: Бухгалтерия.

В состав типовой конфигурации «1С: Бухгалтерии 8» входит специальный механизм «Экспресс-проверка ведения учета», который позволяет бухгалтеру самостоятельно проводить «мини-аудит» состояния данных его информационной базы. Такой внутренний контроль призван помочь бухгалтеру своевременно обнаружить и исправить ошибки в информационной базе «1С: Бухгалтерии 8» до формирования отчетности.

Данный отчет позволяет провести проверку по следующим разделам учета (рис.1):

- Положение учетной политики
- Операции по денежным средствам
- Учет заработной платы работников организации
- НДС
- Регламентные операции
- Учет основных средств и т.д.



Рисунок 1. Пример представления набора проверок

Выполнив экспресс-проверку, пользователь получает отчет о ее результатах, в котором показывается общее число видов проведенных проверок и число проверок, в ходе выполнения которых были обнаружены ошибки в данных информационной базы.

Результаты экспресс-проверки можно выводить с детализацией по разделам учета и по каждому виду проверок. Кроме того, в отчете могут быть показаны комментарии к каждой выполненной проверке. Комментарий содержит следующую информацию: предмет контроля – что именно проверяет текущая проверка; результат проверки – были ли в ходе проверки обнаружены ошибки; возможные причины ошибок и рекомендации по их устранению (рис. 2).



Рисунок 2. Пример причины ошибок и рекомендации по их устранению

По проверкам, в ходе выполнения которых были обнаружены ошибки, в отчет, как правило, выводится детальная информация об ошибке. В зависимости от конкретной проверки это могут быть период, в котором обнаружена ошибка, остатки и обороты по бухгалтерским счетам и другим учетным регистрам, отдельные документы, в которых алгоритмом проверки были найдены ошибки.

После того, как сформирован отчет с детальной информацией по обнаруженным ошибкам, бухгалтер может перейти из него к первичным документам или стандартным отчетам. После внесения необходимых изменений можно повторно запустить процедуру проверки данных. Возможно несколько циклов проверки до полного исправления всех ошибок.

Средство контроля «Экспресс-проверка ведения учета» предназначено, прежде всего для бухгалтера, ответственного за соответствующий раздел учета на предприятии. Бухгалтер может использовать его для проверки правильности учетных данных в конце отчетного периода, после ввода всех первичных документов по разделу учета. Многие разделы экспресс – проверки могут использоваться и для текущего контроля правильности введенной информации.

«Экспресс-проверка ведения учета» – это инструмент «1С: Бухгалтерии 8», который обеспечивает анализ данных информационной базы на соответствие законодательству и заложенной в программе методологии учета, помогает бухгалтеру в любой момент времени получить как сводную, так и достаточно детальную информацию о состоянии данных его информационной базы, своевременно выявить ошибки в ведении учета до того, как будет сформирована бухгалтерская отчетность.

Литература:

1. Медведев М.Ю. Общая теория учета: естественный, бухгалтерский и компьютерный методы. - М.: Издательство «Дело и сервис», 2001. - 752 с.
2. Учебное пособие по МСФО. Представление финансовой отчетности. https://uchet.kz/standarts/msfo/msfo_learning/um_ias7.pdf.
3. Салагаев В., Шалабай Б. Составление деловых бумаг. Учебное пособие. - Алматы: Раритет; Республиканский издательский кабинет казахской академии образования им. И. Алтынсарина, 2000. - 208 с.
4. Жакупова О.М. Финансовый учет КЭУК 2005г., часть 3 - 159 с.

УДК 10.87.51

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОЯВЛЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО ТЕРРОРИЗМА В СТРАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Бейсенов С.К.

(СКГУ им. М. Козыбаева)

Терроризм во всех его формах и проявлениях и по своим масштабам и интенсивности, по своей бесчеловечности и жестокости превратился в одну из самых острых и злободневных проблем глобальной значимости. Всяческие проявления терроризма влекут за собой массовые человеческие жертвы, разрушают все духовные, материальные, культурные ценности, которые невозможно воссоздать веками.

В системе основных внешних угроз региональной безопасности стран Центральной Азии международный терроризм занимает одно из ведущих мест. Различные его проявления, в том числе в виде террористических актов, стали неотъемлемым фактором общественно-политической жизни ряда государств центрально-азиатского региона [1, с. 16].

В Центрально-азиатском регионе оперируют международные террористические организации или их подразделения, радикально настроенные исламские фундаменталисты, экстремистские группировки, что вызывает обеспокоенность как государств региона, так и всего мирового сообщества. Крайне опасное социально-политическое и криминальное явление, которое представляет собой терроризм, стало на рубеже тысячелетий глобальной угрозой безопасности. В Центрально-азиатском регионе система безопасности неразрывно связана с глобальной системой безопасности. Международный терроризм, религиозный экстремизм и этно-национальный сепаратизм, организационная преступность, незаконный оборот наркотических средств и оружия, нелегальная миграция нашли благоприятную почву на территории Центральной Азии.

Центрально-азиатский регион в силу своего геополитического расположения, в последнее время стал ареной столкновения военно-политических сил и экономических интересов Соединенных Штатов Америки, Российской Федерации, Ирана, Китая, Пакистана и Турции [2, с. 59].

Эксперты отмечают, что практически невозможно предсказать, где и когда произойдут теракты, опираясь только на анализ статистических данных. Обозначенная в исследованиях линия стабильности и безопасности между разными странами региона носит условный характер. Риск распространения угрозы экстремизма, осуществления терактов достаточно высок во всём регионе, а для ряда государств Центральной Азии объективно существует вероятность оказаться вовлеченными в орбиту международного

терроризма. К тому же совершенно очевидно, что перспективы развития в регионе идеологии терроризма во многом зависят от ряда факторов как внешнего, так и внутреннего характера.

Дискуссионным аспектом в анализе распространения проявлений международного терроризма в Центральной Азии является вопрос приоритетности и взаимосвязи причин данного явления. При изучении феномена самого терроризма исследователи основываются на анализе внутренних и внешних причин (факторов), способствующих его возникновению и развитию.

Внутренние причины возникновения терроризма и экстремизма связаны со сложной социально-политической и экономической ситуацией, в которой оказался ряд стран Центральной Азии, маргинализацией определенной части населения, недовольство которого нередко переходит в оппозиционные движения.

Внешние факторы возникновения в Центральной Азии международного терроризма - это, в основном, соседство с существующими и потенциальными «горячими точками», образующими так называемую «исламскую дугу» нестабильности: Кавказ, СУАР Китая, Кашмир и, конечно же, Афганистан [3, с. 127].

За последние несколько лет практически во всех странах Центральной Азии наблюдались совершенно новые, в сравнении с прошлыми годами, тенденции проявления терроризма и экстремизма, характеризующиеся следующими основными факторами. Во-первых, произошли события, способствующие резкому обострению внутривнутриполитической ситуации. Во-вторых, заметно возрос уровень криминализации в процессе политической борьбы в странах региона. В-третьих, среди традиционных проявлений терроризма и экстремизма преобладает совершение терактов и вооружённых нападений на государственные объекты со стороны представителей соответствующих организаций и группировок. В-четвертых, центрально-азиатские правительства довольно часто прибегали к принятию новых мер антиэкстремистского характера, в большинстве случаев сужающие гражданские права. В-пятых, увеличение количества различных массовых акций протеста, некоторые из которых вылились в открытое противостояние граждан против представителей власти.

Как показывает мировая практика, невозможно однозначно определить какую-либо единую причину или же группу причин внешнего или внутреннего характера в качестве наиболее влиятельного компонента. Кроме того, несмотря на схожие условия проявления терроризма в мире, сами причины имеют существенные различия. А для каждого государства в силу тех или иных факторов возможен различный ход развития и распространения терроризма на том или ином этапе исторического развития общества.

В современном мире религия и политика не просто взаимосвязаны, они напрямую взаимовлияют друг на друга. Однако не везде их отношения гармоничны, часто они являются соперниками за власть над общественным сознанием. Это приводит к политизации религии и создает угрозу национальной безопасности того или иного государства. Одним из главных детерминантов терроризма в регионе остаются социально-политические причины, что способствуют широкому восприятию в обществе экспортируемых извне радикальных идей. Эти причины оказались одними из главных факторов появления на политическом поле таких наиболее известных исламистских движений и объединений, как «Исламское движение Узбекистана», «Партия Исламского Освобождения», «Братья-мусульмане», «Общество социальных реформ», «Комитет исламского призыва», «Комитет мусульман Азии», «Центр исламского развития», «Восточно-Туркестанская исламская партия» и многих других. Основная цель этих организаций - пропаганда идей сепаратизма и радикального фундаментализма [4].

По мнению экспертов, формально подпадая под определение террористической, деятельность радикальной исламской оппозиции в Центральной Азии во многом носит протестный характер и вызывается к жизни значительным конфликтогенным потенциалом, накопившимся в регионе за последние десятилетия. Неспособность адаптироваться к новым условиям привела часть населения в объятия наиболее радикальных исламских группировок и международных террористических структур подпольно функционирующих на территории стран Центральной Азии [5].

Терроризм - проблема, решение которой невозможно в рамках одного государства. Террористы не знают границ и их подавление возможно лишь в ходе координации совместных усилий различных, в первую очередь, соседних государств. Но эффективность такой координации возможна лишь при четком понимании общих задач и неизбежности сотрудничества, при котором зачастую приходится жертвовать узконациональными интересами ради общего блага.

В рамках противодействия терроризму государства Центральной Азии участвуют в деятельности таких антитеррористических структур, как Антитеррористический центр СНГ, Региональная антитеррористическая структура ШОС, вырабатывают совместные меры противодействия терроризму в рамках ОДКБ. Основой успеха борьбы с терроризмом является авторитет государства в обществе. Инструментом подавления терроризма становятся правоохранительные органы государства, которые должны работать в рамках утвержденных законодательством мер. Неподчинение государственных органов законам порождает недоверие и отчужденность общества, без доверия которого проблемы, порождающие террор, не искоренить.

Государственная политика борьбы с терроризмом должна включать в себя:

- искоренение социально-экономических основ терроризма;
- диалог с умеренно радикальными религиозными силами в целях включения их в легальный политический процесс, в ходе участия в котором они дерадикализируются;
- пропаганду идей традиционного ислама, в особенности среди молодежи, государственную поддержку и защиту представителей традиционного для народов государства направления ислама [6, с. 75].

В целом, следует подчеркнуть следующее, главными детерминантами терроризма были и остаются социально-экономические причины, выраженные в представлениях значительных масс населения о величайшей социальной несправедливости собственного положения. Эти трудности способствуют достаточно широкому восприятию в обществе экспортируемых извне радикальных идей. В настоящий период перед странами Центральной Азии угроза терроризма по-прежнему остаётся актуальной и исходит от международных террористических организаций, которые намереваются дестабилизировать общественно-политическую обстановку в регионе. В этой связи, всему международному сообществу необходимо усилить взаимодействие для совместного противостояния данным проявлениям. Терроризм перестал быть преступлением национального и регионального характера, он стал глобальной проблемой, проблемой международного сообщества.

Литература:

1. Шоберлейн Д.М. Укрепление стабильности в Центральной Азии // Содействие стабильности в Центральной Азии. - № 14. - 2017. - С. 15-20
2. Лунеев В.В. Терроризм и организованная преступность в условиях глобализации. - Алматы: Данекер, 2016. - 216 с.
3. Исакова Г.А. Центральнo-азиатский регион в стратегии России, США и Китая// PolitBook. - № 1. - 2012. - С. 125-129
4. Нуруллаев А.А. Религиозно-политический экстремизм: понятие, сущность, пути преодоления// www.rlinfo.ru/projects/seminar-10let/nurull.html, 2018

5. Карин Е.Р. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному// www.kursiv.kz/freshkursiv/details/tendencii-weekly/terrorizm-v-kazaxstane-ot-virtualnogo-k-realnomu/, 2018
6. Егоров, Е.Н. Стратегия борьбы с терроризмом и религиозным экстремизмом в Центрально-азиатском региона. - Санкт-Петербург, «Стратегия будущего», 2014. – 186 с.

ӘОЖ 94 (574)

ҰЛЫ ДАЛА ӨңІРІНІҢ КИЕЛІ ЖЕРІ - ТҮРКІСТАН

Әмірхан Б., Дүкенбаева З.О.

(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12-сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген мақаласында қоғам санасы жаңаруының қалыптасуындағы бірнеше атқарылатын жобалар арасында «Туған жер» атты бағдарламасы өлкетану бағытының дамуына жаңа серпіліс бергені анық. «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше опоңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады... Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәденигенетикалық кодының негізі» [1, 2-б.] дей кел ел Президенті тарих ғылымы дамуының жаңа белесін анықтап отыр. Осы тұста сана жаңғыруының жаңа белесіне көтерілген сәтте жас ұрпақ үшін туған өлке тарихы өте маңызды болып табылады. Сондықтан Отан тарихының тыңғылықты зерттелуі негізінде болашақ жастардың бойындағы туған елге деген ыстық сезімін оятуға мүмкіндік алып отырмыз.

Қазақ тарихын қарастыра келе ұланғайыр территориямыздың әрбір өңірінің өзіндік ерекшелігі мен қыр-сырлары бар. Әсіресе Қазақстанның оңтүстігі, оның ішінде Түркістан өңіріне ежелден бері күні бүгінге дейін өзінің тарихы мен мәдениеті негізінде қызығушылық үзілген емес. Бүгінгі мақалада Түркістан өңірінде орналасқан қасиетті орындар мен қалың көпшілік біле бермейтін тарихи орындарға сипаттама жасаймыз.

Оңтүстік Қазақстан деген тарихи-географиялық термин орта ғасырлар деректемелерінде Мауараннахр (Сырдария мен Әмудария өзендерінің аралығы) мен Шығыс Дешті Қыпшақ (Қаратаудан Сырдарияның төменгі ағысы мен Аралдан солтүстікке қарай көсіліп жатқан далалық кеңістік) арасында жатқан Орта Сырдария алабына қатысты айтылады, яғни оңтүстік-шығысында – Сайрам қаласынан оңтүстікке таман (Шымкент маңайында), Шыршық және Бадам аңғарларының су айрығымен және солтүстік-шығысында – Қаратау жотасымен шектелетін Сырдарияның сол жағалауын бойлай созылып жатқан тар өңір мен сол жағалауын бойлай жатқан кең өңірдің жері Түркістан деп аталған [2, 476-477-бб.].

Түркістан облысы – ежелгі өркениеттің жері болған деп айтсақ қателеспейміз. Осы аймақта құрылған мемлекеттер мен тайпалық одақтық мемлекеттер өзіндік тұрмыстық мәдениет негізін қалады.

Түркістан облысы территориясы ежелгі сауда жолдарының ең құдыреттісі саналған Ұлы Жібек жолы тармағындағы ең тұрмысы қайнаған жер болып табылады. Түркістан облысы өзінің тарихи қорғандарымен, бекіністерімен, ежелгі дәуірдегі кесенелерімен, бір сөзбен айтқанда маңызды ескерткіштерімен әлемге әйгілі. Түркістан облысында 802 тарихи және мәдени ескерткіштер тіркелген, олардың арасынан бес жүзден астамы археология ескерткіштері, 42 тарихи ескерткіштері, 226 архитектуралық ескерткіштер жыл сайын тұрғындардың қызығушылығын арттырып келеді.

Түркістан қаласының тарихы, болмысы сол жерде орналасқан Қожа Ахмет Яссауи кесенесімен тығыз байланысты болып келеді. XIV ғасырдың соңында тұрғызылған кесене түркістандықтар үшін ғана емес, бүкіл түркі халқының асыл қазынасы болып табылады. Кесененің тарихы, Қожа Ахмет Яссауи есімімен байланысты аңыз-әңгімелер топтастырылған еңбекті Ә.Қ.Муминов бастаған бір топ ғалым 2009 жылы жарыққа шығарып, Түркістан облысы сакралды тарихын зерттеу бағытына өз үлестерін қосады [3].

Белгілі ғалым Өмірзақ Озғанбай өзінің еңбегінде «Мен исі мұсылман баласы бас иіп, тағзым ететін, қазақтың қаймағы бұзылмаған еліміздің оңтүстік өңіріндегі қасиетті Түркістан топырағына табаным тиген сәтте үлкен тебіреніс үстінде толқимын. Мұсылмандықтың ақ туы тігіліп, шамшырағы жанған киелі мекенде жатқан ата-бабалардың рухы күш-қуат бергендей, ерекше күй кешемін. Көненің көзі, ескінің сөзі сөйленіп тұрғандай сезілетін бұл қасиетті топырақта елім, жерім, ұрпағым деп ғұмыр кешкен, солардың бақытты болашағы үшін өркен жаяр деген үмітпен өмір сүрген, ұрпағымның жайы не болар екен, елі мен жерін қорғап, аман-есен сақтай алар ма екен деп артына қарай-қарай кеткен ата-бабаларымыздың алтын сүйегі жатыр. Олар жатқан топыраққа тағзым етіп, бас иген сәтімізде көңіл-күйіміздің сан құбылып, толқитыны да осыдан болса керек. Өйткені Түркістан топырағында жатқан елімнің иесі, жерімнің киесі болған асылдарымның қиығы еді. Ата-бабалар рухы осы мекенді қорғаштап жүретіні белгілі» [4, 307-б.] дей келе Түркістан өңірінің киелі мекен екеніне назар аударады.

Түркістан маңында, Қаратау бөктерінде қазақ үшін киелі саналатын, халықтың жадында қалып, аңыз-әңгімелердің арқауы болған тұлға – Ұкаша ата қасиетті орны бар. Кеңес өкіметі тұсында орталық тараптан жергілікті халық тарихы оқытылмай, маркстік-лениндік бағыттағы тарих ғылымы негізінде баяндалды. Яғни, қазақ халқының мыңжылдықтар бойындағы көшпенділік өркениеті, қазақ даласындағы тұлғалар, әулиелер есімдері аталуға шектеу қойылды. Қазақ елінің тәуелсіздік жариялап, тарих бағытындағы жаңартула көлеңкеде қалған тұлғалар мен құбылыстар тарихына қайта зерттеуге мүмкіндік алды. Соның арқасында бүгінгі таңда қазақ өз алыптарымен мақтана алады, олардың ерліктері мен өсиеттерін ұрпақтарына айта алады.

Ұкаша ата кесенесі республикамызға танымал орындарының бірі, дегенмен аса үлкен танымалдылық оның географиялық орналасуына байланысты Түркістан мен Қызылорда облыстары тұрғындар үшін құрайды. Кесене орналасқан жерге жыл сайын адамдар Ұкаша атаның қабірі орналасқан жерге барып, құран бағыштап, кейін жақын жердегі таулы жердегі бір шақырымдық жердегі құдықтан су ішеді. Халық арасында құдық жайлы да көптеген әңгімелер айтылып, оның қасиетті орындарының мәнін арттырып отыруда.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жариялауының нәтижесінде Отан тарихының жаңа беттерінде көптеген тұлғалар қайта қаралып жатыр. Бүгінгі таңда «Ұкаша ата» тарихи-мәдени ескерткіші мемлекет қарамағына айналып, Түркістан облысы Түркістан өңіріндегі туристік лек картасындағы қасиетті орындарының бірі болып табылады. Түркілер арасында ислам дінін таратушы Ұкаша сахабасына арналған кесене туралы

Оңтүстік Қазақстан энциклопедиялық кітабында бұл орынды сәулет өнері ескерткіші тұрғысынан қарастырылады. «Қаратудың күнгей бетінде, Өгіз тау шатқалы маңындағы қыратта, Түркістан қаласынан 42 км жерде. Шамамен 6-7 ғасырларда өмір сүрген, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға замандас болған ислам дінінің өкілі – Ұкаша атаға арнап тұрғызылған... Кесененің батыс жағында 200 м жерде Ұкаша ата құдығы бар» [5] деп дәл географиялық орналасуын береді.

Түркістан өңірі тұрғындары үшін халық жадындағы аңыз адамдарының бірі саналатын Ұкаша ата жайлы жазылған тарихи дерек жоқ, сондықтан тұлға жайындағы әңгімелердің негізгі бөлігі халық ауыз әдебиеті мен аңыз-әңгімелерге иек артады. Оңтүстік халқы үшін Ұкаша ата есемі Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб секілді тұлғалармен бір қатарда тұрады.

Шоқан Уәлихановтың қазақ өлкесінің зерттеуіне арналған бес томдық жинақ еңбегінде Шоқан Уәлиханов Ұкаша ата жайлы қызықты әңгімені айтып өтеді. Еңбекте: «Родоначальником Средней орды был товарищ, сахаба Мухаммада избранного». Пророк по откровению архангела Гавриила, узнав о скором своем оставлении правления сего тленного мира, чтобы там, в эдеме, на лоне гурии, отдыхать вечно и вечно, призвал своих друзей и товарищей и сказал им об этом, прося прощения, если он сделал кому-нибудь из-них обиду. Все плакала и говорили: «Ты друг аллаха, мог ли ты сделать обиду!». Только один сахаба, по имени Оксе, объявил претензию, что пророк при осаде какого-то города безвинно ударил его в спину. Мухаммед действительно вспомнил свою ошибку и в возмездие предложил ему спину. Абубекр, Омар, Осман, Али и другие вельможи тщетно отговаривали Оксу оставить безрассудное свое намерение. Оксе ничего не хотел слушать и, при общем проклятии народа, подошел с плетью к священной спине любимца аллаха и просил его обнажить тело. Пророк снял свое верхнее платье. Оксе того и нужно было: он знал, что на спине избранного есть божия печать, приложившись к которой смертный делается недоступным адскому огню. Оксе вместо ожидаемого удара только наклонил голову, поцеловал и отошел прочь. Но за неудовольствие, причиненное им пророку, и по ... общественного проклятия бог обрек его и его потомков бродяжничеству, благословие, впрочем, вместе с тем на довольство и безбедность. От него [Оксе] происходит... родоначальник уйсуней и всего народа» [6, 273-274-66] деп айтыла келе жоғарыдағы Оксе деген адам Ұкаша екенін пайымдайды. Соңына қарай Ш.Уәлиханов арабша аталуында өзгеріске ұшығараған есімнің шын мәнінде Г.Н.Потаниннің қазақтардың өз бастауын Аккаш немесе Анеш деген есімдердің Ұкашаға қатысы жоқ деп қорытынды жасап, Оксе – Ұкашаның бұрмалауға ұшыраған деп қорытындылайды.

Ұкаша ата жайлы жазбалар ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында өмір сүрген қазақтың тарихын жазған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының, Шәді төре Жәңгірұлының, Жүсіпбек Шайқысламұлының жұмыстарында кездеседі. Ғалымдар жұмыстарында да сахаба есімі өзгеріске ұшырап «Ғакаша» деп айтылады. Қазақ білгір тарихшысы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы жұмысында мынадай мәлімет береді: «Ғакаша, Ерқоян, Құттықожа, Имамбайыр қолбасшылары бастаған түркі тайпаларынан жасақталғантоқсан адамдық топты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) жасақ құрамына қосады». Ғакаша сахаба пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) сенімділерінің біріне айналады. Аталған дерек негізінде Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы тұлғаның түрік тайпасынан шығып, түрік екеніне назар аударады [7, 175-192-66].

ХХ ғасырдың 60-жылдары Кеңес өкіметі тұсында атеистік көзқарастар негізінде білім мен ғылым жалғасын тауып отырды. Дін тақырыбы көбінесе оны әшкере ету мақсатында зерттелінді. Мұның айқын көрінісі О.Дастанов тарапынан 1967 жылы шығарылған еңбегінде біз зерттеп отырған сахаба мәселе бойынша жауап беруге тырысады. Еңбекте Ұкаша сахаба пайғамбар тапсырмасымен түркілер арасында дінді

тарату мақсатын жіберілді деген құнды мәлімет келтіреді. Сонымен қатар аталған еңбек діни тұлғалардың мифологиялық екеніне назар аудартқысы келгенмен, сол уақыттағы қоғам арасында айтылып жүргеніне, әулие басына зиярат етіп жүргеніне, құдықтан су ішіп жүргеніне назар аудартады. Яғни атеистік қоғамда да халық өзінің тамырын ұмытпай, рухани қазынасынан сусындап отырғанының белгісі болып табылады [8, 41-44-бб.]

2013 жылы тарихшы Мұхтар Қожа Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі әулие жерлер тарихына арналған еңбек жазып, оның ішінде Ұкаша ата жайлы қызықты мәлімет келтіреді. Ғалым еңбегінде: «Ұкаша ата атты киелі орын Түркістан қаласынан 60 шақырым жерді, Серт ауылының солтүстік жағындағы Қаратау етегінде жатыр. Аңыз бойынша Ұкаша ата Мұхаммед пайғамбардың сахабасы екен. Оны жау жеңе алмаған, ешбір пенденің оғы өтпейді, қылышы кеспейді екен. Жаулары айла жасап оның әйелін алдап сахабаның осал жерін біліп алыпты. Ұкаша ата тек таң намазын оқыған кезде қорғансыз болады екен. Оны білген кәпірлер Ұкаша ата таң намазын оқып отырған кезде келіп басын қылышпен шауыпты. Жансыз басты періштелер домалатып қырдың етегіне жеткізіпті. Сол жер қақ айырылып құдық болып Ұкаша ата басы оған түсіп жер асты өзен арқылы Мұхаммед пайғамбарға жетіпті. Сахабаның қаны тамған жердің бетіне саздан ұзындығы 21 м белгі соғылған. Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Ұкаша атаның басы домалап түскен құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Зияратшылар осы құдыққа кезекпен шелек салып су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулерге қанша мәрте шелек салғанымен бір тамшы су ілінбейтіні бар. Мұны шелек тастап отырған адамның күнәсіне балап түсіндіреді» - деп бұл орынның қасиетті екенін айтады [9].

Деректер мен аңыз-әңгімелерден Ұкаша атаның тарихта болған тұлғажәне ислам дініне қатысы бар екенін аңғара аламыз. Аңыз-әңгімелердің негізгі дені оны түркі дәуіріне апарып, пайғамбар заманында өмір сүргенін дәлелдейді. Мұндай тұлғаның кеңес заманында зерттелмеуі сондықтан түсінікті болып отыр. Дегенмен халық жадында Ұкаша «әулие» есімімен белгілі болуы халықтың өзінің қасиетті тұлғаларын ұмытпайтынын білдіреді. Бұл қасиетті орынның Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жақын орналасуы географиялық тұрғыда Түркістан өлкесін әулиелі жер санауға итермелесе, екінші жағынан туристік лектің көбеюі мен қазақ тарихын келетін қонақтарға егжей-тегжейлі таныстыруға зор мүмкіндік болып табылады.

2018 жылы Түркістан облысы әкімшілігі тарапынан облыстағы республикалық мәнге ие тарихи-мәдени ескерткіштер аумағына QR-код тақтайшалары арқылы өңірге саяхаттап келетін туристер нысан жайлы ұялы телефондары арқылы ақпарат алу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай тақтайшалар Қожа Ахмет Яссауи, Ұкаш ата, Гауһар ана, Арыстан баб және басқа да кесенелерге, Қазығұрт ауданындағы «Кеме қалған» монументіне, Ақ мешіт әулие үңгірі жанына, Отырар мен Сауран қалашықтары маңына қойылған. Өз кезегінде аталған «ноу хау» туристер үшін гид рөлін атқаруы да мүмкін.

Түркістан облысы мен Түркістан өңірінің сакралды орындарының тарихи-мәдени функцияларымен қатар отандық және шетелдік туристік бағыттардың ең кең тараған бағыт-бағдары болып табылады. Бұл бағытта Түркістан облысы әкімшілігі тарапынан қомақты жұмыстар жүргізіліп, отандық өлкетану бағытының дамуына өз үлесін қосуда. ХХІ ғасыр жаңа тенденциялары өлкетану бағытының негізіне айналып, жаңа заман технологияларын аталған бағытта қолдану арқылы қоғам тарапынан тарих ғылымының артуына алып келеді.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. №70(29051) 12 сәуір, 2017 ж.

2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. - Алматы: «Атамұра», 2010. - 640 б.
3. Муминов Ә.Қ., Моллақанағатұлы С., Қорғанбек Б., Садықбеков М.Ж., Нұрбеков Ж.М. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. – Алматы: «Эффект», 2009. - 200 б.
4. Озғанбай Ө. Тарихи тұлғалар тағылымы. – Астана: Фолиант, 2016. - 440 б.
5. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – Алматы, 2005. - 512 б.
6. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы 1-том. Предания и легенды большой киргиз-кайсацкой орды. - Алма-Ата, 1984.
7. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары 3-том. - Павлодар, 2003. - 254 б.
8. Дастанов О. Әулиелі жерлер туралы шындық. - Алматы, 1967. - 187 б.
9. Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. -Шы

УДК 347.464

АНАЛИЗ ВИДОВ ДОГОВОРОВ РЕНТЫ

Багенов Е.Е., Мусабаева Г.Н.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

Институт ренты был введен в гражданское законодательство Республики Казахстан относительно недавно. Договоры ренты в настоящее время широко не применяются на практике, в то время как данные правоотношения оформляются договорами купли-продажи, дарения или завещания, что порождает неблагоприятные правовые последствия для сторон. Исследование доступной нотариальной и судебной практики показало, что практическое применение договоров ренты вызывает трудности в связи с неопределенным характером норм законодательства и в последующем их толковании. Данное положение формирует ряд проблем научного и прикладного характера. Учитывая это, а также отсутствие глубоких научных исследований института ренты в Казахстане данное исследование весьма актуально. Предложенные меры по совершенствованию законодательства и рекомендации по оформлению договора на практике позволят раскрыть весь потенциал института ренты, решить не только обозначенные проблемы, но и социально-экономические задачи государства.

Договора ренты разделяют на следующие виды - постоянная рента, пожизненная рента и пожизненное содержание с иждивенцем. Глава 28 ГК РК дает два вида ренты на основании разделения их по срокам действия - «постоянная» и «пожизненная», что дает возможность предопределить специфику установленного для каждого из них правового режима [1]. Указанные виды ренты, совпадая в своих существенных признаках, различаются между собой по ряду более частных моментов. Так, имеются отличия в форме предоставления содержания, его минимальном размере, сроках предоставления, субъектном составе обязательства, возможностях правопреемства и выкупа ренты и т. д. При этом различия существуют как между постоянной и пожизненной рентой, с одной стороны, и пожизненным содержанием с иждивением, с другой, так и между пожизненной рентой и пожизненным содержанием с иждивением, с одной стороны, и постоянной рентой, с другой. Особенности, присущие лишь данному конкретному виду ренты, характерны в наибольшей степени для пожизненного содержания с иждивением, что связано с доверительным (фидуциарным) характером возникающего при этом обязательства [2, с. 131].

В литературе предложена классификация договоров ренты по следующим критериям [3с. 14]:

- 1) по форме рентных платежей;

- 2) по сроку действия договора;
- 3) по порядку передачи имущества, входящего в рентный капитал;
- 4) по виду имущества, входящего в рентный капитал.

В зависимости от формы рентных платежей рента может быть представлена в виде иждивения (в случае предоставления ренты в натуральной форме, в форме оказания услуг и т.п.) и в виде собственно ренты или содержания (в случае предоставления возмещения в денежной форме). ГК РК устанавливает неопределенность срока рентных отношений ввиду невозможности определения срока исполнения договора рентоплательщиком при заключении договора. Поэтому законом выделяется два вида ренты в зависимости от длительности рентных отношений – постоянная рента (бессрочная) и пожизненная (на срок жизни получателя ренты).

Постоянная рента - единственный вид ренты, в которой получателем может быть юридическое лицо, а сама рента - использована для покрытия особых потребностей получателя, не являющихся личными, бытовыми.

При всем этом постоянная рента как разновидность ренты сохраняет основные черты последней - ее некоммерческий характер. Поскольку, это уже отмечалось ранее, рента не является прибылью, которая как таковая имманентна предпринимательской деятельности, она, по справедливому замечанию С.А. Хохлова, «не должна превращать коммерческую организацию - получателя постоянной ренты в рентье» [4].

По этой причине на стороне получателей такой ренты вправе выступать именно некоммерческие организации. Кроме того, возможность участия их в названной роли зависит от того, нет ли здесь противоречия, помимо закона, их правоспособности. Последнее ограничение связано с тем, что правоспособность некоммерческих организаций - специальная, а это означает возможность иметь такие гражданские права и нести такие обязанности, которые соответствуют целям деятельности, предусмотренным в их учредительных документах (п. 1 ст. 35 ГК РК).

Пункт 1 ст. 523 ГК РК, закрепивший соответствующее положение, тем самым заранее исключил, например, возможность получения ренты учреждением, созданным собственником для осуществления управленческой деятельности. И напротив, нет препятствий для того, чтобы получателем постоянной ренты оказалось такое учреждение, как больница или иная социально-культурная организация.

По этой же причине допускается, если иное не предусмотрено законом или договором, переход к другому лицу принадлежащих получателю прав на получение постоянной ренты. ГК РК (п. 2 ст. 523) называет в качестве оснований для такого перехода, прежде всего, обычную уступку требования, а также либо наследование - для граждан, либо правопреемство при реорганизации - для юридических лиц. Все эти ситуации объединяет отсутствие необходимости получать согласие кредитора-плательщика на переход прав. Единственным ограничением для перехода соответствующих прав служит то, что и на цессионария распространяются правила, которые определяют, кто может стать получателем ренты. По указанной причине не вправе быть цессионарием в подобном случае, в частности, коммерческая организация.

Особое регулирование круга возможных плательщиков постоянной ренты в ГК отсутствует. Это означает, что какие-либо ограничения в субъектном составе могут появляться лишь постольку, поскольку такое участие в договоре в конкретном случае не укладывается в рамки существующей у потенциального плательщика ренты правоспособности (имеется в виду юридическое лицо со специальной правоспособностью).

Постоянная рента всегда выражается в деньгах. При этом существует презумпция в пользу того, что и выплачиваться такая рента должна подобным образом. И только в случаях, предусмотренных договором, допускается выплата ренты натурой, к тому же в

любой форме: предоставления вещей, выполнения работ или оказания услуг. Однако при этом действует правило, по которому стоимость натуральной выплаты должна быть эквивалентна указанной в договоре денежной сумме ренты (ст. 524 ГК РК).

Хотя постоянная рента и не носит коммерческого характера, некоторые особенности, характерные для коммерческих отношений, оказываются присущими и данному договору.

Прежде всего, это выражается в том, что законодатель равно относится к обоим контрагентам, не считая по указанной причине получателя подобной ренты более слабой, нуждающейся тем самым в особой защите стороной. Отмеченная тенденция проявляется, в частности, при решении вопросов об индексации выплачиваемой ренты. Денежный размер последней увеличивается пропорционально росту установленного законом минимального размера оплаты труда. Однако важно отметить, что включено такое правило в ГК применительно к постоянной ренте лишь в виде нормы диспозитивной и таким образом сторонам предоставляется возможность расширить либо сузить пределы индексации или вообще отказаться от нее (п. 2 ст. 524 ГК РК).

Другой пример, связанный с той же тенденцией, относится к решению вопроса о риске случайной гибели или случайного повреждения имущества, переданного под выплату ренты. Несмотря на то, что собственником этого имущества признается плательщик ренты и, следовательно, по общим правилам (в частности, имеется в виду ст. 190 ГК РК) риск, о котором идет речь, предполагается лежащим на плательщике как на собственнике, при постоянной ренте риск перелagается в значительной мере на получателя. Имеется в виду, что при случайной гибели или случайном повреждении имущества, полученного за плату под выплату ренты, плательщик может потребовать соответственно прекращения обязательства по выплате ренты либо изменения условий ее выплаты. Но тот же риск несет плательщик ренты, если он получил имущество безвозмездно.

Особенности постоянной ренты проявляются и в решении вопроса о сроках ее выплаты. Поскольку такая рента не предназначена непосредственно для удовлетворения личных (бытовых) потребностей граждан, установлен достаточно длительный срок ее выплаты - ежеквартально (ст. 525 ГК РК).

Предоставляя каждой из сторон право расторжения договора путем выкупа постоянной ренты, ГК РК, хотя это и не свойственно в целом данному виду ренты, обеспечивает приоритетную защиту интересов плательщика. Прежде всего, это выразилось в том, что последний наделен указанным правом во всех случаях. Защита его интересов в данном отношении идет так далеко, что условие договора, которым плательщик отказывается от выкупа ренты, признается ничтожным. ГК РК (ст. 526) ограничивается лишь установлением определенного порядка осуществления соответствующего права на выкуп плательщиком ренты. Пожелавший ее выкупить должен письменно уведомить получателя ренты за три месяца до фактического прекращения выплаты, если только договором не предусмотрен для этого более длительный срок. В виде общего правила обязательство по поводу выплаты ренты прекращается лишь с момента полной выплаты плательщиком выкупной суммы с тем, однако, что стороны получают возможность предусмотреть в договоре и иное: например, обусловить прекращение рентного обязательства выплатой определенной части выкупной суммы, имея в виду последующую доплату в определенный срок. Защищая на этот раз интересы получателя ренты, законодатель устанавливает, что плательщик не может осуществлять принадлежащее ему право выкупа ренты при жизни ее получателя либо в течение иного срока, который не превышает 30 лет с момента заключения договора. Однако заслуживает внимания то, что подобная гарантия получателя ренты предусмотрена нормой, которая является лишь

факультативной (п. 3 ст. 526 ГК РК). Таким образом, привести эту норму в действие можно, лишь включив соответствующее условие в договор.

В отличие от плательщика получатель ренты вправе осуществить ее выкуп только при наличии обстоятельств, указанных в ст. 527 ГК РК. К их числу относятся:

а) просрочка выплаты ренты более чем на один год. Стороны, однако, вправе и в этом случае предусмотреть в договоре иной, более короткий или более длительный срок;

б) нарушение плательщиком при выплате ренты в виде денежной суммы или иного движимого имущества закрепленного в договоре условия, которое устанавливает обязанность предоставить обеспечение выплаты ренты или страхование в пользу получателя риска своей ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязанности выплачивать ренту;

в) признание плательщика неплатежеспособным (такое признание исходит от самой стороны, а в случае спора определяется судом) либо возникновение иных обстоятельств, которые очевидно свидетельствуют, что рента не будет выплачиваться плательщиком в установленные договором сроки и размере;

г) переданное под выплату ренты недвижимое имущество поступило в общую собственность или разделено между несколькими лицами (примером может служить внесение полученного плательщиком имущества в качестве вклада в простое товарищество, выделение или разделение юридического лица - плательщика ренты и др.).

Приведенный перечень (за исключением указанного в п. «а») предусмотрен в виде императивных норм и соответственно не может быть ограничен договором. В то же время в перечне прямо указаны возможности его расширения договором независимо от того, исходит ли требование о выкупе от плательщика ренты или от ее получателя.

Сторонам предоставляется возможность заранее в самом договоре указать цену выкупа ренты. И только для случая, когда стороны не воспользуются этим правом, вступает в действие порядок, предусмотренный Кодексом. С учетом того, было ли передано имущество плательщику за плату или безвозмездно, в ГК РК приведены два разных варианта. При первом (возмездная передача) для выкупа достаточно уплатить цену, которая соответствует годовой сумме подлежащей выплате ренты. При втором (безвозмездная передача имущества плательщика), с учетом того, что плательщик ренты остается собственником имущества, переданного безвозмездно, условия выкупа ужесточаются. А именно, в выкупную сумму включают помимо годового размера рентных платежей также и цену переданного имущества, определенную с учетом правил, установленных п. 3 ст. 385 ГК РК. Следовательно, в этой части оплата должна производиться по цене, которая при сравнимых обстоятельствах обычно взимается за аналогичные товары, работы, услуги.

В практике договор постоянной ренты распространения не получил. При этом отмечается, что «договор постоянной ренты выгоден тем получателям, которые обладают большим капиталом, в том числе достаточным количеством недвижимости для того, чтобы позволить себе передать это имущество под выплату постоянной ренты. При наличии стабильной экономики договор постоянной ренты позволит богатым людям выгодно вложить свой капитал, чтобы обеспечить не только свою жизнь, но и жизнь своих детей» [5].

Таким образом, постоянная рента - это доход, получаемый лицом, передавшим свое имущество в собственность другому лицу, обязавшемуся периодически выплачивать оговоренную в договоре сумму за приобретенную собственность. Под ренту можно передать как деньги, так и товар (недвижимость, автомобиль и т.д.). Рента может выплачиваться в виде денег, вещей, а также путем выполнения работ или

оказания услуг, соответствующих по стоимости денежной сумме, оговоренной в договоре. В договоре обязательно указана периодичность выплаты ренты, если она не установлена, то постоянная рента выплачивается по окончании каждого квартала.

Литература:

1. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) от 1 июля 1999 года №409 // Информационно-правовая система «Параграф», 2019.
2. Гражданское право. Том 2. Учебник. Издание второе, перераб. и доп. / Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. М.: «ПБОЮЛ Л.В. Рожников», 2000. – 720 с.
3. Яргина Е.А. Основные концептуальные проблемы правового регулирования рентных отношений: Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. М.: МГУ, 2003. - 27 с.
4. Хохлов С.А. Рента и пожизненное содержание с иждивением // Гражданский кодекс РФ. Часть вторая. Текст, комментарии, алфавитно-предметный указатель / Под ред. О.М. Козырь, А.Л. Маковского, С.А. Хохлова. М., 1996. - 320 с.
5. Недорезов В.С. Гражданско-правовое регулирование рентных правоотношений Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. - М., 2009. - 27 с.

ӘОЖ 94(574)

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА МҰРАЖАЙ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫНАН

Бекмурзина А.Н.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Көреген де дана ата-бабаларымыз «Тамырсыз тал болмайды, тарихсыз ел болмайды» деген сөзін тәуелсіз еліміздің тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың қараша айында жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының бар астары мен мәнін ашып тұрғандай. Ұлтымыздың рухани мұрасын әлемге танытатын тұңғыш Елбасының ірі жобаларының бірі «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Қазақстан тарихын жаһандық тарихтағы Ұлы даланың орнын анықтауға мүмкіндік беретін, біздің жерімізде пайда болған мәдени жетістіктер, қазақ ұлтының этногенезі, ұлттық тарихтың көкжиегінің бағалануы мен зерттелуінің уақыты келгенін атап айтады.

Мәдени негізге назар аудармай қоғамдық сананы жаңғырту мүмкін емес. Алға ұмтылу үшін бізге сансыз рухани байлыққа ие болған отандық мәдениетіміздің қайнар көзіне тереңірек үңіліп, өткен тарихымызға, мәдениетімізге үлкен құрметпен қарауымыз қажет. Адамзат тарихының күре тамыры мәдениет болса, мәдениеттің күре тамыры – адам баласының ақыл-ойы мен қимыл-қарекеті дүниеге әкелен ғажайып рухани және материалдық құндылықтар.

«Кеңістік - барлық нәрсенің, ал уақыт - бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады...» деп Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында өз ойын білдіргендей 1 ұлттық тарихты зерттеудің кеңістігі мен уақытын кеңейту үшін, ұлттық сана мен ұлтжандылықты Қазақстан халқының бойына дарыту үшін Ұлы дала тарихын ұрпақ санасында тірілту керек. Осыған орай, ғылыми, ағартушылық – біліми, өз елінің ұлттық дәстүріне, тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауға, өскелең ұрпақты өткен ғасырлармен тоғыстыратын мәдени де тарихи көпір ретінде мұражайлар ерекше орын алуда.

Мұражай – ел тарихы, ұлттың көне менталитеті, дүниежүзі мәдениетінің қайнар көзі тоғысатын жер. Себебі, мұражай қойылымдарында орналасқан әрбір мұраның, жәдігерлің астарында сол жеке мұра тарихы ғана емес, осыған байланысты болатын кез-келген халықтың жүріп өткен ізі, тарихы жатыр. Кез-келген сипаттағы мұражай ғылыми – зерттеу, мәдениет – білім мекемесі, ұлттың ұлттылығын айғақтайтын ерекше мәнді мемлекеттік атрибуттардың бірі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағлым алу – Қазақстанда патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...» деген сөздері әрбір мұражай қызметкерінің басты ұстанымы 2.

Бүгінгі таңда әлем мемлекеттері арасында мұражайы жоқ елдерді табу мүмкін емес. Бұл кез-келген халықтың өзінің тарихы мен мәдениетіне немқұрайлықпен қарамай болашақты өткен ғасырлардың рухани жетістіктерімен ұштастыра отырып құруға деген ұмтылыс жігерінің белгісі. Отандық мұражай желісінің қалыптасуы мен дамуы өзіндік ұлттық ерекшеліктерге байланысты. Дегенмен, қай жерде қандай мұражай болмасын өзінің алдына қойылған басты міндетін, қорындағы жинастырылған жәдігерлер негізінде халыққа сол өлкенің тарихи дамуындағы әрбір кезеңнің әлеуметтік – экономикалық, саяси – идеологиялық, мәдени – ағартушылық өмірін сипаттайтын әлеуметтік институтқа айналды. Бүгінгі күні мұражайға деген қоғамдық сұраныс уақыт талабынан туындап отырған құбылыс.

Сондықтан да осы мақаланы жазу барысында басты мақсатымыз Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі мұражай ісінің қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесін ғылыми тұрғыдан зерделеу арқылы, облыс төңірегіндегі алғашқы мұражайлар туралы, коллекциялық қорының қалыптасуын, ғылыми – мәдени, біліми ағартушылық, әлеуметтік институт ретіндегі қоғамдағы ролі мен орнын, маңыздылығын жан-жақты ашып көрсету болып табылады.

XX ғасырдың басында қоғам өмірінде болған түбегейлі өзгерістер бұрын патшалы Ресейдің қол астында болып келген Қазақ өлкесіне де өз әсерін тигізді. Кеңес үкіметі құрылған алғашқы жылдары Қазақстанда музейлердің қалыптасуы мен дамуы өлкетану қозғалысымен тығыз байланыста болғандықтан музейлік-өлкетанулық бағыт ерекше сипатқа ие болды. Республикада музейлер жүйесін қалыптастыру мақсатында халық Ағарту Комиссариатының Коллегиясы 1922 жылы 24 қаңтарда Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің Орталық Өлкетану музейі және губерниялық музейлер туралы Ережесін бекітті. Онда мұражайлардың құрылымдық негізі өлкетанушылық бағытқа қарай өзгертіліп, келесі бөлімдер мен лабораториялар тұруға тиісті еді: 1) жаратылыстану – табиғи; 2) тарихи – этнографиялық; 3) тарихи – географиялық; 4) әкімшілік – шаруашылық бөлімі; 5) кітапхана; 6) есеп – қисап бөлімі; 7) өлкетану үйірмесі; 8) шеберхана және лаборатория 3, 92 б. .

1923 жылы қаңтар айында Петропавл қаласында К.А.Александров, И.Г.Чернядьев, И.Г.Лобов басқа ғалымдардың бастауымен Ақмола губерниясын зерттеу қоғамы құрылып, оның жанынан музей ұйымдастыру ұйғарылды. Өлкені зерттеу жұмысына жергілікті мекемелер мен ұйымдарды тарту мақсатында қоғам мүшелері үгіт насихатты кеңінен пайдаланды. Сөйтіп, 1924 жылы Петропавлда мемлекеттік нысандағы облыстық – тарихи өлкетану мұражайы ашылды. Жаңа ашылған мұражайға мүшелікке енген бірнеше мекемелер мен ұйымдар өлкені зерттеу жұмыстарына қаржылай көмектессе, кейбіреуі ашылғалы отырған мұражайға мамонт, мүйізтұмсық, бұғы сүйектері мен құстардың тұлыптарын жинап тапсырып, заттай жергілікті оқу орындарының көрнекі құрал - жабдықтары, ауқатты адамдардан қалған ескі қару – жарақтар, тұрмыстық заттар, түрлі киім – кешектер, және өлкенің табиғатын

бейнелейтін өсімдіктер мен жәндіктер сол мұражай қорын құраған еді. Тіпті, өзінің құрылған күнінен небары 130 жәдігермен халыққа қызмет көрсете бастаған еді 4, 35 б., яғни, мемлекет тарапынан арнайы қаражат бөлінбегендіктен мұражай жәдігерлерінің қоры жекелеген адамдар мен мекемелердің сыйлықтары негізінде қалыптасты.

1923-24 жылдары Қазақстан мұражайларының жұмысы Қазақстанды зерттеу қоғамымен тығыз байланысты жүргізілді. Мұражайдың мәдени-ағартушылық қызметін, тәрбиелік рөлін көтеру мақсатында тақырыптық көрмелер ұйымдастырылды. Қазіргі заманғы мұражайлар қызметі қоғамдық институт ретінде әлеуметтік қоғамдық-экономикалық жағдайға сай жүргізілуде. Мұражайлардың құрылымы, ұйымдастырылуы және қызметі негізінен сол қор жинағының бағыты мен мазмұнына сай қалыптасады. Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі міндеті – коллекцияларды жүйелеу және зерттеу болып табылады. Оның нәтижесі мұражай қорындағы шығармалардың толық каталогында, ғылыми мақалаларда, мұражай жолсеріктерінде, буклеттерінде, арнайы ғылымкөпшілік кітаптарда көрініс табады.

Кеңес үкіметі дәуірінде қалыптасқан Солтүстік – Қазақстан облыстық тарихи өлкетану мұражайының құрылымында келесі зал түрлерін қамтиды: Табиғат; Археология; Этнография; Тарихи – экспозициялық; Әдеби; Қорды есепке алу және сақтау.

Көрермен қауым кез-келген бөлмеге барған уақытта көрмеде қойылған археологиялық заттар, экспонаттар сол бөлменің аталымына сай Солтүстік Қазақстанның белгілікті – бір дәуірінің тарихы жөнінде, бірнеше мың жылдыққа созылған бірін-бірі алмастырып отырған кезеңдер және мәдениеттер жөнінде ақпарат береді. Жалпы облыстық тарихи-өлкетану мұражайында жуық шамамен алғанда 343 141 экспонаттық бірлік бар 5.

2000 шаршы көлемінде орналасқан Мұражай деректеріне сүйене отырып, аталмыш мұражай қорында сақталынған экспонаттардың қысқаша мазмұнын келесідей: Ежелгі жануарлардың сүйектері (ұзын мүйізі мен бизонның бас сүйегінің фрагменті, Оңтүстік пілдің тісі,), СҚО мекендейтін құстар мен жануарлардың тұлбы (сақалды, Алтынды қылқан жапырақты, бұлан, елік, ақ жапырақты бүркіт). Ботай қонысының тастан, сүйектен, керамикадан жасалған археологиялық олжалары (көшірмелердің ұштықтары, жебелер, дротиктер, гарпундар, дискілер, ыдыс-аяқ, еңбек құралдары, найза, жебелері бар пияз, қанжал және қылыш, айналар, тас құрбандықтар, қола қазан). Қазақтардың қолданбалы өнер заттары: Мата және киіз кілемдер, кесте, былғарыдан, ағаштан жасалған ою-өрнектелген бұйымдар, зергерлік әшекейлердің бай кешені, оржын, бай креслосы, қорғаныш сауыт: дулыға, балта, сақина, қалқан, ат әбзелдері (ер, белбеу, тіреуіш, жүзік). Петропавл бекінісінің макеті. Шам, музыкалық жәшік, пианино, жазу үстелі, фотокамера, диван. Ұлы Отан соғысына қатысушылардың марапаттары, құжаттары, фотосуреттері, естеліктері, киім-кешектері және жеке заттары, сондай-ақ сарбаздар тұрмысының заттары, олжалық және жауынгерлік қару (маузер, қанжал, мылтық). Ал Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті залына назар аударса, еліміздің тәуелсіздік алған күнінен бастап Елбасының еңбек жолында елі мен жері үшін атқарған қызметін айғақтайтын жеке заттары мен құжаттары, ресми құжаттары көрсетілімге ұсынылған. Әсіресе, оның жеке өмірі туралы баяндайтын жәдігерлер бар.

Сонымен қатар, Солтүстік өңір тарихының мәдени өмірі туралы баян ететін мемлекеттік нысандағы мұражайдың келесі түрі ол бейнелеу өнері мұражайы.

Облыстық бейнелеу өнері мұражайы Петропавл қаласында 1989 жылы ашылды. Мұражай 1982 жылы Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесіне ие болған ғимаратта орналасқан. Мұражай жергілікті тарихи-өлкетану мұражайының бейнелеу өнері бөлімі негізінде ашылған болатын.

1960-шы жылдары Алматы қаласының сурет галереясы мұражайға алғашқы коллекцияларды: қазақстандық суретшілердің мүсіндерін, кескіндеме және графика туындыларын сыйға берді. Сондай-ақ, мұражай мекемесі жергілікті шеберлердің полотноларын сатып алды.

1985 жылы мұражай коллекциясы Вучетич атындағы Бүкілодақтық өндірістік-көркемсурет комбинатымен (Мәскеу), Қазақстан Суретшілер Одағымен, ҚССР мәдениет Министрлігінің көрмелер дирекциясымен, сыйлықтар және сатып алу жолымен толықтырылды.

Бүгінгі күні 394 шаршы метр аумақта, оның ішінде 117 шаршы метр экспозициялық көлемде 6 мыңнан астам экспонат қойылған. Мұражай коллекциясының негізгі бөлігін В. Фаворский, Г. Поплавски, Р. Хачатрян, Кукрыникстер және т.б. сияқты белгілі суретшілердің шығармашылығымен ұсынылған графика бөлімі алады. Кескіндеме білімін қазақстандық суретшілер - Н. Хлудов, Ә. Қастеев, Ж. Шәрденов, А. Исмаилов, И. Стадничук, В. Крылов, Л. Леонтьев, С. Балдано, Н. Никогосян, О. Комов, М. Рапопорт және басқа да туындылары ұсынылған.

Жалпы алғанда, бейнелеу өнері мұражайының құрылымына келесі залдар енеді: Графика; Кескіндеме; мүсін; Әдебиет; Декоративті – қолданбалы өнер.

Бейнелеу өнері мұражайында ұсынылған экспонаттардың қысқаша мазмұны келесідей: Алматы және Мәскеу Суретшілер Одағының көркемсурет көрмелері дирекциясының мұражайларынан, сондай-ақ жеке коллекциялардан берілген кескіндеме, графика және мүсін. Келесі суретшілердің картиналары өнер сүйер қауымға ұсынылған: Исмаилов А. («Бурабай» курорты, «Табиғи байлықтар»), Галимбаева А. («Менің қалам»), Кастеев А. («Алма-атинкаға тұр», «Сүйінбай», «Жайылымға», «Колхоз тоқ»), Крутильников Н. («Қысқы пейзаж», «Қазақ жүн иірімжібі үшін», «Қазақ тоқыма станогының артында»), Н. Хлудова («Есік көлі»), С. Райхенберг («18 ғасырдың екінші жартысындағы Петропавл бекінісі», «Алма гүлі», «Кемежай») және т.б. Сәндік-қолданбалы өнер қорлары қазақ, орыс, украиндық қолданбалы өнер суретшілерінің коллекциясынан тұрады: этнография және керамика заттары, Орал самаурлары, потнастар, белгілер. Сонымен қатар, Петропавл қаласының Облыстық бейнелеу өнері мұражайында балалар шығармашылығы жұмыстарының тамаша топтамасы бар. 1992 жылы Петропавл мұражайында әдеби бөлім ашылды, онда 2600 экспонат бар 5. Мұнда атақты жазушылардың қолжазбалары, шығармалары, жеке заттары мен хаттары кірді.

Солтүстік – Қазақстан облысындағы мұражай ісінің даму тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі ол – Абылай хан мұражай кешенінің пайда болуы мен қалыптасуы.

«Абылай хан үйі» сәулет ескерткіші 1824-1829 жылдары ағаштан салынған Абылай хан елшілік үйінің бұрынғы жерінде орналасқан. 1765 жылы Петр бекінісінің жанында ставканың болуы туралы Ресей Федерациясы мен Омбы қаласының ШІМ мұрағаттарының құжаттары куәландырады.

Ғимараттың тарихи-мәдени құндылығы - бұл қаланың таулы бөлігіндегі (жоғарғы форштадтадағы) алғашқы тас құрылыстардың бірі болғандығында. Осы ғимараттың құрылыс тарихы қазақ жерлерін біріктірудің алғашқы бастамасы болған Абылай ханның Қазақстан тарихындағы өмірі мен қызметі туралы аңыз-әңгімелермен тығыз байланысты.

2003 жылы Мәскеу, Омбы, Алматы мұрағаттарында ХVІІІ-ХІХ ғғ. ширегіндегі - орыс-қазақ қарым-қатынастарының тарихы бойынша құжаттарға зерттеу жүргізілу нәтижесінде, бұл Абылайдың Хан тағының резиденциясы Петропавл қаласында орналасқанын растады.

ХVІІІ-ХІХ ғғ. ширегіндегі бұл ғимараттың тарихы өте қызықты. Мысалы, Жүз жылдан астам уақыт әскери лазарет, ал өткен ғасырдың 20-шы жылдары бұл ғимаратта

түрлі әскери бөлімдер орналасқан. Оның құрамында белгілі қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов жұмыс істеген 7.

Республикалық маңызы бар тарих ескерткіші 1982 жылы мемлекеттік қорғауға қабылданды. Ғимараттың тарихи-мәдени құндылығы - бұл ескерткіш қазақ халқының материалдық естелігін білдіретін алғашқы тас құрылыстардың бірі.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің бастамасымен 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын орындау шеңберінде жүзеге асырылған «Абылай хан резиденциясын» қайта құру және қалпына келтіру жөніндегі жоба әзірленді. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары 2005 жылдың сәуірінде басталды, қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Петропавл қаласында «Абылай хан резиденциясы» қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Абылай хан резиденциясы» КМҚК 2007 жылғы 13 қарашада Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде тіркелді.

Солтүстік Қазақстан облысы Республика көлемінде баламасы жоқ жаңа үлгідегі мұражайға ие болды.

Экспозицияның негізі - XVIII ғасырдағы Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері - Абылай ханның өмірі мен іс-әрекеттері жөнінде. Комплексің экспозициясы өз көрермендерін Абылай ханның өміріндегі негізгі жағдайлармен таныстырады және әр көрерменді Отанға деген патриоттық сезімге тәрбиелейді.

Мұражай экспозициясы 4 залдардан тұрады: Бірінші залда Абылай ханның (азан шақырып қойған аты - Әбілмансұр) балалық және жасөспірім шағы баяндалады. Оның шығу тегі Дешті-Қыпшақ Жошы, Шыңғысханның үлкен ұлынан тарайды. Абылайдың билік құрған кезі, сонау қазақ халқының тарихындағы қиын-қыстау, аласапыран кезеңінде, қазақ хандығы үш жүзге бөлініп, көршілес Жоңғар хандығының шапқыншылығы кезеңінде өткен болатын. Осы шайқастарда ерлік көрсеткен Абылай ханның қолбасшы – батырлары: Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Сары батыр, Құлсары, Күлеке, Қожаберген және т. б. Сонымен қатар экспозициямызда XVIII ғасырдың қару-жарақтары көрсетілген. Екінші залда Абылай ханның дәстүрлі қазақ үрдісіндегі жатын бөлме заттары көрсетілген. Үшінші залдың нақ ортасында Абылай ханның бейнесі, жалпы ұлттық ер адам мен әйел адамның киімдері, қару-жарақтар, тұрмыс заттары қойылған. Төртінші залдағы экспозиция жәдігерлері Абылай ханды ұлы мемлекет қайраткер, данышпан саясаткер, сауатты дипломат, талантты қолбасшы, даңқты ел билеуші ретінде тани алатын материалдармен жабдықталған. Ол қазақ хандығын құра білді және оның мақсаты елді біріктіру еді. Абылай ханның сыртқы саясаты икемділікпен, мәмілеге келушілікпен жүргізілді. Оның Ресей мен Қытай сияқты алып мемлекеттермен қарым-қатынасы басқа Орта Азиялық мемлекеттермен қарым-қатынастардан әжептәуір айрықша болатын. Абылай хан Ресей бодандығынан бас тартқан жоқ, бірақ екі жақ державаларының өзіне деген ықпалының күшеюінің енуіне жол берген жоқ. Осындай ұлы тұлғаның арқасында қазақ халқы өз ұлттық сана-сезімін, дәстүрін, тарихы мен мәдениетін сақтап қалды. Ұлы Абылайдың іс-әрекетінің қорытындысы – Қазақстанның тәуелсіз ел болып құрылуына қол жеткізуі.

Сөйтіп, 2008 жылдың 21 тамызында біздің қаламыз үшін ғана емес, бүкіл республика үшін де маңызды оқиға – «Абылай хан резиденциясы» мұражай кешенінің ашылуы болды. Кешенді Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев салтанатты түрде ашқан еді.

Солтүстік-Қазақстанда мұражай желісінің қалыптасу тарихында тек қана мемлекеттік үлгідегі мұражайлар ғана емес, сонымен қатар, өңір тарихының әр түкпірі туралы баяндайтын облыс аумағындағы аудандық, ведомствалық, шіркеулік, қоғамдық

мұражайлары туралы да айтуға болады. Мысалы, 1972 жылы құрылған Есіл ауданының тарихи-өлкетану мұражайы; 1981 жылы құрылған И.П. Шухов атындағы әдеби-мемориалдық үй – мұражайы; 1985 жылы құрылған Ш.Ш. Уалиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық мұражайы; 1986 жылы құрылған Шал ақын аудандық тарихи-өлкетану мұражайы; 1990 жылы құрылған М.Мұқанов үй-мұражайы; М. Жұмабаев аудандық тарихи-өлкетану мұражайы және т.б. 8.

Жалпы, мұражай – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме болғандықтан, жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен рөл атқарады. Әсіресе, ұлттық, мәдени, азаматтық, әскери, еңбек жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ерекшеліктерін оқып-үйренуге оның көмегі зор. Сондықтан да, өлке тарихын таңып-білуде өңірдегі мұражай ісінің қалыптасып даму тарихынан бастау алу керек.

Мұражай – туған жердің асыл қазынасы. Ол жас ұрпақты, жалпы жұртшылықты туған елдің шежіресімен таныстыра отырып, оны қастерлеуге тәрбиелейді. Мұрағаттарды қорғау мен жинақтаудың астарында ізгіліктің жатқанын байқауға болады. Сондықтан, Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылғандай, біздің музей де өлкетану ісін өрге жүргізуде қызметін жаңа талаптар тұрғысынан атқаратын болады.

Әдебиет:

1. Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті, 2018 ж., 21 қараша.
2. Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті, 2017 ж., 12 сәуір.
3. Музеи занимают особое место в культурной жизни страны. Поздравление Президента РК Н.А. Назарбаева работников музеев Казахстана с Международным днем музея // Казахстанская правда. – 1998 г., 19 мая
4. А.Ғ. Ибраева «Қазақстан музейлері тарих толқынында» // Монография, Петропавл, 2015 ж.
5. Записки Петропавловского окружного музея. – Петропавловск, 1930 г.
6. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. – Алма-Ата, Казахстан, 1982 г.
7. Какенова Г.М. Культурная жизнь Северного Казахстана в 20-годы XX века: Автореферат диссертации к.и.н. – Алматы, 1994 г.
8. Л.А. Гривенная, Ю.В. Кузьменко, Д.И. Виноградов «Музеи Северо-Казахстанской области: информационный справочник». – Петропавловск: СКГУ им. М.Козыбаева, 2016 г.

ӘОЖ 94 (574)

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ

Әбдіразақ Б. Талғатбек М.О., Дүкенбаева З.О.

(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

Жаңа 2019 жыл қазақстандықтар үшін ерекше жыл, өйткені Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өткен жылғы 5 қазандағы Жолдауында оны – Жастар жылы деп жариялаған болатын, Президент жастардың бүгіні мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Ол жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Жастар ұлы

дала елінің тарихында да ел үшін елеулі істер атқарып ерліктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Отан тарихында ерекше маңызға ие тарихи оқиғалар болып саналатын 1986 жылы өткен желтоқсан оқиғасы мен 1979 жылғы Целиноград оқиғасының орын алуына себепкер болған да жастар болатын.

Кеңестік билік 1979 жылы Қазақстан территориясындағы бес облыстың аумағында Неміс автономиясын құруды шешеді. Бұл еліміздің болашағына кедергі келтіретін, халқымыздың бірлігіне, мемлекеттің территориялық тұтастығына зиянын тигізетін аса қауіпті қадамдардың бірі еді. Осы сәтте осындай зардабы мен азабы көп бұл істің болуына қарсы шыққан қазақ жастары "Қазақстан-бөлінбейді!", "Неміс автономиясы-жоқ!", «Ата-бабаларымыздың жерін фашистерге бермейміз», -деп ұрандап, наразылық білдіріп, Целиноград қазіргі Астана қаласында 16 және 19 маусым күндері митингілер мен демонстрациялар өткізген болатын. (1)

Митинге шығушы студенттер немістерге ешқандай да қарсылығының жоқ екенін, біртұтас отбасыда бұрынғыша тұра беру керектігін, республика ішінде ерекше облыстың құру қажеттілігінің жоқ екенін, тіпті Кремльдің бұл шешімі үшін оларды жазғыратының жеткізді. Демонстранттар өздерінің талаптарын нақты жеткізе отырып, дәл солай биліктен анық түрде 19 маусым күні жауаптарын күтетіндігін айтты, сол күні алаңда қайтадан жиналуға уәжделесті. Егер де билік тарапынан қанағаттандырылмайтын жауап болмаған жағдайда 22 маусым күні түнде шырақты шеру өткізетіндіктерін айтты. (2)

19 маусым күні осы қазақ жастарының саяси белсенділігінің, елжандылығының, патриоттығының арқасында Кеңестік биліктің автономияның болмайтындығын жариялады. Олар енді, не болашақта, не қазір бұл мәселенің көтерілмейтіндігін жеткізді, бұл хабарлама митингке шығушылардың зор еңбегі еді. Бұл хабар қазақ халқының мерейін үстемдетіп, қуанышқа бөледі. XX ғасырдағы КСРО билігі ұлттардың да, ұлыстардың да мүддесімен ешқашан санасып көрген емес, Кремль шешімі кеңестер құрамындағы халықтар үшін бұлжымас заң болатын. Қазақстанда Неміс автономиялы облысын құру жөніндегі Саяси бюроның 1979 жылғы маусымдағы шешімі де бұлжымай орындалатын осындай бұйрық еді. Бірақ қасиетті жерін қастерлей білетін қазақ халқының жастары ұрпағының ертеңі үшін тайсалмай бұл шешімге қарсы шықты. «Қазақ жері бөлінбейді» деп ұран тастаған жастардың арқасында еліміз жер тұтастығын сақтап қалды. Ел ішінде ел тігу көп ұлтты Қазақ елі үшін қауіпті идея еді. 1979 жылғы оқиғалар елдік үшін жасалған нық қадамдардың бірі болып саналынады.

1986 жылы да қазақтың көшбасшысы болған Д.А.Қонаевты орнынан алып, республика басшылығына шеттен Ресейдің Ульянов облысынан Геннадий Васильевич Колбинды әкеліп қойғанда да қазақ жастары ел үшін тағы да батылдыққа барды. 1986 жылдың желтоқсанында алаңға шығып, Кеңес билігіне наразылық көрсеткен жастарды да қаһарлы империядан сескендірмеген күш те осы Азаттыққа деген аңсау екені сөзсіз. Орталық алаңға лек-легімен ағылған жастар тобы бейбіт шеру арқылы Орталықтың кадр саясатын дұрыс жүргізбей отырғандығына наразылық білдірді. «Қазақстанға қазақ басшы!», «Әр халыққа-өз көсемі!», «Ешбір халыққа артықшылық берілмесін!» деген ұранмен, «Менің Қазақстаным» әнін айтып алаңға шықты. Ұлт саясатын дұрыс жүргізуді, ұлттық тіл мәдениеттің дамуына қамқорлық жасауды, ұлттық саяси қайраткерлердің басшылық орындарында лайықты лауазымға ие болуына назар аударуды талап етті. Жастар өздерін толғандырып жүрген мәселелерді айтып қалуға тырысты. (3)

Манаш Қозыбаев 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін сырлы құбылыс деп бағаласа, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде: «1986 жылғы желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетеді. Олар 100 жылға жуық уақыт бойы халықты

казармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиған жоқ. Жастар бұдан әрі кез-келген ұлтқа тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді» — деп бағалайды. Қазақтың көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов «Желтоқсан эпопеясы» атты деректі романының бірінші кітабында 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне баға берді. Алматыда ұлтшыл элементтер арандатып салған оқушылар жастар тобы көшелерге шығып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешіміне наразылық білдіргенін айтады. «Желтоқсан оқиғаларындағы» маңызды мәселелерді есте сақтау қажет дейді. «Ол екі бірдей жергілікті элитаға (қазақ пен орыс) қарсы тұңғыш жаппай наразылық еді. Демонстранттар жақсы ұйымдасқан еді және өз жетекшілері ұсталғаннан кейін де орындарында қала беруі бағаланды» — деп сипаттайды. (4)

Желтоқсан көтерілісі дегенде есте болатын бір нәрсе – әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған КСРО-ның ыдырауына тарихи тұрғыдан негізгі рөл атқарды. Яғни Желтоқсан көтерілісі Кеңес Одағы деп аталатын алып империяның ыдырауын жеделдеткен тарихи көтеріліс. Оны кейін 1991 жылы болған Ыстықкөл саммитінде М.С.Горбачевтің өзі мойындаған. Осы орайда, Желтоқсан құбылысын әлемдік деңгейге көтеріп, жұртшылықтың ниетін оған бұруда америкалық Хельсинки тобының еңбегі ерекше екенін айта кетуіміз керек. Бұл топ Алматы құбылысын «М.С.Горбачев билікке келгелі бері болған халық наразылығының ең бірінші және жойқын көрінісі», - деп, алғашқылардың бірі болып таныды. Сөйтіп, олар көтерілісті «тек Қазақстан ғана емес, бүкіл одақ көлеміндегі ірі тарихи құбылыс» деп атап көрсетіп, «бұл жаңа кезеңнің басталуы» деген баға беріп, мойындаған. Осылайша, Алматы желтоқсанының жаңғырығы Сумгайт, Баку, Тбилиси, Вильнюс құбылыстарына жалғанып, одақ желтоқсанына ұласты. Тіпті, республикалар ауқымынан шығып, еуразиялық сипат алды. Оның әсері әлемдік «Варшава блогына» кіретін социалистік елдердің бұдан былайғы жерде өздерінің саяси-экономикалық, әлеуметтік, ұлтаралық, сондай-ақ, шекаралық ахуалын қайта қарауына, бағалауына орасан ықпал жасады. Оның аяғы әлемдік социалистік формацияның түпкілікті күйреуіне алып келді. Желтоқсан қозғалысы үш күнмен шектелмейді. Бұл бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етті. Ұлттық сананы қалыптастырып, ұлттық рухты өсірді.

Ұлы дала елі тарихында жастар әрқашан да ерліктің жарқын үлгісін көрсетіп, отанымыз үшін маңызды қадамдарға барған аталған екі оқиға көп ерліктің бір бөлігі ғана, жастар мемлекеттің, қоғамның маңызды бөлігі екенін осыдан ақ аңғаруымызға болады. Жастар елін сүйіп, ел үшін қызмет еткенде ғана тәуелсіз еліміз алдыға қарай қадам басып, даму мен гүлденудің шыңына жетпек. Мемлекеттің болашағы қазіргі жастарымыздың қолында. Халқының болашағы үшін күресетін негізгі күш-жастар. Өмір бойы «алаш» ұранын көтеріп кеткен Мағжан Жұмабаевта өз өлеңінде жастарға үлкен үмітпен қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен ер мінезді, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. «Мен жастарға сенемін» деп асқақтай сөйлейді. Бірақ біз жастар осы ақын ойын ақтап жүрміз ба? - деген сұрақ көкейде тұрады. Өлеңдегі қайраттылық, рух-жігер, табандылық, әділеттілік, бәрі-бәрі тәрбиеден бастау алады. Тәрбиелілікті көрсетеді.

Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар, Жаннан қымбат оларға ар, Мен жастарға сенмін! - деп жастарды намыстылыққа, қыздарымызды атақ-абыройларына дақ түсірмеуге шақырады. Жастарды ақиқаттың ауылынан алшақтатпай, ар намысын бірінші орынға қоюға үндейді. Намыс-адам тұлғасының күзетшісі. Мағжан да әділетсіздікке қарсы шығып, ар-намысын алға қойып өмірден озбады ма... Сондықтан

осындай Мағжан салып кеткен өлең жолына жастарды бағыттау үшін тәрбие керек. Алаш атын аспанға Шығарар олар бір таңда Мен жастарға сенемін- деп Мағжанның өлеңін өмірлік ұран қылып, бойымызға сіңіретін едік..

Тарихқа көз тастасақ біздің аға-апаларымыз қазақ жастары Мағжанның өлеңіндегі намыс пен әділдікті ту етіп, ел үшін барын салды, жанын берді. Ендігі де біз қазақ жастары сол салынған сара жолмен жүріп Ұлы дала елі – Қазақстанның мәңгілік ел болуы үшін барымызды беруіміз керек.

Әдебиет:

1. Константин Эрлих «Собеседник» жалпыресеілік апталық газеті сұхбатынан / И.Р. Плеве, А.А. Герман, Т.С. Иларионова. «История немцев России» (МСНК-пресс, 2005).
2. Какен А. «КРЕМЛЕВСКИЙ КОЛОБРОД, или Как немцам создавали автономию. Документальное повествование.» - Астана: Фолиант, 2013.
3. Болат Шарахымбай. Желтоқсан – 1986 көтерілісіне әділдік керек. Қазақстан-ZAMAN.
4. Қозыбаев М. «Дақпырт және Шындық» Алматы, 1996 жыл – 35 бет.

УДК 339.564.2

ПРОБЛЕМЫ ЭКСПОРТА ПРОДУКЦИИ МУКОМОЛЬНОГО ПРОИЗВОДСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И ПРЕДЛАГАЕМЫЕ ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

Габдушева А.С.

(СКГУ им. М. Козыбаева)

ТОО «Тимирязевский мукомольный комбинат» является крупным экспортером мукомольной продукции в Северо-Казахстанской области и в настоящее время его тревожит обстановка, сложившаяся у всех экспортеров мукомольной продукции нашей области.

Сутью крайне тревожной ситуация на рынке зернопереработки являются:

Фактор первый. Страны – традиционные импортеры нашей муки – активно развивают собственную мукомольную промышленность. Этому в немалой степени способствует и политика нашей страны, считающая эти страны основным и приоритетным рынком экспорта зерна пшеницы. Как следствие – создание в Узбекистане, Таджикистане, Кыргызстане мер нетарифного ограничения в торговле мукой с Казахстаном. На этом фоне импорт муки этими странами неуклонно сокращается, а импорт казахстанского зерна неуклонно растет.

(Уральский государственный экономический университет)

На 2019 г. одним из наиболее острых проблем выступает интеграция стран в финансовый сектор, которая позволяет создать открытую экономику, развивать инновационные технологии, перейти к цифровизации экономики.

Казахстан – давний и надежный партнер России, тесное сотрудничество с которым способствует расширению каналов сбыта отечественной продукции в частности черных и цветных металлов, нефтепродуктов. В 2017 г. между Россией и Казахстаном была подписана совместная региональная программа сотрудничества на 2018 г. и 2023г., которая направлена на укрепление дружеских и партнерских отношений между странами. Россия и Казахстан обеспокоены вопросами создания единого финансового рынка, который позволит решить ряд задач:

- повышение доли инновационной продукции в ВВП;
- повышение конкурентоспособности отечественной продукции на внешнем и внутреннем рынках;
- создание свободной торговли между странами [1].

Приоритетным направлением сотрудничества России и Казахстана выступает развитие инноваций как способ перехода к цифровой экономике [5]. Россия на 2018 г. в рейтинге инноваций занимает лишь 46 место из 145, Казахстан – 74.



Рисунок 1 – Удельный вес инновационных товаров в общем объеме
отгруженных товаров России и Казахстана за 2010-2018 гг. в % [7]

Инновационная составляющая России и Казахстана развита не в полной мере. На мировом рынке инновационной продукции доля России и Казахстана сравнительно мала и составляет 0,05% и 0,01% соответственно [7]. Низкие показатели стран свидетельствуют об отсутствии стимулирующей части в развитии инноваций. Затраты на НИОКР в структуре ВВП России и Казахстана составляют 1,1% и 0,17, в то время как в Республике Корея, Японии, Германии, США около 4% [7].




Рисунок 2 – Затраты на НИОКР стран на 2018, в % в ВВП [7]

Финансирование инноваций России и Казахстана осуществляется преимущественно за счет государственного бюджета (более 60%), однако в связи со спадом в экономике в 2016 г. доля бюджетных средств снизилась на 4,2%, следовательно, удельный вес инновационных товаров в общем объеме отгруженной продукции на 2018 г. сократился на 0,6% и 0,2% [7].

Одним из эффективных инструментов финансирования инновационной деятельности организаций выступает венчурное финансирование, которое представляет собой «систему лифтов» по продвижению молодых инновационных проектов от идеи до внедрения в реальное производство.

На 2019 г. венчурное финансирование в России и Казахстане является молодым направлением поддержки развития инноваций. Большинство регионов стран не участвует в формировании венчурной экосистемы. Региональные бюджеты не позволяют на высоком уровне поддерживать местную инновационную экосистему [2].

В целях усиления сотрудничества России и Казахстана в части развития инноваций была разработана инфраструктура венчурной экосистемы, которая включает в себя фонды прямых инвестиций, венчурные фонды, бизнес-ангелы (рисунок 3).




Рисунок 3 – Инфраструктура венчурной экосистемы России и Казахстана [3]

Инфраструктура венчурного финансирования как инструмента поддержки инновационных проектов России и Казахстана должна включать преимущественно фонды, нацеленные на доход, доля которых составляет более 70%. Доля государственных фондов должна составлять около 30% с связи с их высокой зависимостью от изменений экономической обстановки в стране. Это позволит достичь наибольшего эффекта в развитии инноваций в странах [4].

Помимо этого, сближение экономик России и Казахстана в области инноваций при помощи венчурного финансирования необходимо осуществлять за счет устранения проблем в законодательстве стран в двух областях: валюты и таможни.

Проблема в законодательстве	Меры по устранению проблемы
Валюта	
Отсутствие четкой процедуры прохождения валютного контроля резидентом	Унификация процедуры прохождения валютного контроля при расчетах через счета, открытые в иностранных банках
Длительные сроки оформления паспорта сделки	Организация в валютном управлении стран компьютерной системы «Клиент» для подачи документов для оформления паспорта сделки
Таможня	
Невозможность временного ввоза продукции НИОКР	Либерализация таможенного законодательства России и Казахстана
Существование списка двойного применения	Упрощение списка двойного применения (поддержка проекта РОСНАНО «Зеленый коридор»)

Таблица 1 – Совершенствование законодательства России и Казахстана в развитии венчурного финансирования [6]

Внесение изменений в законодательство стран позволит эффективно сотрудничать России с Казахстаном в части развития инноваций и беспрепятственно осуществлять поддержку инновационных проектов путем венчурного финансирования.

Для достижения наибольшего эффекта в развитии венчурного финансирования помимо вышеизложенных мер необходимо активизировать учебные заведения в развитии инновационных проектов, поддерживать отрасли имеющие стратегическое значения для региона.

Применение усовершенствованной инфраструктуры венчурного финансирования и устроение проблем в области сотрудничества двух стран позволит развивать инновационные проекты и внедрять в реальные отрасли экономики.

Литература:

1. Кожурин П.Е. Финансиаризация современной экономики // Вестник РГГУ. 2010. №6. – 263 с.
2. Пшеничников Р.С. Практика венчурного финансирования в Российской Федерации [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://sibac.info/conf/econom/xxxii/35389>
3. Родионов И.И. Модели формирования института венчурных инвестиций // Корпоративные финансы. 2008. №2. – 65 с.
4. Венчурный рынок России в 2017 г. [Электронный ресурс] // Обзор рынка. – Режим доступа: <http://www.rvca.ru/upload/files/lib/RVCA-yearbook-2017-Russian-PE-and-VC-market-review-ru.pdf>
5. Стратегия инновационного развития Российской Федерации на период до 2020 г. [Электронный ресурс] // Правительство России. – Режим доступа: <http://government.ru/docs/>
6. Venture Pulse 4Q 2016. Global Analysis of Venture Funding. – KPMG. CB Insight. 2017. – 83 с.
7. Федеральная служба государственной статистики [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.gks.ru/>

О РАЗВИТИИ СИСТЕМЫ ВЫСШЕГО И ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Исенов К.С., Мусабаева Г.Н.,
(СКГУ им. М.Козыбаева)

Главными фундаментальными нормативными документами в системе высшего и послевузовского образования в нашей стране являются Конституция РК [1], а также два базовых закона:

- Закон РК «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III [2];
- Закон РК «О науке» от 18 февраля 2011 года № 407-IV [3].

Основополагающими моментами любого закона являются принципы. Поэтому рассмотрим принципы государственной политики в области образования. В статье 3 Закон РК «Об образовании» утверждены 10 принципов, из которых мы выделили бы наиболее ключевыми такие принципы как:

- равенство прав всех на получение качественного образования;
- уважение прав и свобод человека; уважение прав и свобод человека;
- стимулирование образованности личности и развитие одаренности;
- единство обучения, воспитания и развития и др.[2]

Однако с учетом состояния современного образования, когда студент и магистрант приходит не за знаниями, а за дипломом, важно поднимать вопрос о качестве образования.

К примеру, на начало 2017/2018 учебного года в Республике Казахстан действовало 127 высших учебных заведений (далее - ВУЗ) с учетом филиалов. Государственными по форме собственности являются 47 ВУЗов, частными - 75 ВУЗов и с иностранной формой собственности - 5 ВУЗов. Как показывает международный опыт – это очень много на 18 миллионов жителей. Только в условиях жесткой конкуренции можно ожидать повышение качества образования в стране [4]. Уменьшение количества ВУЗов может усилить конкуренцию и выживут сильные университеты, где качество знаний будет конкурировать с остальными показателями.

Система высшего образования представляет одну из важнейших сфер общественной жизни, обеспечивая, с одной стороны, сохранение и передачу научных знаний и навыков, национального и культурного наследия, а с другой — прогресс общества в целом. Вместе с тем динамика политико-правовых отношений, глубокие преобразования в обществе выдвигают новые требования к правовым и организационно-методическим основам функционирования системы высшего профессионального образования.

В связи с этим, для нас представляет интерес изучение определения понятия «система образования». В статье 10 Закона РК «Об образовании» понятие системы образования рассматривается так: «Система образования Республики Казахстан представляет собой совокупность взаимодействующих:

- 1) государственных общеобязательных стандартов образования и образовательных программ, обеспечивающих преемственность уровней образования;
- 2) организаций образования, независимо от типов и видов, реализующих образовательные программы;
- 3) органов управления образованием и соответствующей инфраструктуры, в том числе организаций учебно-методического и научно-методического обеспечения, осуществляющих образовательный мониторинг;

4) объединений субъектов образовательной деятельности» [2].

На наш взгляд, с организационно-правовой точки зрения данные нормы больше подходят к главе 2 «Управление системой образования», где можно было указать совокупность субъектов, указанных в статье 10 рассматриваемого закона. Наиболее верно было бы определить систему образования следующим образом: «Система образования в Республике Казахстан – это взаимодействие дошкольного, среднего, среднеспециального, вузовского и послевузовского образования». Данное определение действительно показывает отдельные элементы, которые взаимодействуя друг с другом, образуют единую систему.

В ВУЗе образование и наука развиваются вместе. Поэтому в ходе изучения Закона РК «О науке» ряд норм вызвало у нас научный интерес. Закон РК «О науке» от 18 февраля 2011 года № 407-IV рассматривает различные понятия. Нам хотелось бы остановиться на определении двух ключевых понятий «ученый» и «наука»:

- «ученый - физическое лицо, осуществляющее научные исследования и получающее результаты научной и (или) научно-технической деятельности»;
- «наука - сфера человеческой деятельности, функцией которой является изучение законов природы, общества и мышления, выработка и теоретическая систематизация объективных знаний о действительности в целях рационального использования природных богатств и эффективного управления обществом» [3].

С момента принятия Закона РК «О науке» прошло 8 лет и на сегодняшний день понятие «ученый» требует дополнений. Здесь очень важно учитывать духовное развитие личности, глубоко заинтересованного в развитии науки. Ведь только такого человека мы можем назвать «ученым». И зачастую мы видим, что люди преданные науке обладают такими ценностями, которые связаны с интеллектом человека, т.е. с его духовными ценностями, которые помогают ему укреплять качества ученого исследователя. И мы хотели бы предложить определение «ученый» в следующей редакции:

- «ученый - физическое лицо, осуществляющее научные исследования и получающее результаты научной деятельности, обладающее особыми интеллектуальными качествами в области познания».

А также не оставляет нас равнодушными определение понятия «наука». В период экологических катастроф и кризисов есть необходимость не только рационального использования, но и сохранения природных богатств. В связи с этим, было бы целесообразно в понятие «наука» включить слово «сохранение» этих природных богатств:

- «наука - сфера человеческой деятельности, функцией которой является изучение законов природы, общества и мышления, выработка и теоретическая систематизация объективных знаний о действительности в целях рационального использования **и сохранения** природных богатств», исключив из статьи его конец: «эффективного управления обществом».

Анализ статей двух законов показывает нам, что закон является основополагающим документом и руководством к действию. В ходе реализации законов в нашей стране волна за волной не прекращаются реформы в образовании и науки. Эта ситуация больше похожа на революционный, чем на эволюционный (именно эволюционные методы важны для образования и науки, т.е. постепенный и мудрый) подход к образованию и науке. И к чему мы пришли сегодня? Почему кризис продолжается? Перейдем к истории развития нашего образования в современный период. Можем здесь удастся найти важные моменты.

Одним из серьезных исследователей в этой области является, профессор, доктор юридических наук ЕНУ им.Л.Н. Гумилева Тлепина Ш.В. Она считает, что изучение

присоединения Казахстана к Болонской декларации требует тщательного изучения. Шолпан Валерьевна отмечает, что в марте 2010 г., в год председательства Республики Казахстан в ОБСЕ, в Вене (Австрия) и Будапеште (Венгрия) прошли конференция министров образования и II Форум министров образования европейских стран. На Форуме было принято окончательное решение о присоединении Казахстана к Болонской декларации. Казахстан стал 47-й страной - участницей Болонского процесса и первым подписавшим Болонскую декларацию центральноазиатским государством, членом европейского образовательного пространства. В соответствии с основными положениями названной Декларации Болонский процесс осуществляется под совместным председательством страны, председательствующей в Европейском союзе, и страны, не входящей в его состав. Так, Республика Казахстан совместно с Грецией выступали председателями в Болонском процессе с 1 января по 30 июня 2014 г. Сопредседатели несут совместную ответственность за продвижение целей и действий, обозначенных в Болонской декларации. В свете болонских реформ образовательная политика Казахстана нацелена на развитие в соответствии с мировыми стандартами, улучшение качества образования и интеграцию в международное научно-образовательное пространство. В связи с этим основными приоритетами для Казахстана в сфере образования выступают качество и доступность высшего образования, эффективность в финансировании, интернационализация и полиязычие образования, социальная ответственность в образовательной сфере. Со дня подписания Болонской декларации в Казахстане проведена последовательная работа по сближению отечественной системы высшего образования с системами стран — участниц Болонского процесса: обновлена нормативно-правовая база высшего и послевузовского образования; проведены институциональные преобразования; вузы ведут подготовку кадров в соответствии с трехуровневой моделью: бакалавриат — магистратура — докторантура по кредитной технологии обучения; разработана казахстанская модель перезачета кредитов по типу ECTS [5].

Национальные вузы практикуют выдачу общеевропейского приложения к диплому; внедрена компетентностная модель подготовки кадров, которая ориентирует процесс обучения на потребности рынка труда. Расширение академической свободы вузов дает им возможность формировать образовательные программы с привлечением работодателей и социальных партнеров. Образовательные программы разрабатываются вузами в соответствии с Дублинскими дескрипторами. Тем самым создано правовое поле для развития академической мобильности в мировом масштабе и в государственном. Вопросы состояния и перспективы развития высшего юридического образования рассматриваются в свете Сорбонской (25 мая 1998 г., с участием Франции, Германии, Италии и Великобритании) и Болонской деклараций (19 июня 1999 г., 29 европейских государств), других международных организационно-правовых документов, регулирующих современное высшее образование. Правовыми основами предоставления высшего и послевузовского юридического образования являются нормативные правовые акты, подзаконные акты Республики Казахстан.

По мнению профессора Тлепиной Ш.В., исходя из принципов Болонского процесса, казахстанские вузы могли бы обеспечить доступность образовательных услуг, создать интегративные программы обучения и кооперации учебных заведений. В данном случае имеется в виду совместная подготовка модульных образовательных программ и их реализация двумя университетами через межвузовские группы на основе внутренней академической мобильности. Такая система подготовки осуществляется, например, в Швейцарии: подготовка специалистов двумя университетами — Базельским и Бернским. Это может быть не только обмен студентами, но и обмен профессорско-преподавательским составом для чтения новых

(«продвинутых») курсов и спецкурсов, взаимная проверка выпускных работ, как в Великобритании, чтобы использовать услуги лучших преподавателей города для занятий со студентами двух вузов одновременно. К тому же более рентабельно объединять потоки и группы студентов для лекций. Вузы тратят меньше средств, а преподавателю вузы-партнеры могут повысить оплату его труда. Этим и другим формам обучения и преподавания способствуют интернационализация образования, академическая мобильность. В стране сложился уникальный подход к развитию академической мобильности: ее поддержка осуществляется на государственном уровне. Больше нигде в мире подобной помощи со стороны государства не предполагается. В Казахстане была интересная практика получения студентами дипломов двух факультетов (школ) в Казахском гуманитарно-юридическом университете (КазГЮУ). Подобная практика имеет место в американских вузах.

На самом деле, этот результативный эксперимент не получил дальнейшего развития. В свете тенденций, связанных с формированием новых качественных характеристик казахстанского общества, важно учитывать классические функции образования: общеобразовательную (академическую) и практическую. Нас более всего интересует практическая сторона. К сожалению, анализ состояния высшего юридического образования показывает, что качественной составляющей в системе названной формы образования не уделяется должного внимания. Современная образовательная ситуация характеризуется тем, что ни систему образования, ни потребителей образовательных услуг не устраивает уровень готовности к профессиональной деятельности выпускников. Главная, наиболее часто предъявляемая претензия работодателей - излишняя теоретичность профессиональной подготовки, оторванность знаний, получаемых студентами в вузе, от практики. Да и сами преподаватели считают, что отсутствие реальной совместной деятельности юридических факультетов университетов и юридических вузов с работодателями тормозит подготовку по-настоящему востребованных специалистов. А ведь совместная деятельность работодателей и вузов есть один из параметров Болонского процесса. Система управления качеством должна работать и на уровне специальности. Следует обратить внимание на существующий единый перечень требований к результатам образования по уровням и квалификациям в соответствии с Европейской рамкой квалификаций и Дублинскими дескрипторами. В них важное значение имеют единые принципы контроля результатов, т. е. оценка приобретенных компетенций. Могут ли наши бакалавры, магистры, доктора PhD применять свои знания и понимание способом, свидетельствующим о профессиональном подходе к трудовой деятельности или к профессии?

В целом, подготовка специалистов осуществляется без учета потребностей таких специалистов, многие лучшие выпускники устремляются за рубеж, устраиваются на работу в иностранные компании, обеспечивающие им приличные заработки. Вместе с тем создается армия невостребованных специалистов. В то же время вхождение в единое образовательное пространство и введение в действие «болонских условий» может повлечь приток студентов из развивающихся стран с целью получения более дешевого образования в Казахстане и последующего устройства на работу. Ярким примером вхождения в единое образовательное пространство является опыт нашего университета. В настоящее время в СКГУ им. М.Козыбаева обучаются студенты около 10 стран. Впервые привлечены на медицинские специальности студенты из Индии. А также имеются большие планы на перспективу с целью сотрудничества со странами дальнего зарубежья в области развития технических и информационных наук.

Литература:

1. Конституция РК от 30 августа 1995 года // Информационно-правовая система «Параграф» , 2019.
2. Закон РК «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III // Информационно-правовая система «Параграф» , 2019.
3. Закон РК «О науке» от 18 февраля 2011 года № 407-IV // Информационно-правовая система «Параграф» , 2019.
4. Высшие учебные заведения Республики Казахстан на начало 2017/2018 учебного года: Электронный ресурс // <https://www.zakon.kz/4900658-vysshie-uchebnye-zavedeniya-respu> <https://www.zakon.kz/4900658-vysshie-uchebnye-zavedeniya-respu>
5. Тлепина Ш.В. Состояние и вопросы высшего и послевузовского юридического образования в казахстане // Правоведение. – 214. №3. – С. 144-155.

ӘОЖ 94 (574)

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ: ТҰЛҒА. ҒАЛЫМ

Ивинина А., Дүкенбаева З.О.

(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

Қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан, Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаған, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, академик Қаныш Имантайұлының өмірі мен ғылыми мұрасы таусылмас қазына. Академик Қ.И.Сәтбаев – қазақ халқы мен Қазақстан тарихындағы зор құбылыс. Ол аса көрнекті ғалым – геолог қане емес, өз заманының әйгілі табиғат зерттеушісі әлемдік өреге көтерілген ойшыл ғұлама, тұғырлы тұлға. Қаныш Имантайұлы мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, ғалымдығы мен шебер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында қазақстанның индустриялық даму жолындағы өркениетті үрдістің көш басында болып, кемеңгер ғалым атанды. Ойшыл тұлғаның өрелі бір сөзінде: «...Білімді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана «Білім» деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да, жарқырай береді» – деген екен кемеңгер Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Сәуірдің 12-жұлдызы – қазақ ғылымы үшін аса бір құтты күн. 1859 жылдың 12 сәуірінде Шоқан Уәлиханов өзінің есімін жер жүзіне паш еткен Қашқария сапарынан аман-есен елге оралды. Шоқанның жұлдызды сапарынан тура 40 жыл өткеннен кейін, 1899 жылғы сәуірдің 12-жұлдызында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев дүниеге келді. Шоқан мен Қаныштың тарихи байланыстылығы Уәлихановтар мен Сәтбаевтардың, Шормановтардың дос-жарандық құдандалы қарым-қатынасынан өріс алады. Шоқанның шешесі Зейнеп- Шорманның қызы. Имантайдың қызы-Ғазиза Шорман ауылының ұрпағы Ақышқа ұзатылған. Олардан туған Кемел Ақышев – белгілі археолог атанған ірі ғалым. Ғазиза, Ғазиз, Қаныштардың анасы, Имантай ақсақалдың екінші әйелі Әлима - Шорман ұрпағының жастай қалған жесірі. Сол кезде Имантай қырықтың орта шамасында, ал Әлима жас та көркем келіншек екен. Әлиманы Шорман елі өз қызындай салтанатпен ұзатыпты деседі. Шоқанның қарындасы Нұриланы Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов алған. Қаныш жас кезінен өзінен көш ілгері өмір кешкен Шоқан Уәлихановты біліп, атына, жан-жақты білімі мен өрісті ғылымына қанық болып өсті. Әлкей Марғұлан: Қаныш алты жасынан бастап Ақкелін болысының орталығынан ашылған ауыл мектебінде оқыды. Оның оқытушылары Омбыда, Семейде, Павлодарда білім алған, бірталай сауатты адамдар болды. Олардың ішінде ең білімдісі - Шоқанның

ұрпағынан Бексұлтан Уәлиханов, Б.Жұбанышбаев тағы басқалар - десе, Бекендердің Шоқан жайлы қызғылықты әңгімелер айтпауы мүмкін емес.

Қаныш Сәтбаев Шоқантанудың қазақтан шыққан алғашқы зерттеушілерінің бірі болды. Томскіде оқып жүрген студент Қаныш Шоқан Уәлихановтың еңбектерін талдау үстінде тарихтағы белгілі тұлға Едіге батыр туралы эпосқа тап болады. Ол Сәтбаевтың өңдеуімен, алғы сөзімен 1927 жылы Мәскеуде қайтадан жарық көрген. Осының бәрі – жас Қаныштың Шоқанды зерттей жүріп, жолын жалғастыруды, сабақтас болуды арман еткендігінің белгісі. Ш.Сәтбаева: «Бұл ретте ол тұңғыш қазақ топырағында небір нәзіктік пен сиқырлы қасиеттерді иемденген көркемсөзді ғылымға қызмет еткізген, өзінен ілгеріде өмір кешкен ұлы ғалым Ш.Ш. Уәлихановтың дәстүрін жалғастырушы ретінде ерекшеленеді» - деп әдемі тұжырымдаған [1,7]. Қаныш Шоқанға еліктеп, Қарсақбай, Жезқазған-Ұлытау өңірлеріне алғаш келген. 1926 жылдардан бастап тамаша экономикалық, әлеуметтік және тарихи-этнографиялық, археологиялық зерттеулер жүргізді. Өзінің геологиялық жолында болсын, қазақтың Ғылым академиясын құруда, басқаруда болсын, кен байлығын халық қажетіне жаратуда Қаныш Сәтбаев Шоқан Уәлихановты алдында желбіреген жалауындай қадір тұтты. Ресейдің Шоқан толық мүшесі болған географиялық қоғамының басқарушысы П.Семенов-Тянь-Шаньский қанша тырысып бақса да, патшалық Ресей кезінде Шоқанның еңбектері толығымен жиналып басылмады. Орыстың саяси департаменттері орыс географтарының табысын Еуропаға таныту мақсатымен өздеріне керегін ғана үзіп-жұлып бастырып шығарды. Ал толық жинағын қазақтың қолына ұсыну үлкен арман еді. 1961-1972 жылдары Шоқанның ең алғаш жарық көрген 5 томдық шығармаларының дайындалып, қазаққа жетуіне Сәтбаев нақтылы себепкер болды. Өзі редакция алқасына кірді, ал құрастырушы жұмысты академик Әлкей Марғұланға басқартты. Қазір Ғылым академия ғимаратының алдында Ш.Уәлихановтың ескерткіші тұр, айналасында көптеген ғылыми институттар бар. Осының бәрі қазақтың асыл перзенттері Шоқан мен Қаныштың табиғи жалғастығын, мәңгілік бірлестігін айқындайды. Қаныш Сәтбаевты қазақ даласындағы жартас жазулары да көп қызықтыратын. 1937 жылы ол Бұланты өзенінің терең шатқалынан бұғы мен аю бейнеленген суреттер тапты. Мұндай суреттер кейін Ұлытаудың батыс жағындағы Жетіқыз өзенінің және Талдыеспе өзенінің бойында табылды. Қаныш Имантайұлының пікірі бойынша, аюлар мен бұғылар бейнесі жартасқа олар осындай өмір сүрген кезеңде, яғни төрттік дәуірдің алғашқы бөлігінде, біздің эрамызға дейін бірнеше мың жыл бұрын қашалған. Ежелгі түркі тайпаларының Жезқазған ауданында жиі кездесетін сым тастарын да Қаныш Имантайұлы жан-жақты сипаттаған-ды [2,368].

Қазіргі Жезқазған облысының жерінде орта ғасырлардан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңде тұрғызылған архитектура ескерткіштері көп-ақ. Орта ғасырлық тамаша ғимараттар – Алаша ханның, Жошы ханның, Домбауылдың және басқалардың мавзолейлері, Қ.И. Сәтбаевтың пікірі бойынша, қазақ даласының ежелгі саяси орталығы осы арада болғанын тиянақтай түседі. Мавзолейлердің әбден күйдірілген кірпіштері, олардың түрі мен көлемі Алтын Орда стиліне өте жақын, ал, мұның өзі олардың тұрғызылған уақытын дәл анықтайды. Қ.Имантайұлы бүгінгі ұрпаққа Жыланшақ өзенінің бойындағы Сырлытам мавзолейі туралы мәліметтер де жазып қалдырады. 63жастағы Рахмет Жаппасбаевтан жазып алынған бұл мәліметтер мавзолейдің өзі тұстас елеулі ескерткіштерден көлемі бойынша да, безендірілуі бойынша да еш қалыспағанын көрсетеді. Қаныш Имантайұлы қазақ даласының тарихына қатыса бар қандай фактіге де назар аудармай өтпейтін. Оның өзіне тән көрегендікпен, білгірлікпен дәл танып бағалауы арқасында көптеген көрнекті ескерткіштер табылып, бүгінгі күні ғылымның қалың жұртшылықтың игілігіне айналып отыр [3,314]. Академик Қ.Сәтбаевтың ой толғамына жүгінсем, Ұлытау «ескі

сөз естеліктің кені». Және де «Ұлытау кенересін Сарыарқаның кіндігі деп айтуға болады. Сондықтан, Ұлытау жоталары қазақ даласының неше ғасырдан бергі тарихының ашық алаң, кең майданы болып келген. Талай хандар ордасын осы Ұлытауға тіккен. Талай батырлар жасағын осы Ұлытауға орнатқан. Сарысуға құятын Қаракеңгір дейтін өзеннің жиегінде атақты Шыңғыс ханның баласы Жошы хан мен Алаша хандардың мазарлары әлі күнге дейін бұзылмай тұр. Жыланшық өзенінің бастау көзі шығатын Ұлытаудың бір биігінде Ер Едігенің моласы бар деп жұрт аңыз етеді. Абылай да ордасын Ұлытауға тіккен, Ұлытаудың түстік бөктеріндегі «Хан төбе» дейтін жерде өткен ХІХ ғасырдың 30-шы жылдарында атақты Кенесары батырды Орта жүздің баласы басы Арғын Шеген би болып, ақ киізге салып хан көтерген» деп жазады. Расында, Ұлытаудың қатпар-қатпар құпия сырларының керемет бір көріністері осындай [4,258]. Ол – Қазақ елінің географиялық орталығында орналасқан саяси-экономикалық және этномәдениетінің алтын ордасы. Ол өзінің дәуірлеп, гүлденген заманында Дешті Қыпшақ немесе Жошы ұлысы атанған. Ұлытау дегенде тарихи ой-сана, ұлттық зерде-зейін, ар-намыс, қайрат-жігер, рух тұтас оянады. Далаңның тарихы, дана бабалар, дарынды баһадүрлер тарихы қайтадан жаңғырып тіріледі. Ұлытау ұлылығы мен ұлағатында телегей сыр, теңдесі жоқ терең мағына бар.

Тарихтың «алтындай тазасы, алмастай асылы» Тәуелсіз Қазақстанның екпіндеп өрлеуіне ересен серпін қосады. Кемеңгер ғалым Қ.И. Сәтбаев көпқырлы дарыны бар, өмірді сүйген, қоғамдық белсенділігі ғаламат адам. Ол бар іске де үлгеретін. Оның сан алуан ауқымды мақсаты болатын. Ойланып жатпай-ақ кез-келген бір мысал келтірейік: «...Алтышоқы тауының етегінде ерте кезде мыс өндіру ісін зерттеп, жүргізіп, Сәтбаев тілде жазылған жазуы бар кішкене тас пирамида кездесті. Ол жазудың бір әрпін қалдырмай қағазға түсіріп алды да Ленинградтағы «Эрмитажға» жіберді. Көп кешікпей ол жақтан «Эрмитаждың» ғылыми қызметкері Морозов келіп, қымбат қазына ретінде плитаны алып кетті. Артынша-ақ профессор Поппэ жазудың шешуін тауыпты: «Жеті жүз Қара Тоқмал елінде қой жылғы көктемнің ортаңғы айында Тұрана, Темірбек, Сұлтан екі жүз мың қолмен Тоқтамыс ханның қанын ішіп, өз мерейін асыру үшін жортып келе жатты. Өзіне таныс осы жерге жеткен соң қорған тұрғызды. Құдайдың өзі жар болсын». Сәтбаев Ақсақ Темірдің Жезқазған даласындағы ізін осылай тапты. Қаныш тапқан сол археологиялық ескерткіш әлі күнге дейін «Эртимажда» көрсетіліп тұрады» [5,17]. Барлығымыз Қаныш Сәтбаевты Қазақ Ғылым Академиясының тұңғыш президенті және геолог ретінде білеміз. Бірақ геология саласынан басқа тарих және әдебиет саласының дамуына өзіндік үлес қосқан еңбектері бар екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Жезқазған жерінде геологиялық барлау жұмыстарынан бөлек Жезқазған тарихын зерттеді. Қаныш Сәтбаев шоқантанудың қазақтан шыққан алғашқы зерттеушілерінің бірі болды. Байтақ даладан жер асты қазыналарын іздеу жолында ол халықтың рухани байлығына кенікті. Оның мақалаларына зер сала отырып, біз Академияны басқарған жиырма жылдың өн-бойында Қаныш Имантайұлын әдебиет пен мәдениет мәселелері үнемі толғандырып отырғанын аңғарамыз. Қаныш Сәтбаев өзінің барлық саналы өмірін қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің, ғылымының өркендеп өсуіне арнап, осы жолда аса тамаша тарихи мәні бар істер жасады. Туып-өскен жерін, өз халқын жан жүрегімен беріле сүйген ғалым алғашқы еңбектерінен бастап-ақ зерттейтін өлкесінің өткен кезеңіне қазақ халқының көне мәдениет ескерткіштеріне көп көңіл бөлген болатын. ХХ ғасырдағы Қазақстанның дамуына зор үлесін қосқан қоғам мен мемлекет қайраткері нағыз көшбасшының дәл өзі еді. Оның Бүгінде Қ.И. Сәтбаев мұрасын металлогения, минералогия, геохимия, пайдалы қазбалар, стратиграфия, тектоника, география, экономика сынды т.б. ғылым салаларында жазылған мыңға жуық жарияланым құрайды. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің үшінші жаңғыруы туралы сөз

қозғалды. Бұл жаңғыру елімізді озық 30 мемлекеттің қатарына енгізуді көздейді. Оның негізгі үш үдерісі, атап айтқанда, саяси реформа, экономиканы және қоғамдық сананы жаңғырту үдерістері іске қосылды. Сонымен қатар, Н.Ә.Назарбаев қоғамдық сананы жаңғырту бағыттарының бірі ретінде білім саласын белгілегенін ескерген абзал. Осы тұста ұлтымыздың беткеұстар азаматы Қаныш Сәтбаевтың ғылым дамуына қосқан үлесі мен еңбек жолы кейінгі буын мен еліміздің жас ғалымдары үшін қоғамдық сананы жаңғыртудағы негізгі бағдар болып қала бермек. Ойымызды дәйектей келе ғалым ағамыздың мына бір сөздеріне құлақ қойсақ: «Ойлан, жас ұлан, болашақ жайлы толған. Сен машинаны айдап, оны басқарғың келеді? Қала, зауыт, кен орнын салғың келеді. Жер байлығын зерттегің келер, алыс биікте ұшқың келер, басқа әлемге түскің келер?! Сенің арманың орындалар, егер сен бүгін, ертең қажырлы еңбектеніп оқитын болсаң! Ғылымсыз адам батыл емес» [6,13].

Қ.И. Сәтбаевтың өмірі – Отанымыздың болашағы, халқымыздың игілігі жолындағы ерен еңбектің ғажайып үлгісі. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың саналы өмірін қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің, ғылымының өркендеп өсуіне арнап, осы жолда аса тамаша тарихи мәні бар істер жасауы Елбасымыздың Тәуелсіз Қазақ елін әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосу идеясының бір жұрнағы іспетті. Сол кезеңде атқарып кеткен еңбектері бүгінде еліміздің ғылым мен мәдениет саласының түбегейлі өзгеруіне үлкен үлес қосуда.

Әдебиет:

1. Бәкенов М., Өмірбеков А. Сәтбаевтану. Алматы. ҚазҰТУ, 2011 жыл. 210 бет.
2. «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалық, 2005 жыл, 368-370 беттер.
3. Қ.И.Сәтбаев «Таңдамалы» 2007 жыл. 1 том. 317 бет.
4. Қ.И.Сәтбаев «Таңдамалы» 2007 жыл. 5 том. 258-263 беттер.
5. Қаныш аға (Академик Қ.И.Сәтбаев туралы естеліктер). 1989 жыл. 232 бет.
6. Қазақ энциклопедиясы». 2011жыл. 117 бет.7. Медеу Сәрсекке «Дара дарын» роман-эссе. 2008 жыл. 136-138 беттер.

УДК 1(091)

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ЖАҢА ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ильясова Г.С., Хайрушева К.С.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында алты үлкен жоба аталды. Сол жобалардың бірі – «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» [1]. Бірақ бұл жобаның мақсаты 100 кітап аударып шығарудан әлдеқайда кең. Жаңа оқулықтар арқылы жалпы гуманитарлық білімнің мазмұны мен сапасы мүлде жаңа деңгейге шығуы тиіс.

Қазақстандық ғылыми орта, оқытушылар мен студенттер бұл жобаға өздерінің күнделікті өміріне, ертеңіне тікелей қатысы бар мүмкіндік деп қарауы керек. Бұл

оқулықтар қазақ тіліндегі гуманитарлық біліммен бірге қазақ тілінің өзін де өрге тартатын бастама деп түсінеміз. Тіліміз халықаралық ғылыми лексикамен толығады.

Аударылатын кітапқа қойылатын талаптар мен оларды іріктеу жүйесі жұмыс тобында ұзақ талқыланды. Таңдалатын кітап әлемдегі озық университеттің оқу бағдарламасында болуы шарт, ол оқулық кемінде үш басылым көруі тиіс, соңғы басылымы өткен үш жылда шығуы керек. Бұл талаптар оқулыққа деген сұраныстың жоғары екендігін, оның мазмұн тұрғысынан өзектілігін растайды.

Жаңа гуманитарлық білім дегенде Елбасы мақаласында гуманитарлық ғылымдардың жеті бағыты аталды. Ол философия, әлеуметтану, мәдениеттану, тарих, филология, саясаттану және психология. Елбасымыз 3 мақалсында былай жазған: «Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз» [1, б. 2]. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы осы бағыттың алтауын қамтылып, жаңа оқулықтар оқу үдерісінде қолданылуда.

Өткен оқу жылы жаңа оқулықтардың тұсау кесер салты өткізілгеннен кейін гуманитарлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерде өзгерістер енгізілді. Оқу үдерісіне гуманитарлық бағыты бойынша аударылған кітаптар енгізіліп жатыр. Оның негізгі мақсаты жас ұрпақ жоғары ғылыми стандарттарға сәйкес, шет елдердегі жастармен бірге білім алуға тиіс. Алғашқы аударылған 18 сегіз кітабы АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Франция, Швейцария сияқты алдыңғы қатарлы елдердің ең үздік ғылыми еңбектерін қамтиды. Неліктен біздің Елбасымыз, үкіметіміз осы мәселее көп назар аударып жатыр? Себебі, ғылыми таным, халықаралық стандартқа сүйенген сапалы білім заманауи ұлттың бәсекеге қабілетті болуының негізгі шарттары болып табылады. Ал жаңа аударылып жатқан оқулықтар білімнің нағыз энциклопедиясы болып саналады.

Гуманитарлық ғылымдардың құрамында философия ғылымының орны ерекше. Философия тек қана онтологиялық, гносеологиялық мәселелерді көтеріп қоғамдағы азаматтық ұстаным, моралдық құндылық, ар-ождан негіздерін қалайды. Адамның өзіне, айналасына, елге деген көзқарасын қалыптастырады. Біз дүние жүзіндегі ғылым мен білімнің мазмұнына жол ашу арқылы ілгері дамыған қоғамдардағы осындай көзқарас және ұстаным қалыптастыру құралдарымен жақын танысуға мүмкіндік алдық. Елбасымыз айтқандай, мақсат – ол білімді айна-қатесіз көшіріп алып, соған илану емес. Біз әлемнің қалай ойлап, нені құнды, нені дұрыс, нені бұрыс деп білетінін ескере отырып, өз бағытымызды анықтауда қателеспей, өзіміздің қазақстандық жолымыздан жаңылмауымыз қажет. Сондықтан да рухани жаңғыру аясындағы өзге жобалар өз тарихымызға, өлкетануға, төл мәдениетке арқа сүйейді. Қазақ дүниетанымын қорғау сөзсіз қажет, бірақ ол тұйықталу дегенді білдірмейді.

Жоба аясында аударылған 18 оқулықтың ішіндегі философиялық 4 үздік туынды оқырмандар үшін қазақ тілінде жарық көрді. Олар: Д. Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дериддаға дейін», Э. Кеннидің «Антика философиясы» және «Орта ғасырлар философиясы», Р. Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы».

Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дериддаға дейін» атты еңбегіне философиялық ойдың даму тарихына айрықша үлес қосқан танымал 15 ойшылдың шығармашылығы топтастырылған [2]. Автор Батыс дәстүріндегі көрнекті философтардың негізгі еңбектері мен теорияларын оқырмандарға кезең-кезеңмен таныстыруды көздейді. Кітап тарауларында философтардың өмір сүрген дәуіріне шолу жасалып, сөз болатын шығармалардың негізгі идеяларын талдауға басымдық берілген. Сондай-ақ, жинақта философтардың өмір деректері мен басты еңбектерінің тізімі, сол дәуірдегі ғылыми жаңалықтар мен тарихи оқиғалар,

философиялық, әдеби және көркем туындылар да қамтылған. Әр шығармаға арналып оның түйінді идеясын білдіретін ықшам анықтама дайындалған. Тақырыптар хронологиялық ретпен баяндалса да, материал кез келген тараудан бастап түсініп оқи беруге лайықталып, әрқайсысы жеке бітіммен құрастырылған. Бұл оқулықты Гарвард, Оксфорд университеттері мен Л.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің студенттері қолданады.

Бұл оқулықта он бес әлемдегі ең танымал ойшылдар туралы әңгімелейді. Олардың әрқайсысы философия дамытуға елеулі үлес қосқан немесе біздің көзқарасымызды, дүниетанымызды өзгертуге әсерін тигізді.

Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дериддаға дейін» атты оқулық бірінші рет философиялық түсініктер мен мәселелермен танысып отырған студенттер үшін өте маңызды. Оқулықта ойшылдың өмірбаяны, өмірінің негізгі жылдары мен оқиғалары нақты көрсетілген және ойшылдың философиялық көзқарасын қарастыру барысында бірнеше тармақтарға бөлінген және бөлімінің соңында қорытынды ретінде түйін келтірген.

Оксфорд университетінің вице-канцлері, Британ академиясының президенті болған Сэр Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» атты төрт томдық еңбегі философиялық ойды зерттеуге жол ашатын еңбектер тізімін толтырады.

Кезінде біраз жыл Британ академиясының президенті болған әйгілі ағылшын философ-ғалымы сэр Энтони Кенниді осыдан біраз жыл бұрын Оксфорд университетінің баспасы Фалестен бастап Дерридаға дейінгі философия тарихын жазуға шақырыпты. Бір-біріне ұқсас жекелеген тақырыптардан құрастырылған антика, орта ғасыр, қазіргі заман философиясының бастауы және қазіргі заман философиясының дамуын бір арнаға салу туралы ұсынысты зерттеуші ықыласпен қабыл алған. Бұл еңбек 2005 жылы төрт том болып жарияланды:

- Бірінші томда философияның ежелгі бастауынан бастап, 387 жылғы Әулие Аугустинге дейінгі кезең қамтылады;

- Екінші томда Аугустиннен бастап 1512 жылғы Латеран соборына дейінгі аралықтағы тарих қарастырылады;

- Үшінші том XVI ғасыр философтарының идеяларын талқылаудан басталып, 1831 жылы Гегельдің қайтыс болуымен аяқталады.

- Төртінші, соңғы том сол XIX ғасырдың орта шенінен екінші мыңжылдыққа дейінгі аралықтағы ой дамуын баян етеді.

Энтони Джон Патрик Кеннидің төрт бөлімнен тұратын «Батыс философиясының жаңа тарихы» еңбегінде философия ілімінің ежелгі заманнан бүгінге дейінгі дамуы толық қамтылған. «Антика философиясы» атты бірінші бөлімінде натурфилософиялық мектептер өкілдерінің және классикалық Грекия мен Римдегі антика философиясын қамтиды [3]. Тарихи баянның тақырыптық арқауы философияда туындаған сауалдарды келесі екі мыңжылдыққа мұра етіп кеткен және әр кезеңдегідей дәл бүгін де ықпалы бәсеңсімеген екі үлкен тұлға – Платон мен Аристотельге негізделген. Бұл – Батыс өркениетінің түп-тамырын түсінгісі келетін орта үшін философия тарихына арналған төрт бөліктен тұратын топтаманың бірінші томы. Энтони Кенни өз шығармасында ежелгі дәуір философтарының шығармашылығын терең зерттей отырып, ұлы ойшылдардың бір-біріне деген көзқарастарын анықтайды. Соның ішінде «Сократ Платон көзімен» деген тақырып өте жақсы ашылған. Платонның Сократ жайлы жасаған, оның шығармашылығын талдаған тұжырымдамалары өте терең. Оны зерделеу үшін мықты философиялық білім базасы және діни-ағартушылық бағыттағы көңіл көкжиегінің кең болуы міндеттеледі. Платон бар дәрежесін, бар білімін, бар сөз мәйегін, сөз қорын осы бағытқа арнаған.

Кітап ішінде, жоғарыда айтып өткендей, ежелгі дәуір ойшылдарының өмірі туралы, олардың білімін дамытуға кедергі болған факторлар туралы, сондай-ақ, олардың әлем жаратылысына, адамдардың сана-сезімінің даму үдерісіне, адамдардың бір-біріне деген көзқарасына байланысты тамаша тәмсілдер келтірген жазбалар бар.

Сэр Кеннидің қазақ тіліне аударылған «Батыс философиясының жаңа тарихы» еңбегінің «Орта ғасыр философиясы» атты екінші кітабында философиясының ортағасырлық кезеңі көрсетілген - Әулие Августиннен бастап Қайта өрлеу кезеңіне дейін жалғасады [4]. Философияның нағыз гүлденген кезеңі - ол орта ғасырлар екені белгілі. Энтони Кенни еңбектерінің негізгі өзегі - оның түсіндірмесі, өйткені ойшыл кітабында философиялық мәтіндерді терең бойлап оқу және оларды мазмұндау болып табылды. Түсіндірме екі түрлі болуы мүмкін - сыртқы және ішкі. Ішкі түсіндірмеде автор мазмұндаудағы ізгілік қағидасын ұстана отырып, мәтінді өзара байланыстырып, бірізді етуге тырысады. Сыртқы түсіндірмеде баяндаушы мәтінің маңыздылығын басқа мәтінмен салыстыра отырып анықтайды. Энтони Кенни өз оқулығында осы екі әдісті қамтыған. Қазіргі таңда философия мәселелерін зерттеу үшін біз тарихтағы әйгілі ойшылдардың еңбектеріне үңілеміз. Сол арқылы олар өмір сүрген қоғам мен адамдарды, олардың танымын қалыптстырған жағдайларды, ахуалды түсіне аламыз.

Энтони Кенни оқулығының құрамында бір тақырыпқа жиналған «Логика және тіл», «Білім», «Физика», «Метафизика», «Сана мен жан», «Этика», «Құдай» атты тараулары бар [4]. Оқулық тоғыз тараудан тұрады. Бұл томның «Философия және сенім» атты бірінші тарауында Энтони Кенни христиан дінін қабылдағаннан кейінгі Августин дүниетанымын, Боэций философиясын, кейінгі антика заманындағы грек философиясын, Каролинг империясындағы философияны, Кентерберилік Ансельм, Абеляр, Ибн Рушд пен Маймонидтің ілімін қарастырады. Екінші тарауда Энтони Кенни XII ғасыр схоластарынан бастап Ренессанс кезеңіне дейінгі философия тарихын баяндайды: Роберт Гроссетес және Ұлы Альберт, әулие Бонавентура және Акуинолық Томас, Сигер Брабант және Роджер Бэкон, Дунс Скот және Уильям Оккам, оксфордтық калькуляторлар, Джон Уиклиф, сонымен қатар, платонизм мен аристотелизмнің қайта жаңғыруын қарастырады. Үшінші тараудан бастап, кітаптың соңына дейінгі тарауларды Энтони Кенни тақырыптық бөлімдерге арнайды. Бұл бөлімдерде орта ғасыр заманында өзекті болған әр түрлі философиялық мәселелер талданған. Нақтылап айтсақ, үшінші тарауда – логика мен тіл мәселесі, төртінші тарауда – гносеологиялық концепциялар, бесінші және алтыншы тарауда – физика мен метафизика, жетінші тарауда – ақыл мен жан, сегізінші тарауда – этика, соңғы тарауда – Құдай мәселелері байыпталған.

Энтони Кеннидің бұл томдарды жазудағы мақсаты, тарихтағы әйгілі философтардың философия тарихына еңбей қалған еңбектері мен олардың бізге қалдырған мұраларын мұқият оқу арқылы философияны тереңірек білуге, түсінуге болатынын аңдату болғанын айтқанбыз. Сондай-ақ Кенни бұл кітабында философия тарихындағы аттары елеусіз қалған ортағасырлық ойшылдардың философиялық ілімдерін оқырмандармен кеңірек таныстыруды көздейді.

Белгілі француз ғалымы Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы» жас оқырманды Батыстың аса көрнекті ойшылдары және олардың шығармаларымен таныстырады [5]. Осы күрделі міндетті жеңілдету мақсатында, ол Батыс философиясы дамуының елеулі кезеңдерін көрсетеді деген 25 шығарманы іріктеп ұсынған. Бұл шығармалар әлемдік ақыл-ой дамуының белесті кезеңдері мен бай қазынасын танытады. Ежелгі заманнан бүгінге дейінгі философия тарихын қамтыған жинақ адамзат ақыл-ойының құнарлы нәрі мен көркем табиғатына енді ден қоя бастаған жас қауымға даналық мәйегін түсінікті де тартымды тілмен баяндайды. Жинақта әр философиялық шығармадағы түйінді идеялар талданып, түсіндірме берілген. Осы

оқулықты М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті мен, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің студенттері оқиды.

Аталған оқулықтар «Философия» сабағында қолданылады: тақырып бойынша кейбір мәліметтер дәріс мазмұнына кіргізілді, тәжірибелік сабаққа дайындалғанда оқулықтар ұсынылады және студенттер өздік жұмыстарын жазып қорғағанда бұл оқулықтардың рөлі өте зор деп ойлаймыз.

Білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау – болашаққа жасалатын ең басты бағдар десек, онда әлемнің үздік 100 оқулығын қазақ тілінде сөйлету өте тиімді әдіс деп қарауға тиіспіз. Қорыта айтқанда, 100 жаңа оқулықтың қоғамдық сананы жаңғырту барысындағы рөлі ерекше, маңыздылығы жоғары болып табылады.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан - 2017. - 26 сәуір.
2. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін. - А.: «Ұлттық аударма бросы» қоғамдық қоры, 2018. - 216 б.
3. Энтони К. Батыс философиясының жаңа тарихы. - Т 1. Антика философиясы. - А.: «Ұлттық аударма бросы» қоғамдық қоры, 2018. - 364 б.
4. Энтони К. Батыс философиясының жаңа тарихы. - Т 2. Орта ғасыр философиясы. - А.: «Ұлттық аударма бросы» қоғамдық қоры, 2018. - 400 б.
5. Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. - А.: «Ұлттық аударма бросы» қоғамдық қоры, 2018. - 368 б.

ӘОЖ 336.221.26

ҚР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА САЛЫҚ САЛУ ПЕРСПЕКТИВАСЫН ТАЛДАУ

Иманбаева Э.А.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Ауыл шаруашылық өнімін өндірушілер – экономиканың әлеуметтік-маңызды, ірі секторы және халық шаруашылығының маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Ол ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу мен тұтынушыға жеткізу бойынша экономиканың барлық салаларын біріктіреді.

«Жаңғали» ЖШС Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Покровка ауылында орналасқан. «Жаңғали» ЖШС 7617-1947 ЖШС (ИУ) нөмірімен СҚО Облыстық әділет басқармасында тіркелген.«Жаңғали» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, заңды күші бар 17.05.1995 жылғы «Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, сондай-ақ серіктестік өзінің қызметін жүзеге асыратын аумақтағы басқа нормативтік заңдық актілер негізінде құрылды және әрекет етеді. Кесте 2.11 кәсіпорынның табыс құрамы берілген.

Көрсеткіштер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2017 ж/2016 ж		2018 ж/2017 ж	
				Абс. ауытқу	%	Абс. ауытқу	%
Дайын өнімді (тауар, жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыс	89366	160715	181215	71349	179,8	20500	112,8
Өткізілген дайын өнімнің (тауар, жұмыс, қызмет) өзіндік құны	71498	112764	114605	41266	157,7	1841	101,6
Жалпы табыс	17868	47951	66610	30083	268,4	18659	138,9
Кезең шығыстары, барлығы	4592	18808	28441	14216	409,6	9633	151,2
Соның ішінде: өткізу бойынша шығыстар	2840	11951	17898	9111	420,8	5947	149,8
жалпы және әкімшілік шығыстар	1752	6857	10543	5105	391,4	3686	153,8
сыйақы төлеуге арналған шығыстар							
Негізгі емес қызмет табысы (залалы)	-	-	-	-	-	-	-
Салық салынғанға дейінгі әдеттегі қызмет табысы (залалы)	13276	29143	38169	15867	219,5	9026	131
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	1055	4195	5953	3140	397,63	1758	141,91
Салық салынғаннан кейінгі әдеттегі қызмет табысы (залалы)	12221	24948	32216	12727	204,14	7268	129,13
Төтенше жағдайлардан келген табыс (залал)	-	-	-	-	-	-	-
Таза табыс (залал).	12221	24948	32216	12727	204,14	7268	129,13

Кесте 1 «Жаңғали» ЖШС 2016-2018 жылдардағы табыс құрамына талдау
(мың теңге)

«Жаңғали» ЖШС жылсайын дайын өнімді өткізуден түсетін табыс ұлғаюда. 2017 жылы кәсіпорын табыс алды, ол 2016 деңгейінен 79,8% өсті, ал 2018 жылы 181215 мың теңгені немесе 2017 жыл деңгейінен 112,8% құрады. Талданатын кезеңде өткізілген дайын өнімнің өзіндік құны да артты. Ең үлкен кенет өзгері 2017 жылы болды, онда өзіндік құн 2016 жыл деңгейінен 57,7% артты. 2018 жылы сондай-ақ өзіндік құнның

өсуі болды, бірақ ондай үлкен мөлшерге емес, тек 1,6%. Өзіндік құнның өсуіне жанармайға, қосалқы бөлшекке, тыңайтқыштарға, жұмысшылар жалақысы мен т.б. бағаның өсуі себепші болды. Дайын өнімді өткізу мен өзіндік құннан және өткізілген дайын өнім табысында болған өзгерістер нәтижесінде жалпы өнім 2017 жылы 2016 жыл деңгейінен 168,4% артты, ал 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда - 38,9% артты. Мұндай өзгеріске табысы өсімі мен өзіндік құ қарқыны себепкер болды. Кезеңде шығыстардың артуы да байқалады. Кезең шығыстары 2017 жылы 2016 жылмыс салыстырғанда 309,6% өтсі және 18808 мың теңгені құрады, ал 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда - 51,2% артты. Бұл жалпы және әкімшілік шығыстар есебінен, сондай-ақ өткізу бойынша шығыстардың өсу есебінен болды. Өткізу бойынша шығыстар 2017 жылы 2016 жыл деңгейінен 320,8% немесе 9111 мың теңгеге, ал 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 5947 мың теңгеге немесе 49,8% артқан. Жалпы және әкімшілік шығыстар 2017 жылы 291,4%, ал 2018 жылы - 53,8% өсті.

Кезең шығыстарының өсуіне қарамастансалық салынғанға дейінгі негізгі қызмет табысы (залалы) мен әдеттегі қызмет табысы (залалы) сондай-ақ артқан. 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда көрсеткіш мәліметтерінің өсу қарқыны 119,5 %, ал 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда - 31% құрады. Талданатын кезеңде корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар да артқан. 2017 жылы аталмыш шығыстар бойынша өсу қарқыны ең үлкен болды және 397,6% құрады, ал 2016 жылы ол - 141,9% құрады.

Бизнес-жоспар - кәсіпорынның алдына қойған экономикалық мақсаты мен оны жүзеге асыру жолдары, міндеттері мен әдіс-тәсілдері баяндалған құжат. Бизнес жасау үшін нарықтық орта жан-жақты зерттеледі. Нарықтық ортаның ағымдағы жағдайы, болуы мүмкін өзгерістер мен кедергілер, жобаны іске асырудан түсетін табыс мөлшері, т.б. нақты көрсетіледі. Бизнес-жоспар, көбінесе, банктен кредит алу және оның қайтарылуын қамтамасыз ету үшін жасалады. Меншік иесінің қатысуымен кәсіпорынның стратегиялық дамуының бағыт-бағдары анықталады, осы арқылы жобаның тиімділігі мен қажеттілігі айқындалады.

Жақсы бизнес- жоспар жақсы бастамаға ғана емес, келешектегі істің тұрақты жағдайына да кепілдік береді.

Бизнес үшін тәуекелдермен байланысты болып келетін басты жағдайлар қарапайым және объективті түрде көрсетілуі тиіс. Қауіп-қатер бәсекелестерден, маркетинг пен өндірістік саясат саласындағы қате есептеулерден, басқарушы мамандарды іріктеудегі қателіктерден туындап отыруы мүмкін. Сондай-ақ техникалық прогресс те қауіпті болуы мүмкін, ол кез келген жаңа өнертабысты дереу «ескіртіп» жіберуі мүмкін.

Бизнес - жоспар болжалды қаржылық нәтижесі көрсетілген жалпы сипаттамадан және он тарауға бөлінген негізгі бөлімнен тұрады:

1. жоба бойынша өндірілген тауарлар (не қызмет) түрлері және олардың бәсекелесу қабілеті сипатталады;

2. тауарларға сұраныс деңгейі мен көлемі ескеріле отырып, өнім өткізу нарығы, өндіріс көлемі мен тауарға қойылатын баға анықталады;

3. бәсекелестер мүмкіндігі (тауарларының сапасы мен бағасы) туралы мәліметтер талданады;

4. маркетингтік зерттеу нәтижелері (тауарларды өткізу және баға саясаты, өнімді сатуда ынталандыру, жарнамалау, т.б.) сараланады;

5. өнім (не қызмет) өндіру жоспары мен өндірістік байланыстар, өндірістік шығындарды азайту және өнім сапасын жақсарту әдістері айқындалады;

6. ұйымдастыру-басқару жұмыстары және қызметкерлермен жұмыс істеу бағдары белгіленеді;

7. жобаның ұйымдық-құқықтық негіздерін көрсететін заңдық құжаттар жасалады;

8. жұмыс барысында кездесетін қауіп-қатерді болжау және оның алдын алу шаралары қарастырылады;

9. жобаның барлық буындарының құндық көрсеткіштері жинақталып, ақшаға шағып көрсетілген қаржы жоспары нақтыланады;

Қаржы көздері (жобаны іске асыруға жеткілікті соманы қайдан, қанша мөлшерде ала алады және жоба қандай мөлшерде пайда кіргізеді, кредитордан алынған қаражатты мерзімінде қайтара алу қабілеті, т.б.) жобаланады. Бизнес-жоспар тауар, ақша, өндіріс факторы қозғалысының жалпы балансын айқын бейнелейді.

Бизнес-жоспар өндірісі және қызмет көрсету көлемін көбейту үшін капитал тарту мақсатында инвесторлар жаңа кәсіпорынның жоспарланған мақсаттарды, оның ішінде кәсіби деңгейі жоғары менеджерлер командасы мұқият ойластырылған, жалғасын табатын негізгі бағдарламалық іс - әрекеттерді орындауға сай мүмкіндігі бар екендігіне көз жеткізуі тиіс. Егер бизнес-жоспар мақұлданса кәсіпкер мен оның командасының өз әрекеттерін жүзеге асыратын басты критерийі болуы керек .

Инвесторларды, бірінші кезекте, кәсіпорынның қарызды өтеуі, яғни оның тек пайызды төлеп қана қоймай, сонымен қатар негізгі қарызды қайтара алуы толғандырады. Сол себепті кәсіпорынның қаржылық көрсеткішін мұқият талдап, жоспарлау қажет. Бизнес – жоспар тек инвестиция тарту құралы ретінде пайдаланылады деген пікір де айтылып жүр. Шындығына келгенде, бизнес – жоспардың мақсат өрісі айтарлықтай кеңірек, себебі бизнес – жоспарды дайындаудың басқа да маңызды себептері бар. Соның ішінде:

Көбірек жөнге салынған жұмыс. Бизнес – жоспар менеджерлер командасының тиімді жұмыс істеуіне, яғни әртүрлі балама варианттардың ішінде өте пайдалысын тандауға, мүмкін болар тәуеклдердің алдын – алуға және олардан құтылудың немесе төмендетудің жолдарын анықтауға көмектеседі.

Болашаққа бағдарлану. Жоспарлау менеджерлеркомандасына көптеген проблемаларды болжауға, алдын – алуға және олар пайда болған кезде дайын болуға септігін тигізеді.

Ниеттердің мақұлдануы. Жоспарлау тек стратегияны тұжырымдауға ғана емес, сондай- ақ ниеттерді мақұлдау және тәсілдер арқылы оны жүзеге асыруға көмектеседі.

Нәтижеге дағдарлану. Мақсаттарды анықтау кәсіпорынды негізгі нәтижеге жетуге бағдарлайды.

Стресті басқару. Жоспарлау процесінде шындыққа негізделген мақсаттарды анықтау болашақтағы болатын стресс жағдайларынан құтылуға мүмкіндік береді.

Тиімділігі жоғары жұмысты қаржыландыру. Шындыққа жақын мақсаттарды белгілеу кезіндегі қисын әсері бизнес – жоспардың қолға түсетін аз салдары болып табылатын. Егер мақсаттар қиын болса да, бірақ жетуге болатынын адамдар көбірек дәлелдейтінін зерттеулер көрсетуде.

Кәсіпорынның жоспарлау процесінде кездесуі мүмкін бірқатар проблемаларды қарастырайық. Технологиясы тез өзгереді салаларда жаңа бәсекелестердің пайда болуына және нарықтық ортаның өзгеруіне байланысты, бизнес-жоспар басылымға шықпай-ақ ескеруі мүмкін жағдайлар да болады. Сондықтан ортаның өзгермелілігі, тиімді бизнес-жоспар жасау жолында көңіл бөлуді талап ететін фактор болуы мүмкін. Елдегі жалпы экономикалық және саяси жағдай екінші себеп болып табылуы мүмкін, дағдарыс және қоғамдағы басқа да күйзелістер жобаларды жүзеге асыруға кері әсерін тигізері даусыз. Тұрлаусыздық пен болжамсыздық жағдайында қандай да бір міндеттерді мойынға алу өте қиын. Соңғысы – уақыт проблемасы. Әсіресе, кәсіпорын пайда болғаннан кейінгі алғашқы апта мен ай қайта құрылған кәсіпорындар үшін өте сындарлы кезең. Мұндай жағдайда дәл осы уақыт кезеңдерінің ерекше талқылануы шарт. Көбінесе, бизнес-жоспарды дайындау кезінде жіберілетін негізгі қателерді және оларды жеңу жолдарын қарастырайық.

Жоспарлау- дағы кемшіліктер	Тиімсіз жоспарлаудың негізгі белгілері	Кемшіліктерді жеңу жолдары
1	2	3
Нақтылы мақсаттың болмауы	Жалпы, белгісіз мақсаттар; Нақтыланбаған, саны жағынан белгісіз мақсаттар; Уақыт факторы ескерілмейді; Қосалқы мақсаттар мен нақты іс-әрекеттердің болмауы; Нәтижеге емес, қызметке бағдарлану;	Нақтылы, санды және уақытша шамалас мақсаттарды белгілеу
Нақтылы мақсаттың болмауы	Жалпы, белгісіз мақсаттар; Нақтыланбаған, саны жағынан белгісіз мақсаттар; Уақыт факторы ескерілмейді; Қосалқы мақсаттар мен нақты іс-әрекеттердің болмауы; Нәтижеге емес, қызметке бағдарлану;	Нақтылы, санды және уақытша шамалас мақсаттарды белгілеу
Мүмкін проблемаларды болжай алмау	Ақталмаған оптимизм; Менеджердің баламалы стратегиясы мен жұмыс жоспарының болмауы; Менеджменттегі дағдарыстық құбылыстардың басымдылығы	Жоспарлаудағы үлкен икемділік және болашақтағы проблемаларды болжай білу және олардан құтылудың жолын табу жағдайды бағалаудағы реализм
Ұзақ мерзімді болжамдаудың болмауы	Қысқа мерзімді мақсаттарға бағдарлану; Жоспарлаудың уақытылы	Ұзақ мерзімді мақсаттарды белгілеу және оларды уақытылы қайта қарастырып
Жете белмеушілік	Ескішілдікке негізделген, күнделікті жұмыстарға шоғырлану, приоритеттердің болмауы	Командамен стратегиялық мақсаттарды жүйелі талдап отыру және қызметтің нәтижесі туралы хабарлап отыру
Жоспармен жұмыс істемеу	Жоспарлар қайта қарастырылмайды;	Жоспарлауды оқтын- оқтын қайта қарастыру және

	Қоршаған ортадағы өзгеріске жетімсіз реакция	жағдайды бағалау, тәсілдер мен әдістерді өзгерту; Төзімділік жағдайын және конструкциялық сын жасау
Тәжірибенің жете зерттелмеуі	Мақсаттарға талдаудың болмауы; Қателерді және қиын жағдайларды қайта қайталау	Жағдайды жақсыға өзгерту мақсатында бұрынғы тәжірибелерді жете зертеу: Қиын жағдайларды шешу кезінде үлкен икемділік көрсету

1 кесте. Бизнес-жоспардағы негізгі кемшіліктер мен оларды жеңу жолдары

Нарықтық экономика жағдайындағы бизнес-жоспардың қызметі – басқару құжаты ретінде оның экономикалық дамуында қабылданған стратегияларға, концепцияларға, мақсаттарға және міндеттерге сәйкес болуы. Қазіргі экономикалық теория мен тәжірибеде бизнес-жоспар төрт түрлі функция атқарады.

Бірінші функция, бизнестің концепциясы (тұжырымдамасы) мен стратегиясын дамыту мүмкіндігімен байланысты. Бұл функцияның міндеті кәсіпорынды құру кезеңінде жаңа іс-әрекет қажеттілігін дәлелдеуге саяды. Жаңа жобалар тек инвестициялық болып, ғылыми-техникалық жаңалықтармен анықталып қана қоймай, толығымен ойластырылып жасалған болуы керек, онда стратегияның экономикалық және қаржылық жағдайы барынша сипатталып, нақты шаралардың техникалық-экономикалық негіздемесі берілуі шарт.

Екінші функция жоспарлау. Ол фирманың (кәсіпорынның, кәсіпкердің) мақсаты мен міндетін дұрыс анықтауға, дамудың ағымдағы, орташа және ұзақ мерзімді бағыттарын белгілеуге, іс-әрекеттің жаңа бағыттарының даму мүмкіндіктерін бағалауға, даму процесін бақылауға, қауіп-қатер дәрежесін төмендетуге және қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Үшінші функция өндіріс қуаттарын жасақтауға, ұлғайтуға және жаңартуға қажетті ақша қаражаттарын (ішкі және сыртқы инвестициялар) тартуға, жаңа технологияны енгізуге, шығарылатын өнімдердің түрін көбейтуге не өзгертуге және оның сапасын жақсартуға қызмет етеді. Бұл арқылы жобалардың жаңалануы және тәуекелділік дәрежесіне қарай капиталды жұмылдыру тәсілдері (несие қарыздар, үлестік қатынастар, т.б.) анықталады.

Төртінші функция фирманың жоспарын жүзеге асыратын, біріккен өндіріс жүргізіп, өз капиталын, ресурстары мен қолындағы технологиясын қоса алатын әріптес тартуға мүмкіндік береді. Кез-келген әріптес (инвестор) ең әуелі (көбіне жобаны жасаушылармен кездеспей тұрып) бизнес-жоспар негізінде компанияның даму бағытына сәйкес фирманың мүмкіндіктерін (қаржыны қайтарып алу, кепілдіктің шын болуы, сақтандыру және басқа жағдайлар) мұқият зерттеп алады. Бұл жағынан алғанда бизнес-жоспар талдау құжаты және жарнама құралы қызметін атқарады.

Сонымен, бизнес-жоспар фирманың тұрақты жұмыс құжаты болып табылады, ол фирманың стратегиялық бағытын (даму тұжырымдамасын) анықтап қана қоймай, кәсіпкерліктің барлық салаларындағы қызмет ету процесін де сипаттайды. Ол фирма ішінде қолданумен қатар, сыртқы байланысқа да қызмет етеді.

Бизнес-жоспар жобасын жасау кәсіпорынның болашақтағы даму стратегиясын анықтаудан басталады. Стратегияны қабылдауға сәйкес экономикалық концепция жасалады.

Бизнес-жоспар келесі бөлімдерден тұрады:

Бизнес-идея. Істі алғаш бастайтын кәсіпкерге ең алдымен немен айналысатынын шешіп алу қажет, яғни ол бизнес-идея табуы тиіс. Бұл күрделі және жауапты саты. Бизнесінің қалай құрылатынын осыған байланысты. Бұл жерде кәсіпкер өз білімі мен дағдыларын, жұмыс тәжірибесін, хобби мен қызығушылықтарын ескеруі керек.

Жеке мүмкіндіктер. Кәсіпкер жаңа бизнесінің мүмкіндіктерін, өзінің мүмкіндіктерін және идеяны жүзеге асыруға керек өзге ресурстарды бағалауы тиіс. Клиент. Кәсіпкер болашақ клиентінің кім болатынын жақсы білуі тиіс. Ол үшін кәсіпкер «Менің ықтимал клиенттерім кімдер? Олар қайда орналасқан? Менің клиенттерім нені бағалайды?» деген сынды сұрақтарға жауап беруі керек.

Бизнесіні ұйымдастыру. Бизнесіні ұйымдастыру барасында кәсіпкер өз клиенттеріне өнімді (тауарды немесе қызметті) шығару және оны сату үдерістері қалай, қашан ұйымдастырылатынын, оның қандай көлемде шығарылатынын ойластыруы тиіс.

Ақша қозғалысы. Кәсіпкерге жаңа бизнесінің кірісі мен шығысын, теңгерімін болжау сияқты қаржылық құжаттарды жасау қиынға түседі. Дегенмен, ақшаның қозғалысын елестетіп көру қажет.

Тәуекелдер. Кәсіпкер бизнеспен бірге туындайтын: инфляция, несиелер, клиенттердің ақы төлеуден бас тартуы, төтенше жағдайларға байланысты немесе серіктесіңіз тарапынан алданып қалу сынды барлық тәуекелдерді ескеруі тиіс. Бұл тәуекелдерге дайын болуға және туындаған жағдайда еңсере білу үшін қажет.

Бизнес-жоспар коммерциялық кәсіпорынның барлық негізгі аспектілерін қамтитын құжат, ол алда тұрған мүмкін болатын проблемаларды талдайды, осы проблемаларды шешу тәсілдерін анықтайды.

Сонымен, бизнес-жоспар - бұл бизнестегі қол жеткізуді көздеген мақсаттың қағаз жүзіндегі жазылған моделі және осы алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық ресурстарды тиімді пайдалануға жағдай жасайтын құрал.

Жақсы құрылған бизнес-жоспар — жоспарланған іс-әрекеттерінің схемасы. Ол бизнесінің болашақ жай-күйін айқындауға көмектеседі. Алға қойылған мақсаттарды белгілеуден бастап, ол мақсаттарға қол жеткізуге қажетті барлық ресурстар мен кезеңдерді қамтиды.

Бүгінгі Қазақстан жағдайында бизнес-жоспар құру – үлкен мәнге ие болатын процедура, себебі ол кәсіпорынның потенциалын анықтауға, жаңа мақсаттар мен тапсырмаларды қоюға, жаңа рационалды шешімдерді өңдеуге, бөлімшелердің іс-әрекеттерін үйлестіруге, кадрлардың және бүкіл кәсіпорынның әлсіз және күшті жақтарын тануға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда бизнес-жоспар жасау жаңа істі бағалау және оның құлдырау тәуекелдігін азайтуға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибеде кәсіпорынның даму жоспары бизнес-жоспар ретінде көрсетіледі, ол негізінен кәсіпорынның даму жоспарының құрылымдастырылған сипаты болып табылады. Егер жоба инвестицияны тартумен байланысты болса, онда ол «инвестициялық жоба» деп аталады. Әдетте кәсіпорынның кез келген жобасы, қалай болса да, инвестицияның тартуымен байланысты болады. Жалпы түсінігі бойынша жоба - бұл белгілі бір мақсатқа жетелейтін кәсіпорынның іскерлігін өзгерту жайлы арнайы ұсыныс.

Бизнес-жоспар – жаңа бизнесінің мақсатын немесе қызмет етіп жүрген бизнесінің дамуын, оны басқару және ұйымдастыру міндеттерін анықтаушы, сонымен қатар қойылған мақсаттарына жету жолдары мен әдістерін туындайтын қиыншылықтарды талдау негізінде белгілеуші жоспарлық сипаттағы құжат.

Бизнес-жоспарды кәсіпкерлік саласындағы жаңа іскерлік түрін негіздеуде емес, басқа да бірқатар жағдайлар кезінде де жасауға болады:

- сыртқы нарыққа жаңа немесе бұрыннан шығарып жүрген өніммен шыққанда;
- инвесторларды тарту қажеттілігі туындағанда;

- несие алғанда;
- қаржылық іскерліктің жоспарын құрғанда;
- өнім өндірісінің көлемі өскенде.

Әдебиет:

1. 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 «Қазақстан Республикасындағы банк және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңы
2. Банк клиенттерінің экономикалық қызметін талдау / О.И. Лаврушиннің басыл. бойынша. - М.: Инфра-М, 1999. – 456б.
3. Ж.З. Арынова Қазақстан Республикасының коммерциялық банктерінің ресурстарын басқаруды жүзеге асыру // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. – Караганда, 2007. – 32 с.
4. У. Баймұратов Қазақстан Қаржысы. – Алматы: БИС, 2005. - 320 б.
5. С.М. Илиясов Банктердің активтерін және пассивтерін басқару // Ақша және несие. - 2000. - № 5. - 20 - 26 б.
6. Исаков У.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А. Финансовые рынки и посредники. – Алматы: Экономика, 2005. – 298 с.
7. Ақша, несие, банктер. Оқулық Алматы – 2001 ж. 186 б.
8. www.stat.kz
9. www.kase.kz
10. www.nationalbank.kz

ӘОЖ 336.77.01

БАНКТІК НЕСИЕЛЕНДІРУ ПРОЦЕСІНІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Нуркенова А.М.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Нарықтық экономикалық қатынастарда несие барлық өндірістік жұмыстардың, ғылыми-техникалық процестердің негізгі қозғалысын, заңды тұлғалардың кәсібін ұлғайтуға, жеке тұлғалардың өмірін жақсартуға, шағын және орта бизнесті, фермерлік шаруашылықтарды кеңейтуге негізгі үлесті қосады.

Мемлекеттің несие жүйесінде коммерциялық банктердің алатын орны өте зор. Олар қарыз капиталы нарығының әр түрлі саласында жан-жақты іс-әрекет етеді. Коммерциялық банктер несие ресурстарының негізгі бөлігін шоғырландырып, өз клиенттеріне несие беру, депозит қабылдау, есептесу, бағалы қағаздарды, шетел валютасын сатып алу-сату мен оларды сақтау және басқа да көптеген қаржылық қызмет көрсетеді.

Қазіргі таңда экономикасы дамыған елдерде шағын кәсіпкерлікті дамытуда көптеген шаралар жүргізілуде. Экономикасы дамыған елдердің мәліметтері бойынша шағын кәсіпкерлік экономиканың дамуына көп әсерін тигізетін факторлардың бірі. Шағын кәсіпкерліктің экономикалық өсіміне әсер ететін қажетті шарттардың бірі ол қаржылық - несиелік қамтамасыз ету болып саналады. Шағын кәсіпкерліктің жақсы дәрежеде дамуы, мемлекет тарапынан жүргізілетін несиелік - қаржылық көмексіз өркендей алмайды. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйену Қазақстан кәсіпкерлері үшін қажетті бағыт болып есептеледі.

АҚШ-та шағын бизнесті несиелендіру шағын бизнесті несиелендіру Әкімшілігі арқылы жүзеге асырылады. Ал, Германияда шағын кәсіпкерлікті несиелендіру жолдары банк арқылы жүргізіледі. Ұлыбританияның тәжірибелеріне сүйенетін болсақ,

қаржылық - несиелендіру көптеген несиелік мекемелер арқылы іске асырылады. Мысал ретінде, «қаржылық өндірістік және сауда кәсіпорындары» корпорациялары, әртүрлі клирингтік банктер тағыда басқа қаржылық мекемелер. Франциядағы шағын бизнесті несиелендіру негізінен шағын кәсіпорындарды дамыту банкі арқылы жүргізіледі. Бұл банктің капиталының көп бөлігі активтерді басқару және жартылай депозиттер кассасын иеленетін Франция мемлекеті болып табылады. Банктің негізгі бағыты - бұл мемлекет тарапынан шағын бизнесті қолдау.

Жапониядағы шағын кәсіпорындарды несиелендіру орталықтары ірі қаржы - несие орталықтары негізінде іске асырылады. Жапониядағы шағын кәсіпорындарды бір орталыққа бағыттау жүйесіне: орталық үкімет, жергілікті билік органдары, ірі бизнес, шағын бизнестің бірігу мекемелері жатады. Дамыған шағын фирмалардың көлемі 70% дейін жетеді. Сонымен қатар Жапониядағы шағын кәсіпорындарды қаржыландыру бюджеттік қаржыландыру есебінен көрінеді. Жапонияда мемлекет тарапынан орта және шағын кәсіпорындарға ерекше көңіл бөлінген және олар үшін жеке меншік банктерде қаржылық органдары құрылған.

Бастапқылары ретінде негізгі үш үкіметтік институт табылады:

- орталық кооперативтік банк сауда және өндіріс құрылғыларын қаржыландыру мақсатында құрылған (негізінен сауда және өндіріс жобаларын қаржыландырады, банк капиталының 2/3 бөлігі мемлекеттік жарналардан);

- шағын кәсіпорындарды қаржыландыру мақсатындағы ұлттық корпорация (кепілсіз қамтамасыз етуді қаржыландыруды жүргізеді, бұл корпорация ең кішігірім компанияларды қаржыландыру үшін құрылған);

- мемлекеттік қаржылық корпорациясы (инновационды және тәуекелді жобаларды жүргізетін шағын кәсіпорындар жобаларын қаржыландырады); сауда - өндіріс палаталарын иемденеді (мемлекет бойынша 500-ден жоғары), бұл корпорация жыл сайын шамамен 500 млрд. иен несие береді.

Экономикасы дамыған елдердегі шағын бизнесті қаржыландыру жүйесі маңызды әрі негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Солардың кейбіреулеріне жеке - жеке тоқталу көзделіп отыр.

АҚШ-тағы шағын бизнесті мемлекеттік қолдау.

АҚШ-та шағын бизнес проблемалары екі комитетке бөлінеді: барлық мемлекеттік құрылымдар, бұған: 4-5 мың қызметкерлер кіреді. Оларға:

- шағын бизнес әкімшілігі - ведомстволар, шағын және орта кәсіпорындардың проблемаларын шешу;

- шағын бизнес ісі бойынша конгресс комитеті.

Шағын бизнес әкімшілігінің негізгі міндеттемелеріне: шағын кәсіпорындарды қаржылық қолдаумен қамтамасыз ету; басқару бойынша техникалық және консультативтік қызметтер көрсету. Шағын бизнес әкімшілігі тек қана жеке кәсіпкерлікті дамытуға емес, сонымен қатар әртүрлі топтағы қаржылық институттарға да қолдау көрсетеді. Мемлекеттік кәсіпорындарға қаржылық көмек көрсету тікелей займдар беру келісімдері жүргізіледі. Бұл жағдайлар 80-ші жылдардан бері жүргізіліп келеді. 1958 жылы шағын бизнес инвестициялық компанияларын құру басталды. Қазіргі кезде АҚШ-та 450-ден астам шағын бизнес инвестициялық компаниялары жұмыс жасайды. Қаржылық қолдау көрсету формалары келесілерден тұрады:

- шағын кәсіпорындарға шағын бизнес әкімшілігінің меншіктік бюджетінен үлестік саудалар бекіту;

- несиелер бойынша кепілдер;

- арнайы бағдарламаларды қаржыландыру (экспортты бір жүйеге келтіру, өңдеу және зерттеулер, кадрлар дайындау, нашар дамыған территорияларды дамыту);

- шағын бизнеске инвестициялық компаниялардың капиталдарының қатысуы, өндірістік компаниялардың дамуы және бағалы қағаздардың кепілдігі.

Осындай мақсатпен шағын және кішігірім бизнесті дамыту реттеліп отырады.

Жапониядағы шағын бизнесті мемлекеттік қолдау.

Жапония мемлекеті өзінің экономикалық деңгейі бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы АҚШ-тан кейінгі екінші орынды иеленеді. Әлемдік әйгілі экономикалық айсберг болып айтылатын шағын және орта кәсіпорындар осында орналасқан. Олардың ішінде 55 %-ті өндіріс өнімдерін шығару, ал 60 %-і өндіріс көлемі болып табылады. Елде 6,5 млн. 6,5 млн. Шағын кәсіпорындар бар (жалпы өнімнің 90 пайызы). Жапониядағы шағын кәсіпорындардың құқықтық жағдайы арнайы заңдар мен жеңілдіктер арқылы жүргізіліп отырады. Үкімет аппаратында шағын бизнес істері бойынша өндірістік және ішкі сауда Министрлігі, құқықтық әкімшіліктік органдар, кішігірім кәсіпорындарды басқарумен айналысады. Жапондық заңнамалар тек қана меншік иелерін басқарумен шектелмейді, сондай-ақ, келісімдік қарым - қатынастарды орнатады.

Елде шағын бизнесті бір бағытқа жүргізу саясатын орнатудың төрт орталығы бар:

- орталық үкімет;
- жергілікті билік органдары;
- ірі бизнес;
- кішігірім кәсіпорындардың өзіндік бірігуі.

Бір мақсатқа бағыттау барлық бұрынғы, соның ішінде жаңа шағын кәсіпорындарды басқару да жүргізіледі: тіркеулер, бекіту мен өсу деңгейі. Бұл үшін экономикалық рычагтардың жаңа түрлі жүйелері қолданылады: несиелер және займ жеңілдіктері (жалпы және бағытталған), әр түрлі салық жеңілдіктері, техникалық және консультативтік несие, ақпараттық-компьютерлік қызмет, кадрлар дайындау және басқалар. Олардың барлығы жалпы ұлттық заңнамалар және мемлекет желілері арқылы жүргізіледі. Жергілікті және орталық билік органдары кішігірім бизнес компанияларына субсидия, займ, несиелік кепілдер, салық жеңілдіктері және кадрларды оқыту көмектерін көрсету жұмыстарын жүйелейді. Субсидиялар (қайтарымсыз қаржылық көмек) ғылыми - техникалық бағдарламалар негізінде ұсынылады, соның ішінде:

- өндірістің техникалық деңгейінің көтерілуі (жергілікті және орталық билік органдарына жүктеледі);
- өнеркәсіптегі өндірістік технологияларды жаңарту (орталық үкіметке жүктеледі);
- мемлекеттік зерттеу институттарымен бірігіп жаңа ғылыми техника және технологияны жетілдіру (жергілікті билік органдарымен қаржыланады).

Жеңілдіктер пайызындағы займдар келесі жобаларды ұсынады:

- жаңа өнім түрлерін және жаңа технологияларды өңдеу (жергілікті билік органдары);
- жаңа өндіріс түрлерін өңдеу (орталық үкімет);
- аймақтар экономикасын дамытуда шағын кәсіпорындар құру (орталық үкімет);
- кішігірім бизнес кәсіпорындар арасында өндірістік және техникалық корпорация құру (орталық үкімет).

Шағын бизнесті қаржылық қолдау жүйесінің негізгі элементі болып займдар мен несиелер, өнімнің жаңа түрлерін шығаруға арналған техникалық жаңартулар табылады.

Сонымен, қазіргі кездегі шағын бизнесті жүргізу еліміздің экономикасына үлкен әсерін тигізетін көптен - көп факторлардың бірі болып есептеледі.

Қазіргі таңда елімізде шағын бизнесті жүргізу саласында көптеген бағдарламалар, сондай-ақ мемлекет тарапынан әртүрлі іс - шаралар атқарылып жатыр. Осыған

байланысты еліміздегі шағын кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалар саны да өсіп келеді деп айтуға болады. Шағын кәсіпкерлік - бұл кәсіпкер тұлғаның өз бағытын әске асырудағы жетістіктерге жету шараларының орындалуы болып табылады. Сондай-ақ, шағын бизнесті қаржыландырудың негізгі көзі - бұл екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғаларды несиелендіруі, кәсіпорындардың әр түрлі мерзімдегі инвестицияларды тартуы болып табылады. Осындай қаржыландыру көздерін тарта отырып, кәсіпкерлік бағытты іске асырудағы ірі жетістіктерге жету көзделіп отыр.

Әдебиет:

1. Лаврушина О.И. Банки и банковские операции. - М.: КНОРУС, 2015. - 272 с.
2. Демкин П.С. Кредит и его роль в становлении рыночных отношений. - Лаборатория книги. 2016 г. - 150 с.
3. Абрамовой М.А., Маркиной Е.В. Денежно-кредитная и финансовая системы. - М: КНОРУС, 2014. - 448 с.
4. Янин О.Е. Финансы, денежное обращение и кредит. - 10-е изд., стер. - М.: Академия, 2015. - 256 с. - (Профессиональное образование)
5. Мақыш С.Б. Банк ісі: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2012. - 346 б.
6. «Банк және банк қызметі туралы» ҚР Заңы 31.08.1995ж., № 2444 (30.06.2017жылы №806 заңдар мен өзгерістер енгізілген)
7. www.nationalbank.kz

ӘОЖ 908

ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛЖАР ӨЛКЕСІНІҢ ТАРИХЫ

Оспанов М.К., Дүкенбаева З.О.

(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін» деген еді.

Тарихи зерделеу арқылы сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Тарих болып жатқан оқиғаларды жан-жақты әрі тереңінен көре білу қасиетін дамытады және болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі. Ендеше болашақ ұрпаққа туған жерді аманат ету үшін, ата-бабамыздың ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жанын беріп жүріп қорғап қалған жерінің тарихын саналарына сіңіру – басты міндеттеріміздің бірі болып саналады.

Дауылпаз жырау, атақты қолбасшы Қожаберген бабамыз «Елім-ай» дастанында:

Баяндау шындық істі болар дұрыс,

Қызылжар уәлаяты – біздің ұлыс.

Көргенім жас шағымнан қанды майдан,

Өтті ғой басымыздан талай ұрыс, деп жырлайды.

Тарихи әдебиеттерде жазылғандай, XVII-XVIII ғасырларда Қызылжар өңірі «Қызылжар уәлаяты» деп аталды. «Уәлаят» сөзі кіші хандық, аймақ деген ұғымды береді. Уәлаятты билеушіні «шора» деп атаған. Бұл сөз кіші хан, аймақ билеушісі деген мағына берген.

Осы жерде мекен еткен қазақтар бұл қаланы әуелден Қызылжар деп атайды. Себебі, қала Есіл өзенінің биік жар қабағына орналасқан. Ол жар қабақтың топырағы

қызыл болатын. Көктем сайын Есілдің суы тасығанда, лайланып, қызыл-қоңыр түске боялады. Халқымыз ешқашан қала аты мен елді мекендерді адам есімімен атамаған. Қызылжар қаласының орны — ежелден арғын ішіндегі Атығай руының алтын бесігі. Есілдің терістік жақ бетіне керей руы иелік еткен. Қаланың қазіргі атауы туралы қазақтар арасындағы аңыз төмендегідей. Ол заманда орыстар қазақ даласына кіріп, қоныстана бастаған кезі болса керек. Орта жүз сұлтаны, Атығай-Қарауылдың ханы Абылай орыстарға соғыс ашарын да, ашпасын да білмей дал болып жүрген тұсы. Орыс әскері, батыстан бекініс орнатып, күн санап ішкеріге қарай сұғына еніп келе жатты. Жаздың жайма шуақ күндерінің бірінде қазақ жанынан жер сұрап ағайынды екі орыс балықшы келеді. Бірі — Петр, екіншісі — Павл. Олар ханнан Есіл өзенінің ой жақ бетіне қос өгіздің терісіндей аумақтағы жер бөліп беруін өтінеді. Хан келісімін береді де, өтініш иелерін малы да, жері де көп Атығайдың атақты байы Дәулеткелдіге жібереді. Жер таңдағаннан кейін ағайындылар екі өгіздің терісін жіңішке таспа қылып тіледі. Жіңішке ұзын қылдай жіптерді бір біріне жалғастырып байлайды. Сөйтіп ұзыннан ұзақ бау жасап, алған жерлеріне белгі қояды. Сөйтіп, ой қалада орналасқан қоршауға ағайынды орыстар алдымен әскер әкеліп бекініс, кейін сол алаңға шіркеу салған деседі. Қала ағайынды орыстардың атымен Петропавл қаласы атанған екен. Аңыз осылай дейді.

Петропавлға Қызылжар деп тарихи атауын қайтару мәселесі айтылып та, жазылып та жүр. Бұл мәселені бүгінде уақыт еншісіне қалдырып отырғанымызды көпшілік біледі. Ол күнге де жетерміз деген көкейдегі үміт ұшқыны еш жойылған емес.

Тарихымызды жаңғыртып, ұлттық құндылықтарымызды түгендеудің бір бағыты ата-бабамыздан қалған елді мекендердің тарихи атауын қайтару, кеңестік дәуірден қалған көшелерге тәуелсіз еліміздің келбетіне сай атаулар беру болып табылады. Бұл — біздің бір күндік немесе бір жылдық шаруамыз емес, мемлекеттілігімізді нығайту жолында атқаруға тиісті әрі жауапты, әрі сауапты, міндетті ісіміз деп санаймыз.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді ел атанғалы Солтүстік Қазақстан облысында бірқатар ономастикалық шаралар жүзеге асырылды. Бұрын Ленин, Возвышен, Москва, Соколов, Совет тағы басқадай аталып келген аудандарға Аққайың, Айыртау, Ақжар, Қызылжар деп тарихи жер аттары берілді. Ал бірқатары Шал ақын, Ғабит Мүсірепов, Мағжан Жұмабаев сияқты ардақты тұлғалардың есімдерін иеленді. Бүгінгі күні облысымыздағы он үш ауданның 11-і қазақша аталады.

Бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстан облысының 13 ауданында 669 елді мекен бар. Оның 230-ы қазақша.

Облыстық ономастикалық комиссия елді мекендерден келген ұсыныстарды байыпты зерттеп, лайығына қарап атау беру немесе бұрынғы атын өзгерту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Мәселен, бұрынғы Комсомольское — Ұзынкөл, Кировка — Баймағанбет Ізтөлин, Новокрасновское — Мортқық, Херсонское — Қаратерек, Мәдениет — Қарасай батыр, Златогорка — Ағынтай батыр, Володарское — Саумалкөл, Толбухинское — Телжан, Озерное — Тілеусай, Западное — Токсан би, Менжин — Кенацы, Ленин — Байшілік деп аталды. Қандай жарасымды десеңші! Тәуелсіздіктің туы желбіреген туған жерімізде өзіміздің төл тарихымызбен байланысты ауыл атауларын аузымызға қуана аламыз емес пе?!

Айыртау ауданындағы Қызыләскер ауылы — Құмтөккен, Альжанка селосы — Әлжан, Ақжар ауданындағы Найдорф селосы — Ақсары, Шал ақын ауданындағы Октябрь селосы — Ұзынжар, Чапаево — Мерген, Жамбыл ауданы бойынша Западное селосы — Нұрымбет, Ғабит Мүсірепов ауданының Гавриловка селосы — Көкалажар, М.Жұмабаев ауданындағы Фурмановка селосы — Бәйтерек, Уәлиханов ауданындағы Чернигов селосы Қондыбай ауылы болып өзгертілді.

Жоғарыда аталған елдімекендердің атаулары аяқ асты пайда болған жоқ. Байыбына барып зерттеудің арқасында арқасындағы жұмыстардың нәтижесі. Сондай елдімекеннің бірі - Тайынша қаласы.

XIX ғасырдың ортасында Ақмола облысы сауда жәрмеңкелерінің орталығына айналды. Белгілі жәрмеңкелердің бірі – Тайынша көл жәрмеңкесі еді. Халық оны «сентябрь базары» деп атап кеткен. Тайынша көл жәрмеңкесі ресми түрде 1 шілдеден 25 қыркүйекке дейін, бірақ сауда-саттық 3 айға дейін жүре берген. Ол Тайынша көлінің жағасында орналасқан. Ол көл қазіргі Тайыншадан қырық-елу километрдей жерде қазіргі Киров селосының қасында әрі қарай Ресей жерін алып жатыр. Жәрмеңкенің Тайынша өңірінде орналасуының өзінде мән бар. Суы мол, оты шүйгін, табиғаты адамға да, малға да жайлы болғандықтан, біздің өңірде байлардың малы көп болған. Кейбір тарихи деректерге сүйенсек жәрмеңкені Петропавл қаласының тұрғыны көпес Ганышин деген адам ашқан екен. Қазақтар мал айдап әкелгенде осы жерде оны бірнеше ұстауға қолайлы болған дейді. Екіншіден, бұл жер Ресей жерімен шекаралас болған деп те айтады. Жәрмеңке көлемі өте үлкен болған. Бір шетінен екінші шетіне жету үшін бірталай уақыт қажет болған. 800 000 мың қой, 30 000 мың тайынша сатылып, 2 млн. рубльға тауар сатылған дейді.

Бұл жәрмеңке тек қана сауда-саттықпен шектелмеген, бұл жерде ел дауы, жер дауы, жесір дауы, барымта т.т. Сондай істерді ел жақсылары мен билер алқасы шешетін болған. Сонымен бірге бұл өнер орнына айналған. Тайынша көл жәрмеңкесінде атақты Балуан Шолақ, Қажымұқан күрессе, елдің белгілі ақын-жыршылары айтысып, өз өнерлерін көрсеткен деседі. Балуан Шолақ сол заманның ірі балуаны ғана емес, әрі әнші серісі, цирк өнерін де көрсете білген. Мысалы, шауып келе жатқан аттың бірде оң жағына түсіп мінсе, енді бірде сол жағына түсіп міну, болмаса аттың үстінде тік тұрып шабу. Болмаса, өзінің ерен күшін басқаша қырынан көрсету. Балуан Шолақ:

Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,
Қамалдың бұзып жүрмін тау мен тасын.
Кешегі сентябрьдің базарында,
Көтердім 51 пұт кірдің тасын, - деп жырлаған екен.

Әрі қарай тарихи деректерге сүйенсек, Кеңес үкіметі орнаған кезде 1918 жылы азаматтық соғыс басталған астық өнімдерін алып кетпекші болған. Орыс шаруарлары келіп-қоныстанып, егін шаруашылығымен айналысқан. Олар Мироновка, Многоцветный, Победа, Терновка, Заречный, Большеизюм жерлері Көкшетауға дейін егін шаруашылықтары болған. Кеңес үкіметі сол астықты әрі қарай Ресей жерлерінде аштық болып жатқан жерлерге жеткізу керек болған, оны қалай әкету керектігін ойлап, темір жол салу керектігін ойлап шығарған. Ол темір жол Көкшетау мен Петропавл арасы ұзақ 150 шақырымдай болғандықтан арасына станция тұрғызу қажеттілігі туған, сондықтан осы Тайынша станциясы пайда болған. Ол РСФСР Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 5 тамыздағы қаулысымен 1921-22 жылдары салынды. Құрысшылар Орталық Ресейден, Оралдан, Сібірден, біздің Солтүстік Қазақстаннан, соның ішінде біздің ауданнан да қатысты. Ұзындығы 133 шақырым жолды маусым айының бас кезінде бітірді. Міне, осы жолдың бойында жаңа станция салына бастады. Оған аты-шулы Тайынша жәрмеңкесінің аты берілді.

1962 жылы 19 сәуірде Тайынша атауы – Красноармейск қаласы болып өзгертілді. Ол сол кездегі Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының үкімі еді. Себебі 1918 жылы ақтар мен қызылдар соғысында Колчак әскерін жеңіп, сол жерде қан-төгіс болған, осыған орай сол жерге ескерткіш орнатылған. Кейін еліміз егемендікке ие болған кезде 1997 жылы Красноармейск қаласына ежелгі атауы Тайынша қаласы қайта қайтарылды.

Шын мәнінде әрбір елді мекеннің шығу тарихының өзі бір тылсым дүние. Мәселен, Айыртау ауданындағы Арықбалық ауылдық округіндегі Баян ауылының

тарихи атауы да әріден басталады. Жергілікті тұрғындардың арасында тараған аңызға қарағанда, ертеде сол өңірге бір дәулетті бай көшіп келген көрінеді. Шөбі шүйгін, суы бал, жанға жайлы, малға қолайлы жер таңдаған әлгі бай жолды біраз ұзартса керек. Байдың Баян атты жалғыз қызы сол ауыр жолдың тауқыметін көтере алмай, жалтырап жатқан айдын шалқар көлдің жиегіне келгенде қайтыс болыпты. Қайғыға душар болған бай әлгі көлді қызының құрметіне Баян деп атап, әкелік махаббатын мәңгі сақтау үшін сол жерге қосын тіккен екен. Сол кезден бастап әлгі көл де, сол жерге қоныс тепкен ауыл да Баян деп аталып кетіпті. Кейін ауыл атауы орысшаланып, Наследниковка деп өзгертілсе де, жергілікті тұрғындар күні бүгінге дейін бұрынғы Баян атауын көңілдерінен жоғалтқан емес. Олардың ұсыныстары бойынша Наследниковка селосы Баян деп өзгертілді.

Тимирязев ауданындағы Степной селолық округінің бұрынғы тарихи атауы – Құртай. Аудандағы Ракитное, Лебедевка және Степное селолары орналасқан жердің тарихы 1810-1888 жылдары өмір сүрген Құртай Қартанбайұлы деген бидің атымен байланысты. Осы жерде өмір сүріп, төрелік жасаған Құртай Қартанбайұлы – қазақ тарихындағы белгілі Танаш бидің ұр-пағы. Заманында халық арасындағы небір қиын дау-дамайды тереңге ушықтырмай, аса көрегендікпен шеше білген сөзге шешен, ақиқатты ашып айтатын жан болған. Сондықтан жергілікті жұрт арасында Құртай әділ би атанған. Сол әділдігін сыйлаған ел осы мекенді Құртай елі деп атаған.

Кеңес өкіметі орнап, дәулеттілердің дүние-мүлкі тәркіленіп, ел ішінде қуғын-сүргін басталғанда Құртай бидің де ұрпақтары қудалауға ұшырайды. Дүние-мүліктері, малы тәркіленеді. Алайда, ел-жұрт Ракитное селосы орналасқан жерді Құртай деп атап келді. Елді мекеннің сол тарихи атауы бүгінде құжат жүзінде қайтарылып отыр.

Көптеген елді мекендер тұрған жеріндегі табиғи сыр-сипатқа байланысты аталған. Мәселен, Ақжар ауданындағы Совхоз селолық округінің Совхозное селосы орналасқан жерде Сарыбұлақ, Ақжарқын деп аталатын сарқырап ағып жатқан бұлақ көздері болған. Суға бай, жайылымы шүйгін, қоныстауға жайлы болғандықтан, көшпенді халық бұл жерді құтты мекенге айналдырған. Ел арасында айтылып жүрген әңгімеге сүйенсек, ертеректе осы жерді мекендеген қаңлы руы қонысқа Ақжарқын деген атауды беріп кеткен көрінеді. Айта берсек, жергілікті жердің сыр-сипатын, тұрмыс пен тіршілік тынысын бейнелейтін, ата-бабаларымыздың қасиетті рухын еске салатын төл сөздерімізбен қойылған елді мекен атаулары жетерлік.

2018 жылы жерлесіміз, ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығын мерекелеу қарсаңында Мағжан Жұмабаев ауданындағы Молодежный ауылдық округінің атауын Мағжан ауылдық округі; Молодежное ауылының атауы Жастар ауылы деп қайта аталды. Сонымен қатар, Уәлиханов ауданындағы «Молодая гвардия» ауылының атауын «Жас Ұлан» деп өзгерту туралы ұсыныс оң шешім тапты.

Біздің тапсырысымыз бойынша Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Зарқын Тайшыбай бастаған шығармашылық топ облыс аумағының тарихи топонимикасын бірнеше жыл зерттеп, осыдан 150-200 жыл бұрынғы 2 мыңнан астам жер-су, орман-көл, жайлау-қыстау атауларының, елді мекендердің атауларын анықтап берді. «Атамекен атаулары» деген қарапайым ғана атаумен тараған құнды ғылыми еңбектің шежірелік танымы да ерекше болды. Жергілікті баспасөзде насихатталып, тіпті 5-7 сыныптарға арналған «Өлкетану» оқулығына енгізілген бұл атаулар туған жерге деген сүйіспеншілікті күшейтіп, Тәуелсіздігімізді нығайтуға себепкер болатынын көріп отырмыз. Енді сол атауларды қалпына келтіру шаралары жүріп жатыр.

Яғни, жер-су атаулары ата-баба тарихының, ғасырларға жалғасқан тамаша дәстүрлерінің, ұлттық тұрмысы пен салтының, машықтары мен кәсіптерінің қоймасы, құнды құжаттар ретінде бағаланады. Сондықтан да ұлттық тәрбиенің пәрменді құралы болып табылады. Осы жұмыстардың жалғасы ретінде, алдағы уақытта университет

ғалымдарымен бірігіп, ономастикалық ақпарат қорының электронды нұсқасын қалыптауды қолға аламыз.

Әрине, ономастика мәселесі – Солтүстік Қазақстан облысы үшін әлі де өзекті. Облыс орталығынан оңтүстікке қарай сапар шеккенде, қара жолдың екі қапталында жамырай жарысқан елді мекендердің орысша атаулары кейде біздің қай мемлекетте тұрып жатқанымызды ұмыттыратындай. Мысалы, осы Павлодар облысында да, Өскеменнен бері қарай, Қостанай жағы да солай. Демек, бұл салада бәрімізге де табандылық керек, қажымай еңбек ету керек.

Жыл санап қазақ ауылдарының саны да, онда тұратын азаматтар да азайып келеді. Бұрын болған Аралағаш, Өрнекті, Қарашоқ ауылдары тарап кеткелі қашан. Байшілік, Уақ, Сулышоқ, Қоскөл ауылдары құрып кетуге жақындады. Ауылдардың өшіп, қалалардың өсуі жаһанданудың заңды құбылысы болғанымен, бұл – өкінішті үрдіс.

Туған жер тарихын ғана емес, Тәуелсіз елдің келешегін айғақтап, дәтке қуат беріп, рухымызды нәрлендіретін атауларды келешек ұрпаққа мирас ету – мақсатымыз.

Әдебиет:

1. Мырзахметұлы М. Қазақ топонимдері мен антропонимдері. Ономастика: бүгінгі мен болашағы. Астана, 2002.
2. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Екінші басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. Алматы, 2012.
3. Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы. – Алматы, 2006.
4. Тайшыбай З.С., Оспанов К.Қ., Ахметжанова К.Б. «Атамекен атаулары». - Петропавл, 2015. - 57; 58; 60 б.
5. «Шырайлы аты елімнің – қасиетінде жерімнің» шығармалар жинағы, 2016 ж.

УДК 336.744

БИТКОЙН – МИРОВАЯ ВАЛЮТА БУДУЩЕГО ИЛИ ДЕНЕЖНЫЙ СУРРОГАТ?

Парамонова А.П.

(СКГУ им. М. Козыбаева)

Аннотация

В данной статье рассматривается актуальный на сегодняшний день вопрос о будущем развитии самой популярной криптовалюты в мире - биткойне. Особое внимание уделено детальному изучению революционной технологии под названием блокчейн. В работе рассматриваются положительные особенности цифровых денег и их негативные качества. Анализируются противоположные мнения известных экономистов, долгое время работающих в области криптовалют. В статье рассматривается позиция Казахстана в отношении биткойна, а также дальнейшие действия Национального банка, направленные против криптотехнологий. В заключении затрагивается вопрос о будущем биткойна и криптовалют.

Ключевые слова: криптовалюта, криптотехнологии, биткойн, блокчейн, майнинг, хеш.

В последнее время на финансовом рынке возрастает ажиотаж вокруг криптовалют. Это связано с увеличением популярности биткойна. Некоторые страны

уже признали криптовалюту полноценным платежеспособным средством, но в то же время многие стараются ограничить её распространение среди населения.

Для начала нужно понять, что биткойн - это виртуальная валюта. В отличие от доллара, рубля или тенге, она не подкреплена материальными ресурсами. Биткойн является первой криптовалютой, которая получила столь массовое распространение по всему миру. История криптовалют началась еще в 80-х годах прошлого века, однако официальным стартом сети биткойн можно считать 2009 год, когда был опубликован код программы-клиента. Создателем биткойна и всей его сети по официальной версии является Сатоши Накамото. Он открыл абсолютно новую технологию, которая смогла бы заменить устоявшуюся финансовую систему. Главным преимуществом новой технологии является то, что она децентрализована и не имеет никакого контроля.

Биткойн - это электронная платежная система, которая не имеет центра управления. Вместо привычной нам иерархии, как например в банках, в новой системе используется технология по подобию бухгалтерской книги. Идея криптовалюты потому и считается революционной, что перевод средств осуществляется без посредников. Деньги идут напрямую от продавца к покупателю, а обслуживают эту систему сами пользователи. Различные виды криптовалюты связаны с таким неразрывным понятием, как блокчейн. Почему неразрывным? Потому что блокчейн – это и есть та самая уникальная технология, на которой построена любая криптовалюта.

Если коротко, то блокчейн — это цепочка блоков транзакций в распределенном перечне данных. Также для увеличения безопасности все данные, которые записаны в блокчейне, зашифрованы специальной программой, которая с помощью алгоритма превращает любой текст в набор непонятных символов или как его называют - хеш. Из предыдущей записи получается следующий хеш, а из следующей записи и предыдущего хеша — новый. То есть хеш-запись это и есть блок в цепочке. Блоки, по сути, выступают подтверждением всех выполненных действий. Получается, что самые старые записи подменить уже невозможно, так как для этого придется переделать всю цепочку блоков. Эта технология предполагает хранение данных обо всех транзакциях не на одном контролирующем сервере, а на миллионах компьютеров, подключенных к данной платежной системе, причем все транзакции доступны каждому участнику в незашифрованном виде. То есть информация о том, сколько и кому переведено денег есть у всех участников системы, но самих владельцев кошельков идентифицировать невозможно.

Стать владельцем биткойнов можно несколькими способами - купить их в обмен на национальную или иную реальную валюту, получить в качестве вознаграждения за выполненную работу. Система блокчейн гениальна, во-первых, она децентрализована, то есть ей не управляет какой-то один орган вроде центрального банка, ей управляют сами пользователи, но не все конечно, а те, кто хочет на этом заработать. Такие люди устанавливают специальную программу, которая занимается решением крипто-задач, по сути, подбирает символы простым перебором при создании нового блока. Это и называется майнингом. За майнинг майнеры получают вознаграждение от самой биткойн системы, и комиссию за каждую проведенную транзакцию от участников. Другими словами, майнеры так добывают биткойн.

На практике сложились некоторые особенности добычи валюты биткойн. Экономическая целесообразность майнинга зависит от мощности компьютера. В нем должна быть установлена самая мощная игровая видеокарта, тогда появляется смысл заниматься генерацией. Перед запуском круглосуточной работы стоит измерить скорость майнинга, после чего сравнить реальные затраты электроэнергии с получаемой прибылью. Заметно ускорить процедуру получения биткойнов можно, объединившись с единомышленниками.

В данной платежной системе можно отметить ряд преимуществ. Уже сейчас на криптовалюту можно купить очень многие вещи, начиная от продуктов питания и заканчивая путевками на отдых, все больше магазинов и организаций начинают принимать биткойн в качестве оплаты. То есть, в последствии, необходимость в привычных деньгах практически полностью отпадет. Всемирно известный экономист и защитник биткойна Джеффри Такер утверждает, что в скором времени люди смогут получать биткойны в качестве оплаты за свой труд на обычной работе, а также тратить их на оплату различных товаров и услуг, откладывать, инвестировать и делать все, что можно делать с обычными деньгами, но без инфляции, огромных комиссий банков и других негативных моментов. Отсутствие единого сервера делает систему биткойн независимой от политики государств. Переводы происходят без посредников, что снижает риски потери из-за некорректной работы сторонних ресурсов, мошеннических действий третьих лиц. Виртуальная денежная единица биткойн способна стать мировой валютой, если крупные страны и их союзы примут ее в качестве официального платежного средства.

Но в то же время многие экономисты считают, что биткойн и другие криптовалюты представляют собой лотерейный билет. Например, действительный профессор экономики и государственной политики Гарварда Кеннет Рогофф пытается понять, какова «естественная» стоимость биткойна. По его мнению, приписываемый биткойну статус «цифрового золота» сомнителен, поскольку, в отличие от реального золота, биткойн не находит применения за пределами монетарной сферы, и для того, чтобы поддерживать его функционирование, требуются значительные объёмы энергии, что делает биткойн менее стабильным и устойчивым, чем центральная банковская система. Профессор считает, что крупные экономики не намерены терпеть криптовалюты из-за того, что последние, зачастую, являются инструментом отмывания денег. С другой стороны, пишет он, если лишить цифровые активы их качества анонимности, то они утратят привлекательность в глазах широких масс. Таким образом, считает Рогофф, это замкнутый круг.

Разные страны устанавливают правовой статус биткойна самостоятельно. В Казахстане его пока не отнесли официально к валюте или иным видам платежных средств, поэтому при покупке криптовалюты следует учитывать риски. Государство, не обладая контролем над системой биткойна, не может обеспечивать защиту граждан своей страны. В то же время казахстанцам доступны возможности заработка на изменениях курса. Криптовалюта не относится к электронным деньгам, которые прямо обеспечены реальными денежными средствами и обращение которых регулируется отдельным законом. Изучив практику применения законодательного внедрения криптовалюты в разных странах, можно отследить его положительное действие на сферы бизнеса и права. В связи с этим, видится своевременным принятие специального закона, либо отражение регулирующих криптовалюту норм в Законе РК «О валютном регулировании» или в Законе РК «О платежах и платежных системах».

Поэтому на сегодняшний день банки Казахстана не вправе осуществлять деятельность с криптовалютами. Соответственно, использование криптовалют в качестве средства платежа, валюты, финансового инструмента противоречит законодательству – такова позиция Национального банка Республики Казахстан. Нацбанк сейчас занимает позицию больше наблюдателя за рынком криптовалюты, чем игрока, который борется против него. Это объясняется тем, что вопросы регулирования или ограничения чего-либо требуют детального предварительного изучения. Чтобы ограничить оборот криптовалюты в РК, нужно понимать, есть ли механизмы администрирования.

Известный экономист, старший партнер Центра стратегических инициатив Олжас Худайбергенов считает, что, что в отношении криптовалют Казахстан, скорее всего, пойдет вслед за Китаем, где, как прогнозируют эксперты, сначала будет заблокирован биткойн, затем будет осуществлен запуск национальной криптовалюты.

В июне 2017 года Нурсултан Назарбаев выступил на Астанинском экономическом форуме с идеей создания единой криптовалюты - международной расчетно-платежной единицы. По мнению главы государства, это позволит избавить мир от валютных войн и спекуляций. «Валюта должна иметь простой транспарентный механизм эмиссии, подвластный ее потребителям. С учетом цифровизации и развития таких технологий, как блокчейн, такая расчетная единица может быть создана в виде криптовалюты. Важно, чтобы она базировалась не на абстрактном доверии, а на обеспечении конкретными активами», — заявил Нурсултан Абишевич. Однако, предлагаемая модель международной расчетно-платежной единицы имеет принципиальное отличие от действующих криптовалют, поскольку, по замыслу Назарбаева, органом, выпускающим глобальную криптовалюту должно стать объединение центральных банков, например, при специально созданном Комитете ООН – то есть изначально предполагается государственный контроль за ее выпуском и обращением, что противоречит природе блокчейна.

Каждая страна в зависимости от различных факторов и потенциальных рисков самостоятельно определяет подходы к регулированию криптовалют. В большинстве стран регулирование криптовалют полностью отсутствует. В США (штат Нью-Йорк), Швеции, Германии, Франции, Дании, Гонконге регулирование операций с криптовалютами вводится для целей налогообложения и посредством регистрации криптовалютных бирж и лицензирования субъектов, использующих в своей деятельности криптовалюты. В свою очередь, полный запрет на использование и проведение операций с криптовалютами введен в Китае, Бангладеш, Боливии, Эквадоре. В конечном счёте, именно политика, проводимая властями, определит судьбу биткойна и его аналогов. От неё зависит, смогут ли криптовалюты получить распространение в розничной торговле, или останутся валютой-утопией.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақ хандығы туралы: «...Қазақ хандығы кезеңі – ат жалында күн кешкен алаш жұртының қаһармандық дәуірі. Ел билеген хандардың өмірі майдан шебінде өтті. Қазақтың алғашқы он төрт ханының жетеуі жорық жолында қаза тапты. Осынау ұлы бабалардың биік рухына барлық ұрпақ айрықша құрметпен бас иіп, ризашылығын білдіреді. Олардың ұлтқа сіңірген ұшан-теңіз еңбегі әрдайым ел есінде сақталады», - деп атап өткен болатын.

Әлемдегі қандай ел болсын, оның өзіндік жүріп өткен жолы мен тағдырлы тарихы бар екендігі анық. Мәселен, Қазақ хандығының пайда болуы – тарихи объективті құбылыс. Оның түп-тамыры сақтар дәстүріне, одан бергі үйсін, қаңлы мемлекеттеріне, байырғы түркі қағанаттарына барып тіреледі. Ұлы даланы жаулап алған Шыңғыс хан мен ұрпақтары да жаңа аумақтағы мемлекеттіліктің бұрыннан қалыптасқан сабақтастығын үзе алған жоқ.

Қазақ елінің тарихында Қазақ мемлекеттілігінің тарихына назар аударсақ. Қазақ халқында мемлекеттілік болды ма? Болған жоқ па? деген сұрақтар үнемі қойылады. Ондай мәселелерге жауап беру үшін орта ғасырлық шығармалар мен авторлардың еңбектеріне көңіл аударған жөн. Мәселен, шығыстық мұсылман елдерінің деректерінде «Қазақ ұлысы», «Қазақ ел-ұлыс», Жошы ұлысы», «Дешті-Қыпшақ» даласы деп баяндалған. Ал, орыс жылнамаларында «Казакские Орды», «Казачья Орда» және тағы басқа атаулары кездеседі. Керей мен Жәнібек сұлтандар XV ғасырдың ортасында Арқа қазақтары мен Жетісу қазақтарының бірігу ниеттерін түсініп, қазақтардың қолдауы арқылы ата жұртты Әбілқайырханнан қайтарып алуды көздеді. Бұл жерде халық ниеті әулет ниетімен де ұштасты. Керей мен Жәнібек сұлтандар өздерінің батыл қимылымен Қазақ хандығының құрылуын және қазақ халқының бірігуін тездетті. Сол себепті, олардың қазақ тарихынан алатын орны ерекше.

Сондықтан да ұлт тарихында орын алатын тақырыпты бүгінгі күн тұрғысынан қайыра зерттеу және жаңа көзқарастар контекстінде тарихи талдау жасауды өзекті деп санаймыз.

Әдебиет:

1. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» Алматы, Атамұра, 2003. – 288 б.
2. М.Х.– «Дулати Қазақ хандығының құрылуы туралы» Тараз, 1997. – 203-214 бб.
3. Кәрібаев Б.Б В.В Вельяминов-Зернов және Қазақ хандығының құрылу мәселесі // Халықаралық Е. Бекмаханов оқуларының материалдары. –22 мамыр, 2003 ж.
4. Жолдасбеков М. //Қазақ хандығы біздің терең тарихымыздың бір ғана дәуірі. 2015 жыл. Қазан.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Сарсенова Н.К.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазіргі заманғы экономикада тәуекелдер саласы біршама жаңа әрі іс жүзінде зерттелмеген сала болып табылады. Осыған байланысты «тәуекел» ұғымының анықтамасына қатысты сан алуан, тіпті кейде бір-біріне қайшы келетін көзқарастар айтылады.

Тәуекел – Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын сақтамаудың, қаржылық бұзушылықтарға, бюджет қаражатының ұрлануына (ысырап болуына) әкеп соғып, мемлекетке экономикалық нұқсан келтіруі мүмкін, мемлекеттік аудит объектісі мен нысанына оқиғаның немесе іс-қимылдың тигізетін жағымсыз әсерінің ықтималдығы, сондай-ақ бағдарламалық құжаттарда және мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында қарастырылған нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізбеу және толық көлемде орындамау ықтималдығы.

Тәуекел - адам іс-әрекетінің әрбір формасына тән, ол көптеген факторлар мен шарттармен байланысты болып, адамдар қабылдап жатқан шешімдердің оң қорытындысына әсер етеді. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, ойлаған қорытындыны ала-алмау тауарлы-ақша қатынастарының жаппайлығы мен шаруашылық айналым қатысушыларының бәсекелестілігінде көрінеді.

Профессор А.Г. Грязнованың редакциялауымен шығарылған қаржы-несие энциклопедиялық сөздігінде тәуекел ұғымының бірнеше түрі бары екені атап өтілген (ағылшынша risk, фр. risque, ит. risico – грек тіліндегі riskon – күз: бастапқыда «тәуекелге бас тігу» – жартастың ортасында жан сақтау) күтпеген ысырап, шығынның пайда болуы, жоспарланған нұсқамен салыстырғанда кірісті, пайданы толықтай алмау қаупі.

Альгин А.П. «Тәуекел – сәтсіздік пен мақсаттан ауытқудың болжанған нәтижесіне жетудің ықтималдығының сапасы мен санын бағалау мүмкіндігі бар еріксіз таңдау жасаған белгісіздікті есерумен байланысты қызмет» деп санайды.

Қаржы тәуекелі – залалдың пайда болу ықтималдығы, жоспарланған кірістің, пайданың кем түсуі. Қаржы тәуекелі кәсіпорын қаржылық институттармен (банктер, биржалар, қаржылық, инвестициялық және сақтандыру компаниялары және т.б.) байланыс әрекетінде пайда болады.


Қаржы тәуекелі 3 түрге бөлінеді:

1. Несиелік тәуекелі;
2. Баға тәуекелі;
3. Өтімділік тәуекелі.

Несиелік тәуекелі – қарыз алушының негізгі қарыз және несиелерге жататын пайыздардың төленбей қалу қаупі. Сонымен қатар, несиелік тәуекелге қарыздық бағалы қағаздар шығарған эмитент қағаздар бойынша пайыздар немесе қарыздың негізгі сомасын төлей алмайтын жағдай да жатады.

Өтімділік тәуекелі – тұтынушылық құнының және сапалық бағаның түрлендіру себебінен бағалы қағаздар және басқа да тауарларды өткізу жағдайда мүмкін болатын жоғалтулармен байланысты тәуекелдер болып саналады.

Баға тәуекелі – қаржы құралдар құнының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнына әсер ететін қаржы нарығының талаптары өзгерген жағдайда туындайтын өзгеруі салдарынан шығыстардың (зиянның) туындау тәуекелі.



Тәуекелділік жағдайында шешімдер қабылдау кезінде қолданылатын нақты әдістер мен тәсілдер банктің қызметі түрінде, қойылған мақсаттарға жету стратегиясына тәуелді болады. Сонымен бірге, тәуекелді басқару теориясы мен тәжірибесімен тәуекелді талдау барысында басшылыққа алынатын негізқалаушы қағидаттар орнатылған. Біріншіден, меншік капиталдың мөлшерінің мүмкіндігінше тәуекел етуге болады, екіншіден, азшылық үшін көпшілікпен тәуекелге баруға болмайды.

Тәуекелдерді талдаудан кейін осы тәуекелдерді басқару әдістерін талдау қажет. Әрине, бұл процестің ажырамас бөлігі болып сақтандыру табылады. Сақтандырудан басқа тәуекелден қашу немесе оны өзіне алу, шектеу, хеджирлеу, сараптау, тәуекелдерді бөлу, қаражаттарды резервтеу, тәуекелдер бойынша мүмкін болатын қаржылық жоғалтуларды айыппұл санкциялар жүйесі есебінен өтеу, кепілдік және т.б. сияқты тәуекелдерді басқару әдістері қолданылады.

Тәуекелді төмендету – тәуекелді жағдайдың болу ықтималдығын және мүмкін жолғалтулар көлемін азайту. Тәуекелді басқару әдісін таңдау кезінде тәуекел түрі бойынша максималды мүмкін болатын шығысты есептеу, оны тәуекелге ұшырауы мүмкін капитал көлемімен сәйкестендіріп, барлық мүмкін шығысты меншікті қаржылық ресурстар көлемімен салыстыру қажет.

Кез келген қаржылық немесе шаруашылық операциялардың тиімділігі мен онымен бірге болатын тәуекел деңгейі бір-бірімен байланысты. Тәуекел факторын есептемей толық инвестициялық талдау жүргізу мүмкін емес. Сондықтан тәуекел деңгейін бағалай және оның нақты операция табыстылығын деңгейімен байланыстылығын бағалай білу қажет.

Ғылыми жұмысты зерттеу барысында, коммерциялық банктердің тәуекелдерін стандартты жолымен азайту іс-шаралар тізбесін толықтырады:

1. Қарыз алушы қызметінің дағдарыстық жағдайлардың туындауын болжамдау;
2. Туындаған проблемалық активтерді алдын алу;
3. Экономикалық жағдайын, макроэкономикалық үрдістер мен банк секторын дамыту ерекшеліктерінің мониторингі;
4. Несиелік процестің инфрақұрылымының дамуы (бағалау компаниялары, коллекторлық агенттіктер, бағдарламалық өнімдердің жеткізушілері және т. б.).

Қаржы тәуекелдерді басқару процесін іске асыру үшін оған сәйкес тиісті жүйе қажет. Қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесі несиелік-депозиттік саясаты шеңберінде, коммерциялық банктің қойылған мақсаттарын қамтамасыз етуі тиіс.

Несиелік операцияларды жүргізу кезінде қаржылық тәуекелдерді басқару рәсімдерін реттейтін процесінде, банктік ағымдағы жылдың тәуекелдік саясатын әзірлеуден бастап, несиелік шарттар бойынша деректерді мұрағатқа тапсыру дайындығымен аяқтайтын екі фаза белгіленген: тәуекелдерді басқару бастапқы фаза және белсенді фаза. Несиелік операцияларды жүргізу кезінде коммерциялық банктің тәуекел-менеджмент бөлімшелердің алдында тұрған, фазаларының бөлуі міндеттердің тізбесін және кезектілігін нақтылау мақсатында өндіріледі.

Бастапқы фазада тәуекелдерді басқару кезінде дербестендірілмеген қарыз алушылардың әдіснамалық база әзірленеді, ал белсенді фаза басқармасы нақты экономикалық субъектілерге қатысты әдіснамалық база деректері қолданылады. Осылайша, бастапқы фазаның мәні несиелік операцияларды іс жүзінде жүргізу кезінде коммерциялық банкпен пайдаланылатын және әмбебап болып табылатын, яғни қарыз алушылар жеке ерекшеліктерін ескермейтін, әдіснамалық базасын құру болып табылады. Белсенді фазаның мәні - әрбір нақты қарыз алушыға қатысты іс жүзінде әзірленген әдіснамалық қамтамасыз етуді қолдану.

Біріншіден, рентабельділік, өтімділік және оның сенімділігіне қамтамасыз етуге бағытталған, коммерциялық банктің құрылымдық бөлімшелерін қабылданатын, басқарушылық шешімдердің негізінде шешілетін, міндеттердің тізбесін мен дәйектілігін нақтылау мүмкіндігін береді. Бастапқы фаза процесінің бірінші кезеңі - тәуекелдік стратегиясын таңдау, яғни тәуекел деңгейіне банкпен тиісті әсер етуін білдіреді. Несиелік-депозиттік саясат принциптерінің негізінде, банк жиынтығында өзінің мазмұны тәуекелдік стратегия мәнін көрсететін, тиісті әдістемелік базасын әзірлейді. Келесі сәйкестендіру және тәуекелдерді талдау кезеңі болып табылады. Оған банктің өз ерекшелігі және табиғатымен туындаған несиелік-депозиттік саясатымен ілеспе тәуекелдер анықталады.

Сапалық тәуекелдерді талдау қабылданған ішкі банктік критерийлер бойынша оларды толық жіктеу, табысты толық алмау түріндегі туындаған тәуекелдер салдарын анықтау және тәуекел бойынша ақпарат ашу жүргізуді болжайды.

Сандық тәуекелдерді бағалау кезеңі сәйкестендіру және тәуекелдерді талдау кезеңінде алынған ақпарат бойынша қамтылады. Бұл ретте, тәуекелдің туындау мерзімділігі және оның банктегі қаржылық нәтижелеріне әсер ету дәрежесі анықталады. Осыған байланысты банк тәуекелдің ықтималдығын бағалау бойынша міндеттерін шешеді, тәуекелдің түрін анықтайды, оның салдарын бағалайды және банк үшін осы тәуекелге барынша рұқсат етілген деңгейін белгілейді. Осы кезеңде

кеңістіктегі «болу ықтималдығы - салдардың маңыздылығы» тәуекелдер орналасатын координаттарында екіқалыпты кесте деп аталатын тәуекелдер картасын салуға болады. Банк басшылығына тәуекелдер картасы ыңғайлы құралы болып, олардың бір-бірімен толық көрнекі салыстыру қауіпін береді. Тәуекелдер картасын жасаудың ең маңызды кезеңі - шекті осі мәнін дұрыс таңдау.

Бастапқы фазаның қаржы тәуекелдерді басқару процесінің келесі кезеңі тәуекелдерді бағалау әдістерін таңдау және оларға қарсы іс-қимыл болып табылады. Тәуекелдерге қарсы іс-қимыл үшін, әдетте, іске асыру уақыты және жан-жақты қолдану дәрежесі бойынша жіктелетін әдістер пайдаланылады.

Бастапқы фазаның қорытынды кезеңіне тәуекелдік стратегиясын түзету кезеңі жатады. Оның мәні тиісті таңдалған тәуекелдік стратегиясын тексеруінде және белсенді фазада басқару процесінің тәжірибиеде қолданылуында көрсетіледі. Осылайша, аталған кезең әдіснамалық қамтамасыз етуді әзірлеуді және оны банк ағымдағы қызметінде қолдану арасындағы кері байланыс қамтамасыз етеді.

Келесіде басқару процесінің белсенді фазасы басталып, бірінші - несиелік шартын дайындау кезінде тәуекелдерді бағалау кезеңі болып шығады. Бұл кезең нақты несиелік шартын әзірлеу кезінде тәуекелдерді бағалауды көздейді. Тәуекелдерді бағалау әлеуетті қарыз алушының төлем қабілеттілігінің бес аспектілері бойынша талдау негізінде жүргізіледі - салалық, қаржылық, басқарушылық, тарихи және несие сапасын қамтамасыз ету аспектісі.

Қаржылық тәуекелдерді басқару процесінің қорытынды кезеңі несиелік шартын орындау барысында тәуекелдерді бағалау кезеңі болып табылады. Оның мәні - несиелік төлемдерді жасамаудың тиісті алдын алу мақсатында, таңдалған аспектілерін ескере отырып, тұрақты негізде қарыз алушының мониторингі.

Басқарушылық шешімдерді қабылдау процесінің қадамдық мысал ретінде келесі жағдайды қарастырайық. Коммерциялық банк нарықта өзінің келуін кеңейту және несиелік портфелін арттыру мақсатында агрессивті тәуекел стратегиясын таңдап (тәуекел стратегиясын нақты таңдау кезеңі), бірінші кезекте - несие тәуекелімен өз жұмысында соқтығысуы мүмкін болатын ықтимал тәуекелдер спектрін анықтайды (сәйкестендіру және тәуекелдерді талдау кезеңі). Кейін банк тәуекелдер деректерінің сандық өлшеу тәсілін анықтайды, мысалы, таңдалған агрессивті тәуекелдік стратегиясын ескере отырып, барлық берілген несиелердің 10%-ның 90%-ы өтелмеу ықтималдылығымен есептейді, бұл, меншікті капиталының 30%-ға қысқартуын әкеледі (сандық тәуекелдерді бағалау кезеңі).

Несиелік тәуекелді бағалау және оған қарсы іс-қимыл жасау мақсатында банк қарызгерлердің төлем қабілеттілігін бағалаудың әдістемесін әзірлейді, сондай-ақ мерзімі өткен несиелер бойынша мүмкін болатын шығындарды жабу үшін резервтік қорды қалыптастырады (тәуекелдерді бағалау әдістерін таңдау және оларға қарсы іс-қимыл кезеңі).

Несиені алуға өтінім берген барлық клиенттерді, банк әзірленген әдістеме бойынша талдайды (несиелік шартын дайындау кезінде тәуекелдерді бағалау кезеңі), несиені берген жағдайда банк тоқсан сайын қарыз алушының қаржылық жағдайын бақылау мақсатында оның есебін талдауды жалғастырады (несиелік шартын орындау барысында тәуекелдерді бағалау кезеңі).

Егер бірқатар жағдайларда, қарыз алушылардың жоғары несиелік жүктемесімен мерзімі өткен төлемдерге жиі жол беретіні анықталса, банк өзінің борыштық жүктеме шамасының өлшемдерін күшейтіп, қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін бағалау әдістемесін өзгертеті (тәуекелдік стратегиясын түзету кезеңі).

Сонымен қатар, фазалардың бөлуі қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымдық схемасын ұсынуға мүмкіндік берді. Схема құрамында басқару объектісін

(банктің қаржылық тәуекелдері), басқару субъектісін (басшылық және банктің құрылымдық бөлімшелеріне: департаменттер, комитеттер, бөлімдер, қызметтер), сондай-ақ қосалқы жүйелерін: ақпараттық, несиелендіру және несиелік мониторингті қамтиды.

Қаржылық тәуекелдерді басқару жүйесінің ұсынған схемасы құрамында, ақпараттық қосалқы жүйе несиелендіру және несиелік мониторинг қосалқы жүйелердің арасында интерфейсті қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар, банк қызметкерлерінің, ақпараттық жабдықтар және тиісті банк ішіндегі әдістемелерді жинау, талдау, бағалау мен банктік тәуекелдерді басқару процесінде тапсырмаларды шешу мүддесі бойынша мәселелердің жедел ақпаратты берудің өзара байланысын қамтамасыз етуі тиіс.

Осы жүйе шеңберінде әзірленетін басқарушылық шешімдер, банктік тәуекелдерді бағалау және оларға қарсы іс-қимыл жасаумен регламенттейтін әдістемелік базамен негізделеді. Басқару объектісі ретінде банктік операцияларға қатысты жүргізілетін келесі тәуекелдер қарастырылады: несиелік, нарықтық, операциялық және өтімділік тәуекелі. Қазіргі уақытта сарапшылардың бағалауы бойынша, банкаралық несиелеу нарығының шамамен 60%-ы шетел валютасының сыртқы қарыз алуымен тиесілі келеді, яғни бұл валюталық және өтімділік тәуекелдердің маңыздылығын арттыруына әкеліп соқты, себебі рубль бағамы төмендеген кезде, ресейлік банктердің валюталық міндеттемелері өсуде, бұл өтімділіктің азаюына әкеледі. Сондықтан да жүйелі түрде, көрсетілген тәуекелдердің әрқайсысы үшін азайту тәсілдер және оларға қарсы іс-қимыл жасауы талданды.

Қоғамның қызметін ескере отырып, тәуекелдердің негізгі түрлерінің бірі несиелік тәуекелі болып табылады. Осы тәуекелдерді барынша азайту құралдарына кіреді:

1. Өртараптандыру;
2. Лимит белгілеу (несие қоржынына, бір қарыз алушыға және бір өңірге, несиелендіру мерзіміне және несие бойынша қамтамасыз етуге барынша көп тәуекел);
3. Сактандыру;
4. Қарыз алушылардың меншікті өз қаражаттарымен қатысуы;
5. Өтімді кепілзаттық мүлік түрінде несиені өтеудің қайталама көздерін тарту.

Жұмысты қорыта келе, тәуекел - банктің берген несиелері бойынша төлемсіздік туындаған жағдайда, ресурстық базасы жеткіліксіз болған жағдайда, жалпы міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігі азайған жағдайда пайдасынан айырылып қалу мүмкіндігін бейнелейді.

Дей тұрғанымен, қаншалықты тәуекел деңгейі төмен болса, соғұрлым банктің жоғары мөлшерде пайда табуы да мүмкін емес болады. Сондықтан да кез келген кәсіпкер, соның ішінде банк менеджерлері басқару шешімдерін қабылдау барысында табыс пен тәуекел деңгейінің оңтайлы қатынасына мән беруге тиіс, сондай-ақ тәуекелдердің түрлеріне байланысты оларды басқару және бағалау керек. Ал кез келген банктің табыстылығы банктің берген несиелерінің сапасына, яғни оның қайтарымдылық дәрежесіне тікелей байланысты.

Банк ісінде тәуекел - белгілі бір банктік операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде қосымша шығын жұмсау салдарынан пайда алмау немесе өзінің ресурстарының бір бөлігін жоғалту қаупін білдіреді.

Соңғы жылдары Қазақстанның екінші деңгейлі банктері үшін «тәуекел» категориясының мәні мен мазмұны артуда. Қазақстан өз тәуелсіздігін алған күннен бастап бүгінгі таңға дейін көптеген коммерциялық банктер тәуекелді дұрыс басқармау нәтижесінде банкроттыққа ұшырады. Осыған орай, қазіргі кезде тәуекелді басқару мен бағалаудың жеткілікті әдістері мен тәсілдері қалыптасқан. Әр банк өзінің қызмет ету саласына байланысты өзіне тән тәуекелдің түрлерін, оларды бағалаудың оптималды әдістерінің жиынын анықтайды. Қазіргі кезде банкирлер алғашқы жылдарға қарағанда,

тәуекелдерді басқару проблемаларына көп көңіл бөледі, әрдайым өзгеретін экономикада аман қалу үшін оның пайда болу көздерін анықтайды.

Әдебиет:

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ
2. Әубәкіров Я. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я. Әубәкіров. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2014. - 480 б.
3. Абленов Д.О. Қаржылық бақылау, ревизия және аудит: оқу құралы / Д.О. Абленов [и др.]. - Алматы: Экономика, 2014. - 560 б.
4. Аппакова Г.Н. Қаржылық есеп 2: оқу құралы / Б.Ж. Акимов. Алматы: Экономика, 2015. - 192 б.
5. Давыдова Л. Қазақстан Республикасының банк құқығы / Л. Давыдова, Д. Райманов. Алматы: Жеті жарғы, 2016. - 616 б.
6. Ильяс А.А. Коммерциялық банктердің қаржылық қызметтері: оқу құралы / А.А. Ильяс. Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2013. - 222 б.

ӘОЖ 336.221.26

**КӘСІПОРЫННЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТЕЖЕСІНЕ
САЛЫҚТАРДЫҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ («РУБИКОН» ЖШС МЫСАЛЫНДА)**

Сериков Е.Б.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жолдарының бірі – салықтық реттеу болып табылады. Салық салудың нәтижелілігі олардың атқаратын роліне тікелей байланысты. өйткені, егер салық салу тәжірибе жүзінде максималды мүмкіндікке ие болатын болса және олардың атқаратын қызметтері арасында үйлесімді тепе-теңдік сақталатын болса бұл роль жағымды болып келеді. Салық салу мемлекеттің өз қызметін атқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Шағын және орта кәсіпкерлікке қолданылатын тиімді салық салу жүйесі қоршаған ортадағы қолайсыз жағдайдан әлеуметтік-экономикалық құрылымдардың тәуелділігін кемітуге мүмкіндік береді.

Мемлекет салықтар, салық ставкалары мен жеңілдіктері арқылы реттеушілік қызметін жүзеге асыру барысында экономиканы, өндіріс пен инвестицияны, шағын және орта бизнесті ынталандыруға тигізетін әсерін назарда ұстау шарт. «Рубикон» жауаптылығы шектеулі серіктестігі жеке кәсіпорын болып табылады, өзінің құқықтары мен міндеттеріне ие, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Жауаптылығы шектеулі және қосымша жауаптылығы бар серіктестер жайлы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлікті қолдау жайлы» Заңына сәйкес ұйымдастырылып, жұмыс істеп келе жатыр. Кәсіпорын 2004 жылы ұйымдастырылған. Тіркеу жайлы куәлігі № 11-1948-06-ЖШС, 11.03.2008 ж. Жарғылық капиталы 3788 мың теңге. Заңды мекен – жайы: Солтүстік Қазақстан облысы Аққайын ауданы, Қиялы селосы.

Аты – жөні	Меншік бөлігі,%
Цулукидзе Гоча Гачеевич	
Барлығы:	100

Кесте 1. «Рубикон» ЖШС құрылтайшылары

Кәсіпорын кез келген кәсіпорын сияқты өз жұмысын атқару үшін өндірістік техникаға ие болуы қажет. Сол сияқты «Рубикон» ЖШС – де өз техника паркіне ие. Ауыл шаруашылық техникасының паркі 2 кестеде келтірілген.

№	Түрі	Саны, бірлік	Шығарылған жылы
1	«Енисей» -1200-1НМ комбайны	1	2007
2	Беларус 82,1 тракторы	1	2008
3	NEW HOIAND тракторы	1	2008
4	Пневматикалық сепкіш	1	2008
5	«Шумахер» ЖН-6 Б-01 асылма дестелегіші	1	2008
6	«Дон Мар»2009 қосылғыш дестелегіші	1	2011
	Қорытынды:	6	

Кесте 2. «Рубикон» ЖШС ауыл шаруашылық техникалары, машиналары, жабдықтары

Кесте 2- ден көрінетіндей «Рубикон» ЖШС техниканың паркі толық болып табылады, және де кестеде көрсетілгендей техника паркі жаңа болып табылады. Бұл кәсіпорын жұмысының жақсы істейтініне тағы бір дәлел болып табылады.

«Рубикон» ЖШС өсімдік өсіру өнімін өткізумен айналысады, содан оның негізгі табысы осы өсімдік өнімін өткізуден түседі, 2.5 кестеде көрінетіндей 2018 жылы табыс белгілікті түрде жоғарылады, бұл кәсіпорынның нәтижелі жұмыс істеп жақсы табыс әкелетінін көрсетеді. Өткізілген өнімнің өзіндік құны еш қосымша шығындарды алып тастағанда 2016 жылдан 2017 жылға төмендеді, ал 2018 жылы қалпына келіп, одан арта түсті. Жалпы табыс кестеде берілгендей жыл сайын тек артты, оның серпіні 2016 жылы +948 мың теңге болса, 2017 жылы +41 451 мың теңгеге өсті. Кезең шығындары 2016 жылы 2987 мың теңгені құраса, 2016 жылы 3207 мың теңгені құрады, бұл кезеңдік шығындардың өскенін білдіреді, ал 2016 жылы кезең шығындары 700 мың теңгеге түскен. Негізгі қызметтен табыс серпіні жалдан жылға өсе түсті, ал 2017 жылы белгілікті дәрежеде әсерлі көтерілді. Салық салуға дейінгі табыс негізгі қызметтен табыспен бірдей. Корпоративті жеке табыс салығы да сәл ғана өзгерістерге ұшырап, 2017 жылы белгілікті түрде көтерілген. Таза табыс жылдан жылға, яғни 2016 жылдан бастап 2017 жылға дейін, талданатын аралық үшін тек өсе түсті. Бұдан шығатынымыз «Рубикон» ЖШС жұмысы жақсы деп бағаланады, яғни ол өзіне пайда түсіріп, шығын деңгейлері онша белгілікті емес болып табылады. 2.4 кестеде қысқа мерзімді активтер мен ұзақмерзімді активтердің өзгерісін көруге болады. Қарастырылған үш жылдың ішінде активтердің өзгерісі, оң ба, әлде кері ме екені 2.4 кестеде көрсетілген. 2017 жылы 2016 жылға қарастырғанда қысқа мерзімді активтер оң өзгерістерге ие болды, олардың ішінде ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері 2009 жылы 2016 жылға қарағанда 59 % - ға өсті, яғни 431 мың теңгеге тең. Мұның себебі өндірістік – коммерциялық қызметтің табыстылығының көбеюі, яғни жылдан жылға ақша қаражаттары алынған табыс есебінен артты. Рубикон» ЖШС Салық Департаментіне жалпыға бекітілген тәртіп бойынша жұмыс істеп есептеседі.

Қазақстан Республикасында жалпыға бекіліген тәртіп бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілер, қызметті жүзеге асырудан табыс алатындар корпоративті табыс салығын төлейді. Салық салудың жалпыға бекітілген тәртібі бойынша кәсіпорынның табыстары салық салынатын базаға 20% ставканы қолдану жолы арқылы корпоративті табыс салығына салық салуға міндеттеледі. КТС бойынша салық салынатын база болып кәсіпорынның жиынтық табысы болады, Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген шығындарға азайтылған.

Кәсіпорынның есептелген салықтар бойынша мәліметтерін қарастырайық.

(мың теңге)

Бюджетке төленетін салық немесе міндетті төлемдер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	Ауытқу 2017/2016 (+/-)	Ауытқу 2018/2017 (+/-)
Корпоративті табыс салығы	520,0	450,0	470,0	-0,87	+1,04
Жеке табыс салығы	5258	3956	4450	-0,75	+1,12
Әлеуметтік салық	51,48	40,5	597,6	-0,79	+14,76
Көлікке салық	57	68	89	+1,19	+1,31
ҚҚС	5500,4	4008,6	2820	-0,73	-0,70

Кесте 3 «Рубикон» ЖШС есептелген салық мөлшері

ЖШС есептелген корпоративті табыс салығының сомасы 2016 жылы 520 мың теңге болды. 2017 жылы жыл қорытындысы бойынша есептелінген корпоративті табыс салығы 450 мың теңге болды. 2018 жылы корпоративті табыс салық мөлшері 470 мың теңгені құрды. Жеке табыс салығы бойынша салық салу объектісі болып жеке тұлғалардың табыс болып табылады. Салық салушының табысы 10 пайызбен салынады. Салық мерзімі болып күнтізбелік ай болып табылады. «Рубикон» ЖШС ай сайын өз жұмысшыларына есептелінген табыстары бойынша жеке табыс салығын есептеп төлейді. Жеке табыс салығы бойынша 2017 жылы өткен жылмен салыстырғанда азаю байқалады, ал 2018 жылы керісінше салық бойынша артуы байқалды. 2008 жылы есептелінген ЖТС сомасы 5258 мың теңге болса, 2017 жылы ол 0,75 пайызға азайды да 3956 мың теңге болды. 2018 жылы есептелінген ЖТС 4450 мың теңгені құрады, бұл өткен жылдан 1,12 пайызға артық. Салықтың келесі түрі, әлеуметтік салық. Бұл салық бойынша салық объектісі болып жұмыс берушінің шығындары болып табылады. Салық бойынша ставка 11 пайыз болады. Әлеуметтік салықтың төленуі айдың 25 күнінен кешіктірілмеу керек. 2016 жылы есептелінген әлеуметтік салықтың мөлшері 51,48 мың теңге болды, 2017 жылы ол 0,79 пайызға төмендеп 40,5 мың теңгені құрады. 2018 жылы бұл көрсеткіш 14,7 пайызға артты да 597,6 мың теңге болды. ЖШС қосылған құн салығы бойынша тіркелген есепте тұрады. ҚҚС бойынша 2016 жылы есептелінген салық мөлшері 5500,4 мың теңге болса, 2017 жылы ол 0,73 пайызға төмендеп 4008,6 мың теңге болды. Ал 2018 жылы қосылған құн салығы өткен жылдан 0,70 пайызға азайып 2820 мың теңге болды. ҚҚС азаюы өнімді өткізу көлемінің азаюымен байланысты.

Көрсеткіштер атаулары	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	Өзгерісі (+/-;%) 2017ж/2016ж		Өзгерісі (+/-;%) 2018ж/2017ж	
				+/-	%	+/-	%
Өнімдерді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен табыс	45837	33405	23500	- 12432	- 27	- 9905	-29
Есептелінген салық	11386,8	8523,1	8426,6				
Салық жүктемесінің коэффициенті	24	25	36	1	1,04	11	1,44

Кесте 4 «Рубикон» ЖШС салық жүктемесін есептеу

Салық жүктемесінің коэффициентінің мәні кәсіпорында жоғары және жыл сайын өсті. Бұл 2017 жылдан бастап салық ставкалары төмендегенге қарамастан. Таза

пайданы бөліп жоспарлау үшін кәсіпорынға оның түсімдерін болжау керек. Осы үшін кәсіпорында салықтарды есептеу болжауын жасайық, кәсіпорын осы жағдайда жұмыс істейді деп есптейік. «Рубикон» ЖШС 2019-2020 жылдары есептелетін салық сомасын болжайық. Тізбелі тренд- кез келген уақыт қатар көрсеткіштерінің өзгеру тенденциясы.

Графиктер түрлері теңдеулермен сипатталу мүмкін. Экономикадағы тренд-көрсеткіштердің артықшылықты қозғаласының бағыты. Негізінен техникалық талдау шегінде қарастырылады, мұнда баға қозғалысы немесе индекс мәндері ойланады. Уақыттық қатарға регрессионды талдауды қолдану трендетрді талдау деп аталады. Тізбелі регрессияның жазбасы, келесі түрдей болады:

$$Y(x) = kx + b \quad (1)$$

мұнда $Y(x)$ -бұл $y(x)$ түзетілген мәні, x уақытына сәйкес (нақты мәліметтер);

k и b – $Y(x)$ түзетілгеннен константтар $y(x)$ нақты мәндер ауытқуының екінші дәрежесіндегі сомасын $y(x) - Y(x)$ минимумдеріне айналдырады.

k и b параметрлері $\sum (y(x) - Y(x))^2$ екінші дәрежедегі сомасын формула бойынша есептейді.

Осы мәліметтер бойынша тізбелі трендті анықтауға болады. X - жылдардың саны, Y - КТС түсімдері.


Төменгі суретте есептелген салық мәліметтер берілген. Соның негізінде сызба жасалады.



Сурет 1 Салықтарды есептеу динамикасы (2016-2018 жж)

Байланысты $y=a+bx$ трендтік теңдеу ретінде қарастыру үшін теңдеу жүйесін шешу керек.

$$(2) \begin{cases} na + b \sum x = \sum y \\ a \sum x + b \sum x^2 = \sum yx, \end{cases}$$



Сурет 2 Салықтарды есептеу болжамы

Құрылған тренд бойынша салықтардың артуы байқалады, бұл кәсіпорын үшін теріс нәтеже болады. Есептелген салықтардың артуы салық жүктемесінің артуын көрсетеді, ал бұл жағдай кәсіпорынның өз қызметінің кеңдігін арттыруға мүмкіндік бермейді. Салықтарды уақытында есептеу және төлеу маңызды рөл атқарады, салық төлеуші үшін де салық органдар үшін де. Кәсіпорынның қызметі бір орында тұрмайды, осыған байланысты салықтық жүктеме өзгереді. Салықтық жүктеменің мөлшері кәсіпорынның қызметіне, салық база динамикасына, салықты есептеу төлеу тәртібіне әсер ететін сыртқы факторларға байланысты. Көптеген кәсіпорындар үшін салықтық жүктемені жоспарлау өте маңызды. Жоғарыда айтқандай кәсіпорын келесі табыстар төледі.

Әдебиет:

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі. – Алматы: LEM. 2017 ж.
2. «Солтүстік Қазақстан Облысының қысқа статистикалық жылнамалығы» 2015, 2016, 2017 Петропавл, 2015, 2016, 2017.
3. «Корпоративтік қаржы» Кадрова Н.Н. 2008 ж.
4. Кәсіпорынның қаржылық есептемелері, 2015-2017 жылдары.
5. www.kgd.egov.kz – ҚР Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті.
6. www.minfin.gov.kz – Қазақстан Республикасының қаржы Министірлігі.
7. www.stat.gov.kz – Қазақстан Республикасының.

УДК 304.30

МОЛОДЕЖНЫЕ ПРОБЛЕМЫ В СИСТЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ

Соболевская Н.В.

(СКГУ им. М. Козыбаева)

Наша страна, избрав демократический путь развития, переживает один из сложнейших периодов своей истории. Полное обновление Казахстана возможно только при условии осуществления подлинной свободы личности, способной к развитию и саморазвитию. В связи с этим особое место отводится изучению истории и других гуманитарных дисциплин играет важную роль в формировании личности молодого человека, воспитании гражданина новой демократического Казахстана. Изучение истории неразрывно связано с формированием исторического сознания, функция которого заключается не только в том, чтобы верно ориентировать человека в окружающей действительности, но и в том, чтобы через ее отображение способствовать преобразованию реального мира.

В формировании исторического сознания особое место отводится информации - важнейшему звену в цепи взаимодействия человека с самим собой и окружающим миром. Информация, воспринимаемая сознанием, перерабатывается, усваивается и оценивается в процессе мышления. Информационный поток способен оказывать прямое воздействие на волю и поведение человека. Поэтому сегодня огромное внимание уделяется роли СМИ. И это не случайно, т.к. современный мир немислим без средств массовой информации и коммуникации, к которым относят печать, прессу, радио, телевидение, кинематограф, звукозапись, видео и сеть Интернет. Многие СМИ берут на себя обучающие и просветительские функции [1].

Наше время придаёт особую остроту вопросу об истинности и точности исторического знания. При этом одной из наиболее важных является задача формирования исторического сознания молодёжи, что является важнейшим фактором воспитания гражданственности и патриотизма. Под историческим сознанием в науке понимается система знаний, совокупность представлений, взглядов, традиций, обрядов, обычаев, идей, концепций, посредством которых у индивидов, социальных групп, классов, народов, наций формируется представление о своем происхождении, важнейших событиях истории и выдающихся деятелях прошлого, о соотношении отечественной истории с историей других народов и всего человеческого сообщества. Тем самым общности людей (народов, наций), осмысливая прошлое, могут воспроизвести его в пространстве и времени, т.е. установить реальные объективные связи времён и поколений, осознать место индивида в истории и его принадлежности к определенной социокультурной среде.

В этих условиях остроту и значимость приобретает тема формирования исторического сознания, воспитание гражданственности у современной молодежи на научной основе, которая может быть достигнута при помощи собственно знаний истории, образующих в своей совокупности определенную систему представлений о прошлом, о его органической связи с настоящими и возможных тенденций развития общества в будущем. Такие знания приобретаются только в процессе систематического изучения истории.

Первые систематические знания об историческом процессе приобретаются на уроках истории в школе. Причем представления молодежи об истории на основе школьного образования предстают как набор дат, имен, событий, зачастую бессвязных. Однако само по себе знание факта – это еще не научное знание, так как требуется его осмысление, анализ, оценка, благодаря чему факты включаются в целостную концепцию исторического процесса.

Возросшая потребность в формировании исторического сознания на теоретическом уровне обусловлена тем, что трансформационный переход от одной модели общества к другой всегда сопровождается сложными процессами в духовной жизни общества, приводит к существенным изменениям в общественном сознании, в том числе и в историческом, в морально-ценностных и поведенческих ориентациях. Причем в этих условиях история превращается своего рода в поле политической борьбы. Вместе с тем, востребованность и необходимость объективного исторического знания порождает парадоксальную ситуацию.

Историческое сознание имеет свою структуру, в которой можно выделить четыре уровня:

1) Первый (низший) уровень исторического сознания формируется на основе накопления непосредственного жизненного опыта. Чаще всего оно выступает в расплывчатых, эмоционально окрашенных воспоминаниях, зачастую неполных, неточных и, безусловно, субъективных.

2) Вторая степень исторического сознания может формироваться под влиянием художественной литературы, кино, радио, телевидения, театра, живописи. На этом уровне историческое сознание еще не превращается в систематическое знание: представления отличаются яркостью, но отрывочны и не упорядочены. Впечатления от увиденного или услышанного сохраняются порой на всю жизнь, а оценка многих исторических личностей складывается не в результате чтения научных статей и монографий, а на основе творений художника, писателя, композитора. Абсолютно прав поэт Н. Коржавин, написав строки:

Был ты ликом ужасен,
Сердцем подл, но не в этом суть.

Исторически прогрессивным
Оказался твой жизненный путь.

3) Третья ступень исторического осознания формируется на основе собственно исторических знаний, приобретаемых на уроках, лекциях по истории в школе и вузе, где учащиеся получают представления о прошлом в систематизированном виде. Возможно пополнение знаний по истории и на любительском уровне, однако такого рода интерес проявляется не так уж часто.

4) На четвертой (высшей) ступени формирование исторического сознания происходит на основе всестороннего теоретического осмысления прошлого, на уровне выявления тенденций исторического развития [2].

Следует отметить, что за последние годы в стране значительно поменялись экономические, политические, социальные ориентиры. Были приняты ряд государственных программ, такие как «Общество всеобщего труда» и стратегия «Казахстан - 2050: один народа, одна страна, единое будущее», где, по сути была озвучена национальная идея, государственная идеология нашей страны «Мәңгілік ел». Нурсултан Назарбаев призывает принять её, как уникальную историческую миссию для государства в целом и каждого гражданина в отдельности. Далее Лидер государства озвучил идею «Қазақ елі». Не случайно Н. Назарбаев пребывая в предгорьях Улутау обозначил корни государственности казахского народа, берущее свое начало в глубинах древности, где данная местность всегда являлось центром и символом нашей государственности. Учитывая факт, что формирование исторической памяти происходит в процессе систематического изучения истории, в первую очередь необходимо отметить роль школы и влияние знаний, полученных на уроках истории. Ведь школьное историческое образование является основой формирования и развития этнического самосознания и исторической памяти подрастающего поколения. [3]

Вместе с тем современная общественность сегодня столкнулась с другой проблемой. Историко-культурные ценности, которые ранее составляли основу сознания народа, сегодня переживают изменения. Молодежь не интересуется ни историей, ни герой, ни сакральные исторические места и т.п. Для них сегодня «храмами для паломничества» являются различные торговые города, молы, идеалами становятся миллиардеры. В таких условиях проявить интерес молодежи к истории, сформировать историческое сознание является весьма сложной задачей. Поэтому реформы в области образования и исторической науки должны носить продуманный, системный, целенаправленный и последовательный характер, они не должны принести издержки именно в те науки и дисциплины, которые, прежде всего, направлены на формирование исторического сознания народа. Всем известно, что именно преподавание истории в средней и высшей школе является формирующим элементом воспитания молодежи, дающим основы научного мировоззрения [4].

Глава государства в каждом своем Послании, в каждом стратегическом документе не оставляет без внимания вопросы молодежи. Речь идет всегда комплексно и включает вопросы обеспечения образования, здравоохранения, создания семьи, предпринимательской активности, обеспечения работой. Наша молодежь должна получить все условия для того, чтобы завтра становиться капитанами экономики, чтобы страна успешно реализовала одну из главных задач, которая отражена в «Стратегии 2050» – вступление в число тридцати наиболее развитых государств».

Одно из главных поручений Главы государства – разработка новой экономической модели столицы, которая войдет в Стратегии развития столицы до 2050 года. Ключевым направлением станет развитие условий роста креативных идей, нужно будет обеспечить вхождение столицы в перечень мировых столиц. Достаточно амбициозная, но реализуемая мера» [5].

В нашей стране проводятся важные реформы в рамках социальной поддержки молодежи, для того чтобы молодое поколение стремилось создавать семьи и иметь возможность воспитывать своих детей. В столице активно реализуются проекты государственно-частного партнерства в области образования и здравоохранения.

Нынешнее Послание Главы государства создает замечательные возможности для молодого поколения. Это касается и получения образования, и решения жилищного вопроса.

Все программные документы Елбасы нацелены на то, чтобы жизнь граждан нашей страны постоянно улучшалась. В нынешнем Послании рост благосостояния казахстанцев вообще поставлен во главу угла: он заложен в само название Обращения к народу. Наше будущее – молодежь. Об этом Президент говорит на самых разных площадках, привлекая внимание к проблемам молодых, призывая самих юношей и девушек к развитию, стремлению идти вперед. И этот призыв в Казахстане подкрепляется большими возможностями, которые создает государство.

В своем недавнем Послании Глава государства Н. А. Назарбаев объявил 2019 год – Годом молодежи, в котором основным приоритетом государственной политики станет системный подход к организации поддержки молодого поколения и института семьи, в частности создание широкой платформы социальных лифтов, которая будет включать в себя полный комплекс мер по поддержке всех категорий молодежи. Нынешнее Послание Главы государства создает замечательные возможности для молодого поколения. Это касается и получения образования, и решения жилищного вопроса. Год молодежи – это хорошая возможность для принятия необходимых мер с целью внести свой вклад в строительство открытого общества, соответствующего всем базовым принципам, отраженным в Программной статье Главы государства «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»: конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности и культ знания [6].

В своем Послании Глава государства поднимает наиболее актуальные вопросы, которые в последнее время беспокоили молодежь. В Послании предусмотрены конкретные меры по их решению: сделать образование центральным звеном модели экономического роста, рынка труда; развитие способностей критического мышления и жизненно-важных навыков, которые необходимы на новом этапе развития государства. Все молодежные организации страны будут активно взаимодействовать. Вместе будем работать и принимать активное участие в реализации нового Послания Елбасы. Молодежь Казахстана заявляет о своей готовности взять ответственность за реализацию Послания Главы государства. Для этого казахстанские молодежные лидеры решили разработать механизмы участия в реализации нового стратегического документа страны «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни», который предложил в своем Послании Елбасы. [7]

Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев в каждом своем Послании особо выделяет значимую роль молодежи в развитии страны. Молодежь - это будущее государства. Государством уделяется огромное внимание молодому поколению, принимаются различные государственные программы, направленные на обеспечение благополучия и развития молодежи.

Одним из важных для научного сообщества вопросов стало бюджетирование научной сферы образования. Выделение 10% ВВП страны для этих целей – беспрецедентный, революционный шаг. Верно расставлены акценты, например, Год молодежи. Для «Жас Отан» – это большая возможность реализовать планы, проекты, поставить на повестку дня самые актуальные проблемы молодых казахстанцев.

Год молодежи не просто открывает новые возможности казахстанской молодежи, это время стать ответственным и взять будущее в свои руки. «Волонтерство выходит в

ряды как отдельный статус и Нурсултан Назарбаев поддержал студенческую молодежь, сказав, что у нас будет увеличение стипендии до 30 процентов. Я думаю, что это даст еще один большой импульс. То, что Президент нас сегодня поддержал, это, действительно, нас очень радует и вдохновляет на дальнейшие свершения. И я уверена, что 2019 год станет, в целом, годом развития молодежи и становления волонтерского движения». Год волонтерства, год достижения успехов в работе и в бизнесе, год обретения своего уголка и собственной семьи, одним словом - это Год молодёжи. По словам Президента, это время инициативных и смелых, тех, кто не боится сделать шаг навстречу успеху.

Таким образом, поколение независимости - это будущее страны. Уже сейчас молодые должны строить это будущее, стремиться к знаниям и новым свершениям. Не случайно логотип Года молодёжи - это летящие журавли. В связи с изменениями в политической жизни страны и возникшими в последние годы социально-экономическими проблемами, все острее ощущается разрушение традиционных систем ценностей, снижение воспитательного воздействия культуры, искусства, образования как важнейших факторов формирования у молодых людей национального самосознания и патриотизма. Необходимо создать целостную концепцию исторического образования, целью которой было бы воспитание чувства исторического единства со своим народом, уважения к истории и культуре своей страны.

Литература:

1. Бекмаханов Е.Б. 1947. Историческая наука в Казахстане за 30 лет. В трудах третьей сессии АН КазССР: Алма-Ата. - С 3-15.
2. Лукьянов А.И. Осенний триптих. Смоленск, 1995. - С. 237.
3. Назарбаев Н.А. «Общество всеобщего труда».
4. Утенков В.М., Закалин А.С. Об историческом сознании студенческой молодежи // Социологические исследования. - 2000. - № 6. – С. 119-122.
5. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан - 2050».
6. Программная статья Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру».
7. Послание Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни».

ӘОЖ 81

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ТУРИЗМ

Сыздықбаева Б.Ұ., Хамзина А.Р.
(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

Қоғамның өндірістік интенсификациясы ең алдымен адамның психофизикалық жүктемесінің күшейуімен анықталынады. Ғылыми-техникалық прогресс, урбандалу процесі, экологиялық дисбаланс прессингті нығайтады. Адамның жұмыс қабілеттілігін жақсарту үшін арнайы жағдай жасау керек. Бұл жағдайда рекреацияның алатын орыны ерекше. «Рекреация» сөзінің мағынасы - «дема алу, адамның күшін қалпына келтіру» дегенді білдіреді.

Емдік-сауықтыру туризмі туристік классификация ішінде өзіндік орны бар. Соған орай елімізде емдік-сауықтыру рекреациялық ресурстарын зерттеу және талдау мәселелері қолға алынуда. Адамдардың рекреациялық қызметі бірнеше аспектілерден тұрады: медициналық және биологиялық, әлеуметтік-мәдени, экономикалық.

Рекреациялық қызметінің ең негізгі аспектісі медициналық және биологиялық болып табылады. Оның құрамында - денсаулықты жақсарту, курортологиялық емдеу, адамдарға қажет ететін көмек көрсету және аурудың алдын алу.

Курорттық-рекреациялық шаруашылыққа шипажайлар, демалыс үйлері, туризм және қызмет көрсету бөлімдері жатады. Олардың басты мақсаты халықтың рекреациялық қажеттіліктерін табиғи, мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық ресурстар арқылы қанағаттандыру [1].

Қазақстанда туризмнің дамуы үшін туристік ресурстарға бай аудандар өте көп және олар нәтижелі халық шаруашылығының саласына қосылуда. Соңғы жылдары республикада біршама туристік шаруашылықтар құрылды, туристермен жұмыс белсенділігі жиналуда. Әдемі, әсем, көрікті жерлерде туристік кешендер салынды, көбінесе облыс орталықтарында комфортты туристік кешендер жұмыс істейді. Олар кез келген уақытта қала тұрғындарын қабылдауға, қызмет көрсетуге дайын тұрады, сонымен қатар, басқа да аудандардың қонақтарын қабылдауда [2].

Әр кешен өз-өзімен қызықты, әрі тартымды. Шыршалы-орманды «Алтын бор» Солтүстік Қазақстан облысында, Орал өзенінің маңында, Оралдан алыс емес жерде «Орал», «Қарқаралы» туристік кешені – Қарағанды облысында және ол өзінің велосипедті маршруттарымен ерекшеленеді, ол Қарқаралы таулы-орманды оазистік жолдарымен жүргізіледі. «Алтайлық бухта» деп аталатын туристік кешен Бұқтырма теңізінің жағасындағы Алтайлық орманмен Марқакөлге дейін өте қызықты маршруттар басталып, әлемге танымал «Рахмандық кілтке» қарай беттейді. Павлодар облысындағы көк көлдер жағасындағы ұмытылмас «Баян ауыл» туристік кешеніне бару, өзінің жағымды әрі таза ауасымен ерекшеленеді. Іле Алатауының көркем шатқалында Алматының туристік кешендері орналасқан. Қазақстанда туризмнің әр түрлі саласының дамуына барлық туристік аймақтар мен мүмкіндіктер бар: курорттар мен демалыс үйлерінде демалу, емделу, аңшылық, соның ішінде бүркітпен, альпинизм, тау туризмі, балық аулау, салт атты және су туризмі, тік ұшақтық экскурсия және халықаралық спорттық жарыстарда этникалық туризм, негізгі қозғаушы күші – шет елдегі қазақ оралмандары, ғылыми, діни, профессионалдық, жанұялық, бизнес-тур, коммерциялық туризм және т.б.

Географиялық зерттеулер нәтижесінде Қазақстан территориясындағы рекреациялық аудандарды бөліп айтуға болады. Олар жағымды демалыс пен туризмнің дамуына әсер етеді. Туризмді дамытудағы ең негізгі қолайлы аудандар Қазақстанның шығысында орналасқан. Бұл жерде республиканың күрделі су жүйелері қалыптасқан – Арал теңізі, Балқаш көлі, Зайсан, Алакөл, Қапшағай және Шардара су қоймалары. Су температурасы 3-5 айға дейін су туризміне жарамды. Осы саланы дамытуда Балқаш пен Алакөлдің алатын орны ерекше. Қазіргі кезде бұл жерде су туризмі даму үстінде.

Шығыс пен Оңтүстік Шығыс өзінің әрқилы және кең ауқымды табиғатымен ерекшеленіп, бір-бірімен тығыз байланыста жатқан тау жүйелері Алтай, Жоңғар Алатауы және Тянь-Шань қалыптасқан. Бұл аудандар өзінің үлкен, көркем және әрқилы өсімдік, жануар әлемімен ерекшеленеді [3].

Қазақстан туризмінің дамуына өз септігін тигізетін әртүрлі ландшафтық өзгешеліктері бар аудандарды жатқызуға болады. Сонымен қатар, туризмнің дамуына өз әсерін тигізетін үлкен өзен өңірлері – Орал, Сырдария, Іле, Ертіс жатады.

Географиялық бағалау нәтижесінде Қазақстандық туризммен демалыстың дамуына 60-қа жуық туристік рекреациялық зоналар және олар барлық экономикалық аймақтың 10 облыстық территориясын қамтиды. Бұл зоналарда туризмнің көп саласы әрекет етуде. Оның ішінде танымдық, спорттық-емдік маршруттар, стационарлық демалыстар және жаяу жүріп өтетін, су арқылы, шаңғы тебу арқылы жүріп өтетін танымдық маршруттар бар. Осы көп профильді туризм саласына 4 аймақ жатады, олар:

Шығыс Қазақстанда – Зыряновск және Үлбі, Батыста – Орал және Оңтүстік Қазақстанда – Іленің орта таулы аймағы.

Қазір Қазақстан территориясында 500 шипажайлар мен демалыс орталықтары бар. Оның ішінен ең негізгі орын алатыны шипажайлы-профилакториялар (220 жоғары) және шипажайлар мен емдік пансионаттар (110 жуық). Жалпы шипажайлар мен басқа да демалыс орындарында бір жылда 1,5 млн. тарта адам демалуда.

Үлкен танымды емдік орталықтарға – Сарыағаш, Қапал-Арасан, Алма-Арасан және балшықпен емдейтін курорттарға – Моялды, Жаңақорған, Атырау жатады. Сонымен қатар, әйгілі атаққа ие болған Алматы мен Щучье-Бурабай курортын Қазақстанның асыл маржаны деп атайды. Өйткені онда тек республика тұрғындары ғана демалып қоймай, шет елдерден келгендер де демалуда. Сонымен қатар Қазақстанымыздың солтүстік жағында туристік рекреацияның көптеген маңызды жерлері бар [4].

